КИСИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

# ҚОҒАМ және ДӘУІР

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

3/2008

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ



КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» журналы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің докторлық және кандидаттық диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі мамандықтар бойынша енгізілген:

**07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ**
**09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**
**23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ**





Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

КИСИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

*2004 жылдан бастап әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор
**Болат СҰЛТАНОВ**,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
**Нұрлан СЕЙДІН**

**Шығаруға жауапты:**
*Ү.Нысанбек*

**Дизайн және беттеу**
*Г.Хаткулиева, А.Садвакасов*

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 ж. 19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы № 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп басқан, микрофильмдеген жағдайда журналға сілтеме жасалынуы міндетті. Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы «Школа XXI века» ҚБ баспаханасында басылып шығарылды. 050010, Алматы қаласы, Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.






ҒЫЛЫМИ ЗАЛ НАУҚНАМ ЗАЛ 14.11.08


**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН**

**Нұрлан Сейдін**
Елбасы Жолдауындағы Қазақстанның сыртқысаяси басымдықтары ........................... 4

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК**

**Марат Нұрғалиев**
АҚШ пен НАТО-ның ланкестікке қарсы күресі.................................................10

**ІШКІ САЯСАТ**

**Ерболат Сейлеханов**
Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің дамуы мен қазіргі жағдайы...............................15

**Ержан Исақұлов**
Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті қазіргі заманға сай реформалау мәселесі...........................................................22

**Айнұр Сыдықова**
Қазақстан Республикасының үкіметі адам саудасына қарсы әрекет жүйесінде..................27

**Ақмарал Ысқақ**
Қазақстан Республикасында іс жүргізуді мемлекеттік реттеу ..........................................34

**Айдос Садуақасов**
Латын графикасына көшудің тарихи-тілдік және мәдени аспектілері: саяси талдау ....................44

**Дастан Көшербаев**
Қазақстан интеллектуалды элитасының қалыптасуының ерекшеліктері.........................49

**ЭКОНОМИКА**

**Әдемі Ерасылова**
Қазақстан Республикасы әлеуметтік дамуының қазіргі кездегі қарқыны ....................57

Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ





## ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

**Сапар Оспанов**
Мифи-діни дүниетанымдарды ғылыми талдаудың
танымдық-практикалық мәселелері ................61

**Айжамал Құдайбергенова**
Ұлттық-саяси элита өкілдерінің кеңестік биліктің орнығуы барысындағы көші-қон процестеріне байланысты ұстанымдары.........68

**Алтынай Журасова**
Қазақстан қалалар тарихының мәселелері: зерттелуі мен перспективасы ..........................78

**Балташ Қаріпов**
XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында ресейлік саяси ойдағы заңның жоғары тұру қағидасы ..........................................................85

**Досбол Байғонақов**
Ежелгі тайпалардың орналасуы тарихнамасынан. І-бөлім..................................89

**Бақыт Ақтаулова**
Таяу Шығыс шиеленісі тарихындағы 1967 ж. «алты күндік» маусым соғысы .........................96

**Назия Тасилова**
Қазақ жерін зерттеген Ф.А. Щербина (1896-1903 жж) экспедициясындағы Ә.Н.Бөкейханның қызметі ............................ 101

**Құралай Болысова**
Мәңгүрттік: тарих және бүгінгі күн................. 106

**Түйіндеме** .................................................... 112



## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ақпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Санат КӨШКІМБАЕВ – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
Қуанышбек ҚАРАЖАН – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ – ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН – ҚР сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор
Болат ТЛЕПОВ – Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН – ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК – декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Санат КУШКУМБАЕВ – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
Куанышбек КАРАЖАН – заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Абдумалик НЫСАНБАЕВ – директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН – министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор
Болат ТЛЕПОВ – заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима г. Алматы, кандидат политических наук
Айгуль ТУЛЕМБАЕВА – заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

# Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауындағы Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары

**Нұрлан СЕЙДІН,**
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауы – бұл еліміздің әлемдік қауымдастықтағы орнын анықтап, оның позитивтік беделін арттыру мен мемлекеттің қарқынды дамуына ықпал ету мақсатында басталынып отырылған саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың тереңдетіле жүргізілуінің жаңа кезеңінің бастамасы болып отыр. Президенттің «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауы мемлекеттік заң шығару және атқарушы биліктің атқаратын міндеттеріне қатысты саяси, әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық, қәуіпсіздік және сыртқы саяси бағыттардағы мақсаттарымызды айқындап, орындалуын талап ететін құжат болды.

Жалпы, мемлекет басшысының Жолдаулары – бұл еліміздің қазіргі заман тарихындағы елеулі оқиға. Елбасының жаңа Жолдауымен таныса отырып, оның бұрынғы Жолдаулармен астасып жатқан, еліміздің, халқымыздың бүгіні мен болашағын айқындайтын тұғырлы еңбек екенін көреміз. Президенттің осы жолғы Жолдауында еліміздегі шешімін таппай отырған немесе қажетті жағдайда көтерілмей отырған ішкі мәселелер қарастырылған. Жолдауда еліміздің тұрақтылығына ықпал ететін жағдайлар нақты көрсетіліп, оларды шешу мүмкіндіктері де айқындалған. Баса көрсететін жайт, ол жолдаудың ешқандай да идеологияға сүйенбей, бос сөзсіз құрғақ та, нақты мәселелерге тоқталуында болып отыр. Құжатта алға қойылған мәселелрді шешу бағдарламасы, оған қажетті шаралар мен осы мәселеге қатысты сандық көрсеткіштер баяндалған. Президент Н.Ә. Назарбаев ҚР Парламенті палаталарының біріккен отырысында халыққа жолдауын жариялай келіп, «Қазақстан демократиялық даму заңдылықтары мен қағамның дәстүрлі дамуына негізделген саяси мемлекеттік құрылым моделін жетілдіруді жалғастырады» - деп мәлімдеді. Елбасы мемлекетіміздің жүріп өткен жолына жоғарғы баға бере отырып, «Тәуелсіздіктің 16 жылында біз қоғамдық





тұрақтылықтың өзіндік үлгісін жасадық, қазақстандық сәйкестілік пен патриотизмді қалыптастырдық. Бұл біздің қазақстандық жаңалығымыз, біз онымен мақтанамыз және де қорғауға міндеттіміз» - деп атап өтті. Сонымен қатар, «мемлекетімізді одан әрі нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экономикасының ұдайы дамуы үшін қоғамда тұрақтылық, бейбітшілік және келісім болуы керек. Біз өз жолымызбен келе жатқанмен де ешбір елден адам бостандығы мен құқықтарын қорғау жағынан артта қалғанымыз жоқ, болашақта да даму жолында біз еліміздегі тұрақтылықты негізгі ұран етіп аламыз» - деп ескертті. Мемлекет басшысы Парламент құрамындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланған депудаттарға еліміздегі ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау үрдісінде ерекше рөл атқаруды тапсырды.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауын жариялай отырып, өзінің елбасы екенімен қатар, халық мойындаған көсбасшы екенін де дәлелдейді. Сондықтан да ол мемлекетіміздің дамуына қажетті және қолдануға болатын заң жобаларына қатысты ұлттық бағдарламаны ұсынды. Бұл негізінен Бюджет және жаңа Салық кодексіне қатысты айтылған мәселе болды. Президент өзі басшылық ететін «НұрОтан» партиясына нұсқаулар бергенімен де, бұл Жолдау бір партия ауқымынан артық, сондықтан да ол азаматтардың саяси көзқарастарына қарамастан жалпы халыққа бағытталған.

Сонымен қатар, Елбасының жариялап отырған шешімдері мен накты басымдықтары мемлекеттің қайта құрылуы, қалыптасуы мен нығаюына бағытталған стратегиялық ұстанымдарды айқындайды. 2008 жылғы Жолдау мемлекеттік нығаю мен тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік- экономикалық өзгерістерді арттыруға негізделген мемелекеттік даму бағдарламасын танытып отыр. Жолдаудың негізгі философиялық мағынасы халықты сыйлау мен Отанға деген сүйіспеншілікке тіреледі.

Бұл жолғы жолдаудың тағы бір ерекшелігі оның мәтініндегі мәселелердің сыртқы және ішкі саясатқа байланысты нақты бөлінбеуінде. Өйткені, елдің ішкі, сыртқы саясатындағы мақсаттар отанымыздың азаматтарының мүдделеріне қызмет ететіні айтылған. Біздің ойымызша, Жолдауда Қазақстанның халықаралық имиджі, оның әлімдік қауымдастықтағы орнын нығайту, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас пен ынтымақтастықты тереңдету және олармен байланысымызды ұлттық мүддеге сай реттеу мәселесіне байланысты ой-тұжырым нақты көрсетілген.

Қазақстан Президенті еліміздің сыртқы саясаттағы ұстанымдарының өзгеріссіз қалуы мен оның 16 жыл бойы сыртқы қауіптер мен қатерлерге тұрақты деңгейде тосқауыл болуы біздің сыртқы саяси доктринамыз бен қорғаныс саясатымыз дұрыстығын дәлелдейтін бірден-бір фактор болып табылатындығын атап өтті. Бұл мәселе біздің жақын және алыс шетелдердегі стратегиялық әріптестерімізге берілген үлкен белгі, өйткені осы жағдайдан- ақ Қазақстан саясаткерлерінің сыртқы және ішкі саясатта қандай іс-шаралар жргізетінін көруге болады. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Біздің сыртқы саясатымыз тіпті ең қиын мәселелердің өзінде дұрыс ортақ шешім табуға болатындығы

қағидасына негізделеген. Біз Ресей, Қытай, Орталық Азия елдерімен саяси және экономикалық ынтымақтастықтарымызды одан да ары нығайта отырып, аймақтың қауіпсіздігі мен өзара ынтымақтастықты арттыру үшін мызғымас негіз жасауымыз керек»- деп айтты.

Жалпылай айтқанда, Қазақстан басшылығының 2007 жылығы сыртқы саяси ұстанымдары қалыптасқан көп бағытты дипломатия негізінде өрбіді. Қазақстан Республикасы дәл осы саясаттың арқасында өзінен бірнеше есе күшті Ресей, АҚШ, Қытай секілді мемлекеттер арасында өз мүддесін қорғап, ұтымды іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік алған. Осы көп бағытты саясаттың жетістіктері ретінде Қазақстанның халықаралық статусының көтерілуі мен Президент Н.Ә.Назарбаевтың алдыға қойған мақсаты – Европалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) жетекшілік ету мәселесіне қол жеткізіліп отыр.

Соған қарамастан, Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі стратегиялық бағыты Орталық Азия аймағы болып қалады. Қазақстан бұрынғы Кеңес одағы қол астындағы мемлекеттер арасындағы бірігу үрдісін жақтайтын тарап ретіндегі өз позициясын нығайтуды жалғастырды. Елбасымыздың Орталық Азия елдерінің одағын құру идеясы аймақтың мүлгіген жағдайына жаңа серпін беріп, өзінің саяси - экономикалық потенциалын анық байқатты. Қазақстан экономикасы да сыртқы саяси стратегияның жолымен көрші мемлекеттердің шаруашылық құрылымына ене бастады. Астана қазіргі таңда өзіндік саяси ойын жүргізе алатындай сыртқы саяси ресурсқа ие бола отырып, геосаяси жағдайдың қолайлылығын пайдаланып Орталық Азиядағы беделін көтеруді мақсат етті.

Қазақстанның беделінің өскендігі ШЫҰ, ЕврАзЭО, пен ТМД секілді аймақтық интеграциялық моделдер жұмысынан байқалады. Қазақстан қатысып отырған барлық маңызды құбыр тарту жобалары Ресей, АҚШ, Қытай мемлекетерінің қарым-қатынасындағы стратегиялық мәселелер болып отыр. Сонымен бірге, Қазақстанның халықаралық сахнадағы беделінің өсуіне оның аймақ мемлекеттерімен арадағы су-энергетика комплексі, экологиялық жағдайдың нашарлауы, жұмыссыздық пен ланкестілік, есірткі саудасы секілді мәселелерін шешуде бір-бірінің мүдделерімен санасуы тікелей әсер етеді және де осы мәселе көп алаңдаушылық туғызуда.

Мемлекет басшысы ел экономикасының дамуының негізі болатын көліктік инфрақұрылымды одан ары дамытуды сыртқы саяси және сыртқы экономикалық саясаттың басымдылығы ретінде көрсетті. Өйткені, Қазақстан секілді Евразияның ортасына орналасқан мемлекет өзінің географиялық орнын Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы көпір ретінде пайдалануы керек. Теңізсу жолына жығуға мүмкіндігі жоқ мемлекет үшін аймақтық тиімді көлік және транзиттік инфрақұрылымды дамыту өте маңызды стратегиялық мақсат болып табылады. Бұл мақсат Қазақстанның аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастық орнатудың комплекстік шараларын қалыптастыратын еліміздің министрліктеріне өте үлкен сын болып отыр.





Сонымен қатар, Қазақстан Президентінің сыртқы саяси басымдықтардың ішінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ) көлік, энергетика және аймақтық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастықтың көпсалалы құралына айналдыру мәселесі ерекше орын алады. Сондықтан да Қазақстан үшін ШЫҰ мүше-мемлекетерімен энергетика саясатын талқылауға байланысты келіссөздер жүргізу мәселесі туындады. ШЫҰ мемлекеттері арасында энергетикалық клуб құру жобасы Қазақстан беделін көтеретін көптеген жобалардың бірі болып табылады. Энергетикалық саясат Қазақстанның көп бағытты саясатының негізгі ұстанымының бірі.

Қазақстан әлі де болса Президенттің өз Жолдауында көрсеткен тапсырмаларын басшылыққа ала отырып, аймақтық қауіпсіздікті нығайту, ірі аймақтық ойыншылармен (АҚШ, РФ,ҚХР) ынтымақтастық жолдарын диверсификациялау мен аймақтағы беделін көтеру жолында көп жұмыстар атқаруы қажет. Осыған байланысты, біздің сыртқы істер министрлігіміз тараптардың мүдддесінің тепе-теңдігін сақтау жолдарын іздеу, Орталық Азия аймағындағы сыртқы саяси, экономикалық және әскери шаралардың негізгі бағыт-бағдарын үйлестіру және Қазақстанның халықаралық үрдістердегі белсенділігін арттыруға қатысты жұмыс істеп жатқан ұйымдардың мүмкіндіктерін саралауы қажет. Әлемнің ірі мемлекетерімен арадағы екіжақты байланыстарға келер болсақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың өте жоғарғы қарқында дамуын айтуға болады. Осы жылдың қаңтарында Қытай еліне ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев бейресми сапармен барып қайтса, одан соң бұл елде Сенат төрағасы Қ. Тоқаевтің басшылығымен ҚР Парламентінің Сенатының делегациясы болып қайтты. Ал 2008 жылдың көктемінде Пекинде болып қайтқан ҚР Премьер- министрі К. Масимов екі ел ынтымақтастығының мен екі жақты байланыстардың тұрақты дамып отырғандығын көрсетеді. Мысалы, 2007 жылғы екі ел арасындағы сауда айналымы 14 млрд. $ құрап, 2006 жылмен салыстырғанда 65% өскен. Екі мемлекет арасындағы байланыстар қоғамның мәдениет, оқу-ағарту сияқты салаларын да қамтып отыр. Мысалы, Л. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық Университетінде Конфуций орталығы ашылса, Сенат төрағасы Қ.Тоқаевтың іс-сапары барысында Пекинде Қазақстан мәдениеті орталығын ашу келісілген. Президенттің халыққа Жолдауында мемлекеттік деңгейде бақылауда болатын мәселелер айтылған. Осындай мәселелердің бірі «Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбырының екінші саласын бітіру мен шикізатқа жатпайтын жобаларды қаржыландыру қорын ұйымдастыру болды. Қазіргі таңдағы әлемдік нарықтың тұрақсыздығын ескере келіп, жанымыздағы тұтынушылығы тұрақты және ауқымды Қытай Халық Республикасына көңіл бөлген жөн. Қазақстан өзінің 2012 жылы Астана және Алматы қалаларында Азия ойындарын өткізетінін ескере отырып, Пекин Олимпиадасынан көптеген сабақтар алды. Осы жағдайға байланысты Пекин Олимпиадасының Ұйымдастырушылық комитетінің олимпиада алауын Алматы арқылы өткізуінің саяси және информациялық мағынасы зор болды деуге болады.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ жетекшілік ету мәселесіне байланысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Европаға жол» атты бағдарлама жасауды тапсырды. Бұл стратегиялық жоба тұғырнамалық мағынада болады. Қазіргі Европа өзгеріс үстінде, ол жердегі институттар, механизмдер мен жалпы аймақтық интерграцияның мағынасы өзгерген. Ұлттық шаруашылықтардың араласуы нәтижесінде ЕО ұлтаралық органдары күшейді. Бұл органдарға әр мемлекет өз егемендігінің бір бөлігін береді. Нәтижесінде әлеуметтік, саяси, экономиаклық, гиманитарлық және тағы да басқа мәселелерді шешетін ұжымдық орган пайда болған. ЕО мемлекеттерінің халқы европалық интеграцияны қабылдап, ондағы ортақ органдардың жұмысына кедергі келтіріп отырған жоқ. Осы одақтың жұмысынан бұрынғы Кеңес одағы қол астындағы мемлекеттердің интеграциялық үрдісте алар сабағы көп. Сондықтан да жасалып жатқан «Европаға жол» бағдарламасы европалық интеграция тәжірибесінің жетістіктері мен бағыттарын енгізіп, зерттей отырып, өзіміздің интеграциялық аймағымызға пайдалану мүмкіндіктерін қарастыруымыз керек.

Қазақстанның ЕҚЫҰ жетекшілік ету мәселесіне байланысты саяси және қоғамдық қайраткерлердің, ғалымдардың, сарапшылардың, саясаткерлер мен қарапайым азаматтардың көптеген мақалалары жарық көріп, ой-пікірлері айтылды. Қазақстанның жетекші тұрғысындағы жұмысының бағыттары мен тақырыбына байланысты әр түрлі ұсыныстар келуде. Бірақ, СІМ мен басқа да жауапты атқарушы құрылымдар мағынасы жоқ көп тақырыптарды талқылай бермей, өзіміздің ұлттық стратегиялық мүддемізге сай келетін және де европалық мемлекеттерді қызықтыратын маңызды бір мәселені таңдап алғандары дұрыс. Осы мәселені талқылау барысында ЕҚЫҰ жетекшілігіне Қазақстанның таңдалып алынғаны дұрыс шешім болғандығын дәлелдей отырып, өзіне жүктелген халықаралық міндеттерді тиянақты орындау арқылы Европа мен әлемдегі беделін көтеруі қажет.

Қазақстанның ЕҚЫҰ жетекшілік етуіне байланысты жасалынып жатқан жобада ЕҚЫҰ мен оның құрылымдарындағы жұмыстың негізгі бағыттарын көрсеткен жөн. Сонымен қатар, Қазақстан өзінің ТМД елдерінен екенін ескеріп, ТМД мемлекеттерінің бірлесіп жасаған ұсыныстарын тарта отырып, қателіктерге бой алдырмауы керек. ЕҚЫҰ мүше-мемлекеттерінің әр қайсысының өз тарихы, менталитеті, өзіндік мүдделері мен кеудемсоқ мақсаттары бар екенін ұмытпау қажет. Сондықтан да ЕҚЫҰ 2010 жылғы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пәтуаға (консенсус) келу қиын мәселе екені белгілі. Осыны ескере отырып, бағдарламаның жобасында ынтымақтастықты Европаның ірі тұрақты дамып отырған мемлекеттерімен қатар, ЕО пен НАТО құрамына жаңадан кіріп, белсенділік танытып отырған Шығыс және Орталық Европа елдерімен де қарқынды дамыту мәселесі қаралу керек. Қазіргі таңдағы ЕҚЫҰ үшін және жалпы әлем үшін қауіпсіздік мәселесі бірінші орында тұрғандықтан, ұйымға мүше-мемлекеттердің ортақ отырысында осы мәселені тақырып ретінде алған дұрыс. Сонымен бірге, 2010 жылы Астанада өтетін әлем діндерінің ІІІ құрылтайына ЕҚЫҰ Қазақстанмен бірге тең дәрежеде жетекшілік етуге шақыру дұрыс шара болар еді. Бұл мәселе ождан еркіндігін





белсенді уағыздайтын европалық елдерде қолдауға ие болары даусыз. Европалық статистика институтының әлеуметтанушыларының жүргізген зертеуі бойынша, бүгінгі таңда ислам Европа елдеріндегі жылдам таралып жатқан дін. Архиепископ Кентерберийскийдің Ұлыбритания заңдар жүйесіне шариат заңдарын енгізу ұсынысы қарсылық туғызғанымен де, дәл осындай шаралар Дания мен Финляндияда қолдау тауып отыр. Финляндия елдеріндегі ислам қауымдастығының саны көбейіп, саяси күшке айналған. Ислам дінін ұстанатын азаматтар үшін полиция, қоғамдық көлік, әскери күштер құрамдары арнайы киім үлгісін жасап, солдаттар азығы қорынан шошқа еті алып тастаған. Швецияда бірнеше қоғамдық ұйымдар мемлекеттік университеттерде имамдар дайындау курстарын ашуды ұсынды. Бұл ұсынысты халықаралық ислам қорлары да қолдап отыр. Финляндияда Ислам партиясын тіркеу үшін дауыс жинау үрдісі басталған. Хельсинки, Турку, Тампере секілді ірі қалаларда мұсылмандар бірнеше депутаттық мандат жеңіп алуды жоспарлаған. Ислам партиясы мектептерде Құранды оқыту, мешіттер салуды жандандыру мен муниципальды медициналық қызметінің тізіміне сүндетке отырғызу секілді шараларды іске асыруды мақсат еткен. Бір таңқаларлығы, мұсылмандар санының көбеюіне Магриб пен Азиядан қоныс аударушылар әсер етіп отырған жоқ. Негізінен жаңа мұсылмандар жергілікті халық арасынан шыққандар болып отыр. Олардың белсенділігі демократиялық дәстүрдің тұрақтылығын танытады. Осыған қарамастан, Европаның барлық мемлекеттерінде мұсылмандар мен христиандар арасындағы қақтығысқа негізделген діни қарсылықтың қауіпін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан да бұл мәселені Европаның қауіпсіздігіне қатысты күн тәртібінен алып тастауға болмайды. Бұған қаса, христиандық Балқан түбегінің ортасында қолдан жасалынған мұсылмандық Косово мемлекетінің құрылуы жағдайды одан ары шиеленістіре түсті. Қазақстанның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі болып отырған ұлтаралық татулық пен діни келісім мәселесін Астана ЕҚЫҰ жетекшілік барысында күн тәртібінің тақырыбы ретінде алып, өзара тәжірбе алмасуға қолдануына болады.

Әрине, ЕҚЫҰ жетекшілік етуге дайындық жасау күрделі мәселе. Қазақстанға аймақтық ойлау мен ЕҚЫҰ болашағы мен мақсаттарына жауапкешілікпен қарауды қалыптастыру керек. Әлемдік стандарттарды енгізу, жағдайды толыққанды қабылдау, өзіңе жүктелген жауапкершілікті жоғарғы деңгейде сезіну мен ЕҚЫҰ елдерінің құрметі Қазақстанның халықаралық сахнадағы беделін көтереді.

ҚР Президентінің Жолдауындағы көрсетілген Қазақстанның сыртқы саяси стратегиялық басымдылықтары Орталық Азияның «шахмат тақтасындағы» негізгі ойыншылардың біріне айналуды мақсат етіп, өзінің дәстүрлі жолымен келе жатқан мемлекетіміздің ұлттық мүдделерінен туындап отыр. Аталынған аймақтағы дәуірлер алмасуы, геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы, мемлекеттердің өз позициялары мен басымдылықтарын айқындау барысында Қазақстан ешкімнің мүддесіне қайшы келмей, Орталық Азия мен әлемдегі өзінің саяси, экономикалық және де қоғамның басқа салаларындағы орнын нақтылау үшін мықты іргетас орнатуда. Сыртқы саясаттағы басымдықтарымызды жүзеге асырудағы дұрыс шешім қабылдау Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі болады.

# АҚШ пен НАТО-ның ланкестікке қарсы күресі

**Марат НҰРҒАЛИЕВ,**
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
аға ғылыми қызметкері

Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымы (НАТО) АҚШ-тың халықаралық ланкестікке қарсы күрестегі негізгі одақтастарының бірі болып табылады.Қазіргі кезде бұл ұйымның құрамында Солтүстік Америка мен бүкіл Европа территориясындағы 26 мемлекет мүше болып отыр. Бұл территориядағы халық саны 850 млн. адамнан асады. Сондықтан да НАТО-ның қамтитын аймағының ауқымдылығы мен құрылым жағынан әскери ұйым екендігін ескерер болсақ, оның әлемдегі саяси және әскери ықпалын танып білу қиын емес.

НАТО-ның алғашқы кезде Кеңес Одағының әскери және саяси кеудемсоқ саясатына қарсы ұйым ретінде құрылғандығын еске алып, оны қазіргі кездегі ұйымның жағдайымен салыстырсақ көп өзгеріске түскенін көреміз. Кеңес Одағының ыдырауы мен «қырғи қабақ соғыстың» аяқталуынан соң, НАТО басшыларының ұйымның болашағы мен оның мақсаты туралы мәселені қайта қарауына тура келді. Нәтижесінде ұйымның мақсаты мен міндеттері кеңейтіліп, НАТО-ның өзін-өзі стратегиялық қайта бағалау үрдісі орын алды.Ұйымның бұл өзгерістері іс жүзінде оның шығыс Европа және Балтық теңізі елдеріне қатысты шығысқа кеңеюіне алып келді.

Ал НАТО-ның белсенділігі мәселесіне келер болсақ, ол бүкіл әлемді қамтып отыр. М.Лаумулин атап өткендей, НАТО қазіргі таңда өзінің саясатын Балқан түбегі, Оңтүстік-Шығыс Европа, Жер орта теңізі аймағы, Солтүстік және Орталық Африка, Таяу және Орта Шығыс, Қара теңіз, Шығыс Европа (ТМД), Кавказ, Орталық Азия, Ауғанстан, Азия-Тынық мұхиты аймағы мен Оңтүстік-Шығыс Азия аймақтарында белсенді жүргізіп отыр. «Солтүстік Атлантикалық альянс өз белсенділігінде әскери операциялар, бейбітшілік орнату шаралары, шұғыл бақылау, стратегиялық жоспарлау, шұғыл жағдайдағы әскери кезекшілік, тактикалық және стратегиялық барлау секілді шараларды орындауда. Оның бұл шаралары негізінен бүкіл әлемді, оның ішінде әсіресе ұйымның стратегиялық және тактикалық мүдделері бағытталған Европа мен Евразия аймағында жүргізілуде» [1,с.148]. Осылайша, НАТО жүргізіп отырған шаралар АҚШ- тың әлемдегі өзінің геосаяси және стратегиялық мақсатарына жетуіне мүмкіндік береді.

АҚШ пен НАТО байланыстарының негізгі бағыттарының бірі әлемдік ланкестікпен күрес мәселесі. АҚШ президенті Дж.Буштың сыртқы саясатының негізгі бағыты ланкестікке қарсы жаһандық күрес жүргізу екенін білеміз. Сондықтан да НАТО Вашингтонның стратегиялық ойларын іске асырудағы негізгі құрал болып отыр. Осылайша Солтүстік Атлантикалық альянс АҚШ-тың ланкестікке қарсы екі компаниясына да қатысты. НАТО Ауғанстанда қауіпсіздікті қамтамасыз (ISAF) ету шараларымен айналысса, Ирак жерінде Құрама Штаттар басшылығындағы коалиция күштері құрамындағы көпұлтты поляк дивизиясына көмек көрсетуде.





**Ауғанстандағы НАТО-ның қызметі**

НАТО өзінің әскери күшін ұйымның ортақ жауына қарсы операцияда байқап көруіне 2001 жылы жағдай туды. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі ланкестік әрекеттен соң, алғашқы рет альянс мүшелері Солтүстік Атлантика келісімі жарғысының 5 бабын жүзеге асыруға шешім қабылдады. Бұл бапта, «Келісімге қол қойған мемлекеттердің Солтүстік Америкада немесе Европада біреуіне немесе бірнешеуіне шабуыл жасалса, бұл шабуыл жасаушылық келісімге келген тараптарға ортақ жау әрекеті деп саналады және де осындай жағдай орын алған болса жеке немесе ортақ қорғану құқығын жүзеге асыра отырып, (Біріккен ҰлттарҰйымының Жарғысының 51 бабына сәйкес), шабуыл жасалған тарапқа немесе тараптарға келісімге сәйкес бірден жеке немесе бірігіп көмек көрсетуге әрекеттену, қажет болған жағдайда Солтүстік Атлантика аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қалпына келтіру үшін әскери күш қолдану жүзеге асырылады.....» [2]. Нәтижесінде НАТО 11 қыркүйектегі ланкестік әрекетке жауап ретінде Ауғанстан жерінде «Бүркіттің көмегі» (Operation Eagle Assist) және «Белсенді әрекет» (Operation Active Endeavor) шараларын жүзеге асырды. Осылайша, НАТО алғаш рет өз тарихында өзінің дәстүрлі жауапты аймағы Европа мен Америкадан тыс жерде әрекет етті.

НАТО қазіргі кезде де Құрама Штаттарға Ауған жеріндегі ланкестікке қарсы шараларды іске асыруға көп көмек көрсетуде.Ұйымның Ауғанстан жеріндегі негізгі қызметі осы мемлекеттегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мен Х.Карзай билігіне қолдау көрсету болып отыр. Сонымен қатар, НАТО соғыс кезіндегі бұзылған инфрақұрылымды қалпына келтіру мен тиімді мемлекеттік басқаруды орнатуға көмек көрсетті. Альянс басшылары НАТО үшін Ауғанстан мәселесі басым саясат екендігін айтқан. НАТО-ның бас хатшысы Яап де Хуп Схеффердің мәлімдеуінше, НАТО-ның Ауғанстандағы қызметі альянстың осы күнге дейінгі жүргізген шаралары ішіндегі ең маңыздысы және де бұл ұйымның халықаралық қауіпсіздікке қосқан зор үлесі болған деп көрсетеді. Шындығында да, Ауғанстан мәселесі НАТО үшін өз тарихындағы ең ауқымды сынақ болғаны мәлім және де ISAF қызметінің халықаралық қауіпсіздікті нығайтқаны да шындық. Ауғанстан жеріндегі АҚШ-тың іс-шараларына қаншама сын айтылғанына қарамастан, НАТО секілді ұйымның бұл елде өз әскерін орналастыруы жаһандық қауіпсіздікті нығайтпағанмен де аймақтағы тыныштықтың тұрақтануына әсер еткені даусыз мәселе. Біріншіден, Орталық Азия аймағы елдері үшін қарым-қатынас орнатуға талибандардан қарағанда Ауғанстанның қазіргі өкіметі тиімді. Екіншіден, Батыстың және АҚШ-тың тиянақты және ұзақ мерзімге негізделген саясаты негізінде Ауғанстанның бейбіт те, тұрақты дамуға көшуі мүмкін. Ауғанстанның географиялық орналасу жағдайы Оңтүстік және Орталық Азия елдері арасындағы сауданың дамуына қолайлы жағдай тудырады. Сонымен қатар, Орталық Азиядан Оңтүстік аймаққа Ауғанстан жері арқылы тартылатын бірнеше газ құбырларына қатысты жобалардың бар екендігін айтып өткен жөн. Әрине, бұл мәселелерді шешу үшін Ауғанстан жерінде әскери - саяси тұрақтылықтың болғаны қажет.Осыны мақсат тұтқан НАТО өзінің одақтастары арқылы тұрақтылық пен қауіпсіздік шараларын жүргізіп отыр.

Ресми мәлімдемелер бойынша НАТО Ауғанстанда негізінен үш бағытта жұмыс атқаруда:

1. Халықаралық күштердің қауіпсіздікті орнатуын жүзеге асыру (ISAF) - әлемнің 40 елінен келген 52 700 адамнан тұратын әскери контингент жергілікті

инфрақұрылымды қалпына келтіру мен тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы ауған басшылығына олардың халық арасындағы беделін көтеру мен билігін орнықтыруға қатысты қолдау көрсетуде. ISAF 2001 жылдың желтоқсанында құрылды, ал НАТО олса оған 2003 жылдың тамызынан бері басшылық ете отырып, өзінің осы елдегі беделін көтеруде. Қазіргі кезде саяси басшылық пен шараларды жүйелеу-жоспарлау жұмысымен Солтүстік Атлантикалық Кеңес айналысады. ISAF-NATO 2006 бастап шығыс Ауғанстан жеріндегі халықаралық әскери күштерге басшылық ете бастады. Бұл кезге дейін халықаралық коалицияға АҚШ жеке басшылық етіп келген еді. Нәтижесінде, НАТО бұрындары ауған территориясының 50 пайызында ғана (батыс пен солтүстік аймақтар) ғана қауіпсіздікті қамтамасыз еткен болса, қазіргі кезде оның бақылауына бүкіл Ауғанстан жері өтіп отыр [2].

2. Бас азаматтық өкіл қызметі (Senior Civilian Representative) НАТО-ның ауғанстан жеріндегі іс-шараларының әскери-саяси бағыттарын жетілдендірумен айналысады. НАТО-ның Бас азаматтық өкіл қызметі 2003 жылы альянстың Ауған жеріндегі саяси мүдделері үшін жасалынды. Бұл өкілді тікелей НАТО-ның бас хатшысы тағайындайды. Оның өкілеттілігі уақытпен шектеліп, Ауғанстан жеріндегі саяси жағдайға байланысты жаңартылып отырады. Бас азаматтық өкіл ISAF- пен бірігіп жұмыс істей отырып, Ауғанстан жеріндегі жағдайды қатаң бақылауында ұстайды және де НАТО-ның Штаб-квартирасы мен Солтүстік Атлантика Кеңесіне мәлімдеме жасайды. Ол НАТО-ның жергілікті халық арасындағы беделінің көтерілуіне әсер ететін НАТО - Ауғанстан қатынастарының даму мүмкіндіктері туралы Кеңеске өз ұсыныстарын білдіреді. Бас азаматтық өкіл ауғанстан үкіметі өкілдерімен және де осы мемлекетте қызмет етіп жүрген басқа да халықаралық ұйымдар (БҰҰ,ЕО) өкілдерімен байланыс жасап тұрады. Сонымен қатар бас азаматтық өкіл Ауғанстанмен көршілес елдермен, ауған жеріндері азаматтар мүддесін қорғайтын мемлекеттік емес ұйымдармен де байланыста болады [2].

3. Ауғанстанмен ынтымақтастық бағдарламасы – 2006 жылдың 6 қыркүйегінде НАТО-ның бас хатшысы Яаап де Хуп Схеффер мен Ауғанстан президенті Х.Карзай ұзақ мерзімдік ынтымақтастық пен серіктестікке бағытталған құрылым құру туралы «НАТО мен Ауғанстан Ислам Республикасы декларациясына» қол қойды. Осы деклорацияға негізделген НАТО-ның жаңа бастамасы – НАТО мен Ауғанстан арасындағы ұзақ мерзімге негізделген ынтымақтастық бағдарламасы жүзеге аса бастады. Қазіргі уақытта аталынған бағдарлама Ауғанстанның қорғаныс реформаларын, әскери институттар құру мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әскери реформаларды талқылау секілді мәселелермен айналысуда. Бағдарлама сонымен қатар, НАТО мен Ауған Ұлттық Әскері арасындағы байланысты дамыту мәселесін де қарастырады [2].

Осылайша, НАТО Ауғанстандағы қауіпсіздік мәселелерін шешуде комплекстік әдістеме қолданып отыр. Қазақстандық ғалым М.Лаумулин: «Ауғаныстан қазіргі таңда альянс жүргізіп отырған ең үлкен әскери және бейбітшілік орнату операциясының орны. Мәселенің ерекшелігі бұл аймақ НАТО бақылау жасайтын Балқан түбегі немесе Жерорта теңізі аймағынан тысқары жатыр. Біз бұдан НАТО-ның өз шекарасын кеңейтуі мен бұл елде ұзақ уақыт қалу себебінен жағдайдағы геосаяси астарды байқаймыз. НАТО-ның Ауғанстан жерінде орналасуы Орталық Азия, Ресей, Қытай, Пакистан және Үндістан секілді елдерге тікелей әсер етеді. Бірақ, қазіргі күнге дейін бұл үрдіс тұрақтылықты сақтап, позитивті нәтиже





беріп келді. Бұл негізінен Орталық Азияға тікелей қатысты.» Осыдан байқап отырғанымыздай, АҚШ НАТО-ны Ауғанстан жеріндегі шараларға араластыру арқылы оның әскери-саяси мүмкіндіктерін өз пайдасына жаратып отыр.

## НАТО-ның Ирак жеріндегі қарекеті

Солтүстік Атлантикалық альянс Ирак жеріндегі ланкестікпен күресте негізгі орында емес, ол тек ланкестікке қарсы халықаралық коалицияға көмекші қызметін атқаруда. НАТО-ның Ирак жерінде көмек шараларын жүргізуі 2004 жылы Бағдадтағы уақытша үкіметтің сұранысынан соң басталды. Ұйымның барлық мүшелері ирак миссиясына қатысып, жергілікті үкіметтің қауіпсіздік күштерін дайындауға және де қаржылай немесе техникалық көмек көрсетеді.

НАТО-ның Ирак жеріндегі миссиясының ерекшелігіне келер болсақ, альянс ешқандай әскери шараларға қатыспай тек қана техникалық және материалдық көмек мәселесімен айналысады.

НАТО ирак қауіпсіздік күштерін дайындауды Ирактың территориясында немесе басқа мемлекеттердегі оқу орталықтарында жүргізуі мүмкін. Бұл дайындықтың негізгі мақсаты Батыстық стандарттарға сай офицерлер дайындау еді. Осындай дайындықтан өткен батыстық көзқарастағы офицерлер АҚШ, НАТО және Ирак арасындағы әскери-саяси қатынастардың ұйтқысы болады. Осы бағдарлама аясында 2004 жылдан бастап 2006 жылдың соңына дейін Ирак жерінде 4000, ал басқа мемлекеттер территориясындағы оқу орындарынан 934 офицер дайындықтан өткен [2].

Сонымен қатар, Солтүстік Атлантикалық альянстың атқарған негізгі жұмыстарының бірі – НАТО-ға мүше елдердің техникалық және құрал-жабдық түріндегі көмектерін екі жақты келісім арқылы жүзеге асыру болып табылады. Аталынған жұмысты НАТО-ның Штаб-квартирасында 2004 жылы құрылған оқыту және жабдықтарды жеткізу жөніндегі арнайы топ (NATO Training and Equipment Coordination Group) атқарады.

Бағдадтағы қызметі кезінде Солтүстік Атлантикалық альянс жаңадан Ұлттық Қорғаныс университеттін салды. Оны Бағдад қаласына орналастыру мәселесін Солтүстік Атлантикалық Кеңес шешкен болатын. Университетті 2005 жылдың 22 қыркүйегінде НАТО-ның Бас хатшысы Яаап де Хуп Схеффер мен Ирактың Премьер - министрі Әл-Жафари ресми түрде ашқан еді.

Бұған қоса, 2006 жылдың ақпанында Бағдад қаласында қарапайым азаматтар мен әскерилерге арналған Ағылшын тілін арнайы оқу институты ашылған.

Осылайша, НАТО-ның Ирак жеріндегі негізгі қызметі қаржылай және техникалық көмек көрсету арқылы Ирактың қорғаныс күштерін реформалай отырып, оларды Солтүстік Атлантика альянсының стандарттарына сәйкес дәрежеге жеткізу болып табылады.

Қазіргі уақытта Құрама Штаттар НАТО-ның ланкестікке қарсы күресте белсенді болуына қызығушылық танытып отыр. Бұл арқылы Вашингтон Ирак пен Ауғанстандағы жаһандық ланкестікпен күрестің жауапкершілігінен құтылу мен бейбітшілік орнату секілді ауыр жүкті НАТО құрамындағы өзінің сабақтастарына өткізіп беруді ойлауынан деп түсінеміз. «Бұл мәселеде Вашингтон егеменді Ирактың жаңа үкіметіне билікті берген соң бұл елдегі НАТО-ның ықпалының күшеюімен қатар, оның бүкіл Таяу Шығыста да белсенді болуы үшін саясат

жүргізуде. Ауғанстан мен Ирак жеріндегі операциялар жүргізу кезінде АҚШ өзінің барлық әскерінің жартысына жуығын Парсы шығанағы аймағына төкті. АҚШ-тың 33 әскери бригадасының 16 осы аймақта, негізінен Иракты жаулауға жұмылдырылды» [1,с.164].

Көріп отырғанымыздай НАТО АҚШ-тың дағдарыстан кейінгі жағдайда пайдаланатын негізігі тетігіне айналып отыр. Мысалы, НАТО Ауғанстан мен Ирактағы АҚШ жаулауынан соң қираған инфрақұрылым мен қауіпсіздікті қалпына келтіруде біршама жұмыс істегені белгілі.Осыған байланысты М.Лаумулин: «Ирактағы соғыс көрсеткендей, АҚШ белсенді емес, бірақ ұзаққа созылатын қақтығыс жағдайында қиындықтарға ұшырайтыны белгілі болы. Өйткені, оның ірі соғыстар мен шайқастарға арналып жасақаталған жоғарғы дәрежелі техникамен қаруланған әскері тиімсіз болып шықты. АҚШ соғыс жағдайындағы бірінші кезеңді, яғни тез арада басып алуды жүзеге асыра алғаныман де, оның екінші кезеңіндегі басып алынған территорияны бақылай алмайтындығын көрсетті. Міне, сол үшін де АҚШ-қа НАТО-ның халықаралық контингенті қажет еді. Ал бұл дегеніміз АҚШ-тың жаулау соғыстары үшін саяси коалиция қатар, нақты әскери операцияларға қатысатын одақтастар керек екендігін танытты» [1,с.153].

Ланкестікке қарсы күрестің белгілі бір кезеңіндегі НАТО-ның қажеттілігі мен АҚШ-тың өз әскерін альянс контингентімен ауыстыруы туралы өзбек ғалымы Ш.Ақмалов та айтып өткен. Ол АҚШ әскері Ауғаныстаннан шығарылғаннан соңғы кезеңде орын алатын қауіпсіздіктің әлсіреуін НАТО толықтыра алатынына сенімді. Соған қарамастан Вашингтон өзінің әскерінің бір бөлігін «Талибан» және «аль-Кайеда» содырлары басып кіретін оңтүстік-шығыс Ауғанстанда қалдыруды көздеп отыр. АҚШ басшылығы ең соңында бұл аймақтан да өз әскерін шығарып, оны альянс әскерімен ауыстыруды ашық айтып отыр [3,с.80-81].

НАТО-ның ланкестікке қарсы күресте АҚШ-қа көрсетіп отырған көмегінің Вашингтон үшін стратегиялық мағынадағы бірнеше артықшылықтары бар. НАТО көмегі арқылы АҚШ Ауғанстанды өзінің тікелей әсер ету аясында қалдырып отыр. НАТО-ның халықаралық әскери контингентін пайдалана отырып АҚШ өзінің бәсекелестері Қытай мен Ресейге қатысты стратегиялық ұстанымдарын нығайтты. Осы аталған факторлардың нәтижесінде АҚШ Орталық Азия аймағындағы саяси үрдістердің дамуына ықпал жасауға мүмкіндік алды[4,с.26]. Осылайша, НАТО халықаралық ланкестікпен күресте Вашингтонға көмектесуімен қатар, кейбір жағдайларда АҚШ-тың мүлткісіз жұмыс атқаратын геосаяси құралына айналып отыр.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике.Том II: Внешняя политика и стратегия США на современном этапе и Центральная Азия.- Алматы:КИСИ при Президенте РК,2006.-С.348
2. Официальның веб-сайт НАТО www.nato.int
3. Акмалов Шоислам. Афганистан: этапы урегулирования и последствия «постконфликтной ситуации»// Центральная азия и Кавказ.- 2006.-№3.- С.73-83.
4. Шаймергенов Тимур. Современные подходы НАТО к борьбе с международным терроризмом:афганский опыт//Analitic.-2005.-№6-С.23-27.






# Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің дамуы мен қазіргі жағдайы

**Ерболат СЕЙЛЕХАНОВ,**
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының кандидаты

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңарулар кезеңіндегі мемлекеттік биліктің жаңа сәулетін түзуде сот-құқық реформалары маңызды орын алады. Оның негізгі мақсаты – Қазақстанның жаңа даму жағдайына сай, өзінің тәуелсіздігімен, ұйымшылдығымен және кәсіби шеберлігімен ерекшеленетін сот жүйесін құру болып табылады.

Бұл экономикалық процестерді институционалдық-құқықтық қолдауды жақсарту арқылы ұлттық экономиканың біркалыпты дамуы үшін де, Қазақстанда билік тармақтарын бөлу мен теңестіру ұстанымдарына негізделген құқықтық демократиялық мемлекеттің қалыптасуы үшін де қажет. Барлық қоғамдық қатынстарға қатысушылардың заңды сақтауына және жанжалдар мен келіспеушіліктерді құқықтық тұрғыдан реттеуіне бағытталған сот жүйесі жұмысының тиімділігі мен объективтілігін арттыру келешектегі сот реформасына ықпал ететін маңызды аргумент болып табылады және ол халықтың әділеттілік пен азаматтардың мүддесін қорғаудағы кепілі ретінде мемлекетке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасындағы сот жүйесін қайта құрудың жолдарын зерделеу үшін, оның даму жолына, қазіргі жағдайына және осы жүйедегі орын алып отырған талдау жасау қажет.

Қазақстанның сот тармақтарындағы биліктің өзгеруі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толықтығы мен теңдігіне, биліктің заңды және конституциялық бөлінісінің қатаң сақталуына негізделген құқықтық мемлекет құру парадигмасына көшуімен анықталады. Осы мақсаттарға жету үшін сот билігінің тәуелсіздігін, әділеттілігін және обьективтілігін қамтамасыз ету, сот-құқық жүйесінің құрылымдарын қайта құру, сонымен бірге сот корпусын тағайындау мен мамандарды іріктеудің жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында сот билігін өзгертудің төрт кезеңін атауға болады.

Бірінші кезеңде - (1991-1995 жж.) обьективтік себептерге байланысты мемлекеттік машинаның аса кертартпа бөлігі болып кеңестік сот практикасының элементтерін [1] либералды-демократиялық бағыттағы [2] жаңалықтармен үйлестірген Қазақстан Республикасының өтпелі сипаттағы сот билігі жүйесі.

Сонымен қатар бұл кезеңдегі сот билігін қайта құру мынандай белгілермен анықталады:

- сот қызметін идеялогиясыздандыру;
- қоғамдық қатынастардың ағымдық өзгерyi барысында қалыптасатын нормативтік-құқықтық базаға келтіру;
- ұйымдық қайта құру ; [3]
- сот органдарын қалыптастырудың сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету міндеттеріне негізделген тәртібін өзгерту [4];
- Бұл кезеңдегі дамудың негізгі үрдісі бұрынғы сот жүйесінің конституционализм ұстанымдарына, құқықтың үстемдігіне, сот-құқық тәртібінің әмбебаптығына, азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандықтарының басымдығына негізделген жаңа мемлекеттік-саяси құрылымның шындықтарына бейімделуі болып табылады. Осыған байланысты сот билігінің өзгерістеріне мынандай факторлар айтарлықтай әсер етті: өкілетті және орындаушы билік тармақтарының үстемдікке ұмтылған күресі, президенттік басқару формасының нығаюы, саяси режимнің либералдануы, нарықтық шаруашылық қатынастардың енуі мен дамуы. Бұл процесстер мынадай көріністерге ие болды:
- Сот билігінің репрезентативтік билікке тәуелділігінің артуы (Кеңестердің соттарды сайлауы арқылы, сайлаушы органның келісімімен соттарға қол сұғушылықты шектеу);
- Сот төрелігінің орындалуына араласпауға, қолсұқпаушылыққа және тәуелсіздікке берілетін кепілдіктің конституциямен бекітілуі;
- Құқықтық мемлекет парадигмасына көшуде сот қызметінің және сот жүргізу формаларының мақсаттарының, міндеттері мен ұстанымдарының сипаттаранық өзгеруі;

Осы кезеңдегі сот жүйесіндегі ерекшеліктер ондағы үш ұйымдастырушы және функционалды сот билігінің жеке дара бұтақтары – Конституциялық сот, жалпы юрисдикция соттары, (шаруашылық юрисдикциясы бойынша) төрелік соттар болып табылады. 1995 жылғы [5] ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстандық сот құрылымы жүйелерін қайта ұйымдастыру барысында жойылған осындай сот жүйесіндегі «бытыраңқылық» Қазақстанда билікті орталықтандырудағы алауыздықтарға қайшы келді.

Осылайша, Сот билігіндегі өзгертулердің бірінші кезеңінің қорытындысы сот төрелігінің толыққандылығымен сипатталатын біртұтас әрі орталықтандырылған сот жүйесін құру болып табылды [6].

Екінші сатысында (1995-2000 жж.) өзгеру процесстерінің негізгі мазмұны сот органдарының репрезентативтік және атқарушы биліктен тәуелсіздігін нығайтумен қатар, сот билігін президенттік вертикальдің басымдылығымен анықталатын бірыңғай мемлекеттік билік жүйесіне енгізу болды.

Осыған байланысты сот билігіндегі ұйымдық құрылымдар, сот корпустарын құру тәртібі (мамандар іріктеуді қосқанда), соттардың қызметтік өкілеттігінің мерзімі, соттардың тәуелсіздігі мен обьективтілігін [7] қамтамасыз етуді күшейту, соттардың кәсіби ұйымдастырылуы [8], азаматтардың еркіндігі





мен құқығын сотпен қорғаудың өрісін кеңейту айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Президенттік билік режимін орнатуға және нығайтуға байланысты саяси сипаттағы себептер сот билігін өзгертуге ықпал еткен басты фактор болды.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің аталған кезеңдегі ерекшелігі - ұйымдық құрылымның орталықтандырылуы, соттар мен олардың құзырының (Конституциялық соттың құзырлық шеңберінен басқа) әмбебаптандырылуы және бұрыннан қалыптасқан сайланбалы ұстанымның орнына соттарды (Жоғары соттан басқа) тағайындау ұстанымының енгізілуі.

Кезеңнің қорытындысы: сот органдарының дербестігі мен конституциялық биліктің басқа тармақтарынан тәуелсіздігінің нығаюы, сот жүйесінің иерахиялануы, соттардың бақылау-тексеру қызметінің тиімділігінің артуы және сот жүйесінің қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сот билігінің кәсіби вертикалінің қалыптасуы.

Сот жүйесіне елеулі жаңалықтар (2000-2006 жж) оның дамуының үшінші кезеңінде енгізілді. Аталған кезеңдегі қайта құрудың басты бағыттары сот билігін атқарушы органдардың ықпалынан түпкілікті алып шығу, соттардың мәртебесін арттыру, соттарды мамандандыру [9] болып табылады. Осыларды ескере отырып, осы кезеңдегі өзгеру процестерінің мазмұны мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сот органдарының рөлі мен мәнінің күшеюімен, сот қызметінің жылдамдығының, тиімділігінің және кәсібилігінің артуымен, экономикалық және әкімшілік қатынас салаларының соттық-құқықтық реттеумен қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Осы процесстердің негізгі әсер етуші факторы ретінде қарама-қайшы және керітарпа әрекеттердің конституциялық жүйені жетілдіруге деген қажеттілігін және сот жүйесінің осы даму кезеңіндегі мемлекеттің саяси-экономикалық басым міндеттеріне сәйкестендірілуін атауға болады.

2000-2006 жылдардағы қазақстандық сот жүйесінің дамуына сот жүргізудің халықаралық деңгейде танылған стандарттарының жан-жақты енгізілуі тән деп айтуға болады. Бұл әрі Қазақстан Республикасының ішкі саяси логикасына (саяси жүйенің динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып қайта құру) сай болды, әрі Қазақстанның азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы халықаралық міндеттемелерін қамтамасыз етуге деген және жағымды инвестициялық орта қалыптастыруға деген қажетттіліктеріне де сәйкес келді.

Бұл кезең билік бөлінісі ұстанымы мен сот жүргізудің халықаралық стандарттарын накты жүзеге асыруға негізделген қазіргі сот жүйесінің қалыптасуына негіз болған шешуші кезең болды. 2007 жылдан сот билігін өзгертудің төртінші кезеңі басталды. Бұл кезеңнің бастамасы Европалық (континентальдік) үлгі бойынша сот өндірісіне халықтың өкілдерін (присяжные заседатели) тарту болды. Оның негізгі мазмұны сот процесін демократияландыруға, сот органдарының қызметінің тиімділігін арттыруға, сот қаулыларының орындалуын міндеттеу тәртібін күшейтуге бағытталған сот жүйесін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің қазіргі жағдайы мынандай белгілермен сипатталады:

*Ұйымдастыру саласында:*

• үштармақты құрылым (аудандық және оған теңестірілген қалалық соттар – облыстық соттар – жоғарғы сот);

• аралас құрылым (Президент тағайындайтын бірінші және екінші инстанциядағы соттар, Сенатта сайланатын Жоғарғы Сот судьялары);

• кадр іріктеудегі корпоративтік жүйе (Соттарды тағайындау мен сайлау Жоғарғы Сот кеңесінің ұсынысы арқылы жүзеге асады; дисциплинарлық жауапкершілікке тарту, тіпті, қызметтен босату жөніндегі ұсыныс дисциплинарлық-біліктілік алқасымен, сот этикасы жөніндегі комиссиямен және сот төрелігімен жүзеге асырылады);

• сот қызметін өздігінен қамтамасыз ету, оның материалдық-қаржылық және атқарушылық жақтарын қоса алғанда (бюджеттік қаржыландыру есебінен, сонымен бірге оны сот шешімдерін орындау жөніндегі органдардың штатына енгізуді ҚР Жоғары Соты жанындағы сот әкімшілігі жөніндегі комитет жүзеге асырады);

• шығарылған Сот үкімдерінің дұрыстығын қадағалайтын ішкі бақылау жүйесінің (қадағалаушы-аппеляциялық алқа) болуы;

• мамандандырылған (экономикалық, әкімшілік), сонымен бірге үштік (арбитраждық) соттардың болуы.

*Конституциялық- құқықтық салада:*

• ұйымдар мен азаматтардың құқын, еркіндігін және заңды мүдделерін қамтамасыз ету қызметін атқару, Конституция, заңдар мен басқа нормативтік құқықтық актілер, Республиканың халықаралық келісім шарттары негізінде пайда болған істер мен дауларды құқықтық реттеу;

• сот төрелігіне жіберу құзырлығы (конституция шеңберінен шықпайтын мәселелер талқыланғанда);

• соттардың тәуелсіздігі және олардың тек қана Конституция мен заң алдындағы жауапкершілігі;

• судьялардың иммунитетімен;

• сот шешімдерінің міндетті түрде орындалуы.

*Қызметтік (функционалдық) салада:*

• штат саны шағын болуы;

• соттың шешімдерін орындаға мұқтаж ететін өз аппаратының болуы (сот орындаушылары);

• сот үкімдерін қабылдауда судьялардың мүмкінігінше дербестігі мен жекелігі (халық өкілдері мен үштік соттары қатысқан сот процестерінен басқа);

• соттардың іс-әрекетіне қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты олардың кәсіби деңгейінің артуы және соттардың мамандануы;

• жоғары деңгейдегі транспаренттік іс-әрекет;

• істердің қаралу жеделдігінің және сот шешімдерін орындалу тиімділігінің артуы;





• сот төрелігінің жүзеге асуына азаматтарды кеңінен қатыстыру, сот өндірісінде процессуальді нормалардың обьективтілігін нығайту.

*Қазақстандағы сот жүйесінің жағымды жақтарына мыналарды жатқызуға болады:*

• қызмет көрсетудің (функция) тұрақтылығы;

• сот билігінің белгілі бір мөлшердегі тәуелсіздігі;

• мамандандырылған соттардың болуы;

• сот өндірісінің альтернативтік формасы;

• қоғамның сот төрелігіне жүгінуі;

• сот процесінің транспаренттілігі;

• сот үкімдерінің дұрыс шығарылуын қадағалайтын ішкі өзін-өзі бақылау механизмнің болуы (қадағалаушы-аппеляциялық комиссия);

• халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына қатысу (1997 жылдан бері – Халықаралық заңгерлер қауымдастығында, 2004 жылдан – Халықаралық судьялар қауымдастығында).

*Сонымен қатар сот жүйесінің бірқатар кемшіліктері де жоқ емес, олардың ішінен мыналарды атауға болады:*

• сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі;

• сот органдарын бақылаудың әлсіздігі;

• соттардың кәсіби деңгейінің төмендігі;

• сот жұмыстарындағы жетіспеушіліктер мен олқылықтарды толықтыруға жауапкершіліктің жетіспеуі;

• сот лауазымына лайықты жоғарғы деңгейдегі жауапкершіліктің жетіспеуі;

• соттардың дербестігіне берілетін кепілдіктің жетіспеуі («жоғарыдан» , жоғарыдағы инстанциялар тарапынан қысым көрсету сақталып отыр);

• мемлекеттік билік органдарының пайдасына айтарлықтай жеңілдіктердің болуы;

• бәсекелестіктің жетіспеушілігі, соттағы айыптауының тараптардың тең құқықтығына тигізетін зиянының басымдығы;

• сот шешімінің орындаудың тиімділігінің төмендігі (барлық сот шешімдерінің үштен бірі орындалмай қалады).

Осы кемшіліктердің негізінен мынандай факторлармен байланыстылығын атап өтуге болады: сот билігін бақылаудың айтарлықтай әлсіздігі (соттардың атышулы «тәуелсіздігі» мен заңдық имунитетінің жағымсыз кері әсері); корпоративтік ынтымактастық (кері мағынада); судьялар қауымдастығының жабықтығы; судьялардың басқалардан «өзара қызмет көрсетуді» талап етуге (коммерциялық, мансапқорлық және басқа) мүдделі болуы; туыстық-жекжаттық байланыстардың тамыр жаюы; сотты бұзушылыққа жауапкершіліктің төмендігі; судьяларға, халықаралық стандарттарға қойылатын талаптардың сәйкес келмеуі; сот өндірісіндегі регламент пен процедуралық нормалардың ретсіздігі.

Жалпы алғанда, аталған кемшіліктер сот жүйесінің тиімділігіне үлкен әсер етеді, сондықтан сот төрелігіне деген сенімнің төмендеп, қорытындысында өкімет халықтың мүддесін шын қорғайтындығына сенім жоғалады. Мұндай

жағдайлардың соңы құқықтық нигилизмге әкеп соғады, яғни, даулы жағдайларды құқықтан тыс шешуге деген тырысады, сана мен құлық бұзылады, эстрополяция нәтижесінде биліктің бір тармағының іске қабілеттігі әлсірейді.

Аталған факторлардың жағымсыз әсерін ескере отырып, сот жүйесін қайта құрудың қажеттілігі туып отыр. Сонымен қатар, сот билігі тұтас мемлекеттік биліктің (кең аукымда – қазіргі саяси жүйенің) бір ғана бөлігі екенін айта кету қажет, сондықтан оны қайта құру саяси жаңарудың жалпы жетістігінің аясында ғана тиімді бола алады.

1. Бұл жерде соттардың сайлануы, прокурордың тұтқындауға санкция беруі ж.т.б. кеңестік кезеңдегі қабылданған заң актілерінің жүзеге асырылуының сақталуы жайлы сөз етіледі.

2. Соттық жүйеге 1993 жылғы ҚР Негізгі Заңына биліктің дербес тармағы мәселесі бекітіліп, құқықтық қатынастардың субьективтілігінің артып, құқық кеңістігінде нарықтық және саяси либералдық мәндегі қалыптық актілерді енгізу.

3. 1992 жылы Конституциялық Сот пен Арбитражды соттардың құрылуы.

4. 1993 жылғы ҚР Конституциясына сәйкес соттардың сайлануы халық сайлауының орнына жоғарғы дәрежедегі Кеңестер жүзеге асырды. Сонымен бірге соттар өкілеттілігі 10 жыл мезгілге белгіленді. – Қараңыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.

5. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен 1995 жылдың 19 қазанында Конституциялық сот таратылды. Оның орнына 1995 жылдың 29 желтоқсанындағы ҚР Президентінің жарлығына байланысты сот билігі жүйесіне кірмейтін, жеке мемлекеттік мәртебеге ие Конституциялық кеңес құрылды. 1995 жылғы 20 қазанда Президент Жарлығымен таратылған Төрелік соттар жалпы заң құдіреті соттарымен ҚР Жоғарғы сотына бағынып-біріктірілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің органдары. Анықтамалық. – Астана, Алматы, 2004. – С.128-138.

6. Қараңыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995 ж.

7. 1995 жылғы Конституция бойынша барлық жергілікті соттардың соттарын Республика Президенті тағайындайтын болды, тіптен ұзақ мерзімге, Жоғарғы соттың соттарын – Парламент Сенаты сайлады. Кадрларды іріктеу жаңадан құрылған жоғарғы сот кеңесі мен ҚР Әділет министрлігінің мамандандырылған әділет алқасында жүргізілді. Аппеляцияға түскен арыздарды қарау үшін және сот істерін жүргізуде процессуалды қалыптарды қадағалау үшін соттардың қабылдаған шешімдерінің обьективтілігінің деңгейін көтеру мақсатында сот алқалары құрылды. 1998 жылы қазанда қабылдаған ҚР Негізгі заңындағы өзгертулерде жақын болашақта сотты халық өкілдерінің қатысуымен өткізу туралы айтылған. Бірақ та техникалық ұйымдық, құқықтық-нормативтік қиындықтарға байланысты қажетті тәжірибенің жоқтығынан бұл жаңалық кейінге қалтырылды. – Қараңыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы, - Алматы.

8. 1996 жылы Қазақстан Республикасының судьялар одағы құрылды.(1997 жылдың наурыз айында қоғамдық бірлестік түрінде тіркелді, оның Республикалық сьездері өткізіле бастады).





9. 2001 жылғы қаңтарда қабылданған Президенттің жарлығы қабылдануымен ҚР Жоғарғы сотына қарасты жаңадан құрылған әкімшілік сот комитетінің құзырына бұрын Әділет министрлігінің құзырындағы соттардың іс-әрекетін қамтамасыз ету қызметі берілді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, осымен атқарушы билік сот жүйесіне өзінің ықпалын тигізу тетігінен айрылды. Бұдан басқа 2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы судьялар статусы және сот жүйесі жөнінде» конституциялық заңында судьялардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы жетілдіріліп, олардың іс-әрекетінің материалдық-қаржылық базасы жақсартылған. 2001 жылдың қаңтарынан мамандандырылған экономикалық соттар құрыла бастады. 2003 жылы әкімшілік соттар, ал 2005 жылы – третейлік. Сонымен бірге сотта жақтардың тең құқылығын сақтау шараларын енгізу адвокаттардың рөлін арттыру, алдын ала тергеудің соттық бақылауын енгізді. Судьялардың тәуелсіздігі, соттағы бетімен кетушіліктердің асқынуына әкелгендіктен 2001 жылы судьялар етикасы бойынша арнайы комиссиялар құрды. Бақылаудың тағы бір механизмін тудыруға мәжбүр етіп, сонымен бірге тәртіпті және сапаны бағалау комиссиясын құрды. 2002 жылы елімізде ҚР азаматтарының құқықтарын қорғайтын, оның ішінде сотта өз құқықтарын қосымша қорғайтын адам құқығын өкілетті қорғайтын институт құрылды. – Қараңыз: Дьяченко С.А. Реформирование судебной системы Казахстана: реальность и перспективы. 2 Представительная власть ххI век: законодателство, коментарии, проблемы. М., 2002, №5-6. – http//pvlast.ru/archive/index.pr417php; Момбеков Н. На принципах верховенства закона. – Казахстанская правда, 09.04.2003; Органы государственной власти Республики Казахстан. Справочник – Астана , Алматы 2004 ж.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 1995.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 1998.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары. Анықтама. – Астана, Алматы, 2004.
5. Дьяченко С.А. Реформировние судебной системы Казахстана: реальность и перспективы. // Предстваительная власть XXI век: законодательство, комментарии, проблемы. - М., 2002, №5-6. - http://pvlast.ru/archive/index.pr41.php.
6. Момбеков Н. На принципах верховенства закона. – Казахстанская правда, 09.04.2003.

# Қазақстан республикасында мемлекеттік қызметті қазіргі заманға сай реформалау мәселесі

**Ержан ИСАҚҰЛОВ,**
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
саяси ғылымдарының кандидаты

Қазіргі мемлекеттік қызметті, мемлекеттік басқару мен менеджментті реформалаудың маңызды бағыттарына оның дамуын ғылыми-теориялық қамтамасыз ету жатады. Бұл ретте кадрлар мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік қызметі туралы қазіргі заманғы ғылым енді ғана дамып келе жатыр, ал басқару ғылымы бүгінде өзінің әдіснамалық қағидаларын іздестіру және бекітудің қиын кезеңінде тұр.

Мемлекеттік басқаруды ғылыми қамтамасыз етудің басты мақсаты «мәселені тиімді шешу, сондай-ақ экономика, әлеуметтік салалары мен әкімшілік-саяси құрылыс басқармасының тиімділігін көтеру жолдарын табу. Басқару тәжірибесінде күшті, қаражат және уақытты мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізу амалдарын іздестіру ескерілген» [1].

Мемлекеттік менеджментті [2,3,4 және т.б.] жетілдіру проблемасы жөнінде деректану базасының талдауы бойынша аталған салада ғылыми зерттеулердің көкейтесті қырлары қазіргі кезде:

- мемлекеттік кадрлық саясаттың қазіргі заманға лайықты тұжырымдамасын әзірлеу, штаттық-лауазымдық құрылымдарын жетілдіру, мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетінің стандарттық көрсеткіштерін жасау;
- мемлекеттік қызметшінің лауазымдық үлгісі мен құзыретінің бағдарын жасау және жетілдіру;
- мемлекеттік аппарат кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарылатуға байланысты мәселелерді зерттеу және оларды орынды пайдалану;
- кадр жұмысының (кадртану) негізгі аппаратын ғылыми білімнің ерекше саласы ретінде одан әрі құру және дамыту;
- мемлекеттік қызметті өткеру нормаларын реттеудің ғылыми-практикалық мәселелері болып табылады.

Жоғарыда аталған бағыттар мемлекеттік басқаруды жүзеге асырумен, ғылыми қамтамасыз етумен қатар, жалпы әдістемелік қамтамасыз етуді айқын көрсетеді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқаруды жетілдіру концепциясын әзірлеу теориялық және практикалық сипаттағы проблемалардың күрделі спектрлерін зерделеумен тікелей байланысты. Бұған мемлекеттік басқарудың саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және басқа да аспектілерін; басқарудың жекелеген салалары дамуының қалыптасуы





заңдылықтарымен қатар, мемлекеттік басқаруда болып жатқан, республиканың әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерін толығымен есепке ала отырып, зерделеуін; мемлекеттік басқару ұстанымы жүйесінің құрылуы мен қызметтің тиімділігін; басқару әдістерін, үлгілерін және стилдерін жетілдіру; республикада мемлекеттік басқаруды жетілдіруде негізделген болжамдар жасау жатады.

Сонымен бірге, осы проблеманы зерттеушілердің барлығы дерлік кадрлық саясат проблемаларын зерделеу барысында функционалдық, жүйелік, әлеуметтанулық, проблемалы-мақсаттық, тарихи және т.б. осындай әдістемелік амалдардың маңыздылығын атап көрсетеді. Дәлірек айтсақ, басқару аппараты жұмысының мазмұнын жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етудің функционалдық амалы.

Атап айтқанда, функционалдық амал басқару аппараты жұмыстарының мазмұнын жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттік басқарудың орталықсыздандыру принциптерін жасау мен кезең-кезеңімен іске асыруға, басқару деңгейлері арасында функцияларды шек қоюға байланысты қазіргі кезде функционалдық амалдың маңызы ерекше артып келе жатыр. Не болмаса басқару органдарының мемлекеттік функциялары мен өкілеттіктерінің проблемлары еліміздегі мемлекеттік басқаруды ұтымды ету мен оңтайландыру үшін айтарлықтай мағынаға ие. Қайта жаңарудың басты мақсаты мемлекеттің функциялары мен мемлекеттік органдардың ажырамас бірлігі және өзара брлескен іс-қимылы мемлекеттік басқару жүйесін теңдестіру құрылымы үшін негіз болып табылады.

Көп жағдайда мемлекеттік кадрлық саясаттың тиімділігі оның әлеуметтік базасы арқылы анықталады, оны мемлекет өзінің кадрлық саясатын жасау және іске асыру кезінде пайдаланады, сонымен қатар өз кезегінде мемлекеттің мүддесін атап көрсетеді, кадрлармен жұмыста қажетті көмек береді. Бұл ретте, кадрлық саясаттың әлеуметтік базасы көп жағдайда осы саясаттың тұрақты әлеуметтік бағытымен тікелей байланысты болады немесе кадрлық технологиялардың айқындылығы мен жариялылығы, басқаша айтқанда басшы кадрларды қалай, кім және қандай артықшылықтарымен жасақтайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың мемлекеттік қызметтің түбегейлі жаңа үлгісін жасау туралы бастамасы осы аспектінің тұжырымдамалық маңызы болып табылады және елбасы «Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік қызметтің рөлі» атты 17 маусымда Астана қаласында өткен халықаралық конференцияда осы мәселенің негізгі элементтерін атап өтті. Осы бағыттағы бастаманың негізгі қағидасы мемлекеттік қызметтің негізі күшейтілуінде және аса маңызды ұлттық жоба жасай отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік кадрлық саясатының жүзеге асырылуында.

Елбасының көзқарасы бойынша мемлекеттік қызметтің ұстанымы меритократиялық, адалдық, нәтижелілік сияқты негіздерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін механизмдер қарастырылу керек» [5]. Аталған негіздерді жүзеге асыру сөзсіз мемлекеттегі кадрлық әлеуетті мейлінше тиімді жасақтауға мүмкіндік береді және:

- азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасуға теңдей мүмкіндігі, өзінің мүмкіндіктерін көрсетуге;
- әрбір мемлекеттік қызметкер өзінің қабілетін көрсетуге, әділдікке және қызметінде жоғарылауға кепілдіктерге;

• мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтк-экономикалық қорғалуына шынайы мүмкіндіктер туғызады.

Осыған байланысты жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, кадрлармен жұмысты кәсібилік, тұрақтылық және азаматтық қағидаларының артықшылығы негізінде жүзеге асыру орынды. Нақты айтқанда әрбір адамның әлеуметтік-кәсіби ортада жынысына, ұлтына, жас шамасына, әлеуметтік жағдайына қарамастан оның біліктілігіне сәйкес, мүмкіншіліктері мен қабілеттерінің толық ашылуына мүмкіндік туғызатын осы қағидалар мемлекеттік кадрлық саясаттың негізі болып табылады.

Н.Назарбаев ұсынған үлгіде бірқатар маңызды элементтер мемлекеттік басқарудың тиімділігін едәуір нәтижелі және оңтайлы арттыруға мүмкіндік береді. Осылай қарастырылып отырған мәселе мәнмәтінде, Елбасының Ұлттық комиссия құру және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің рөлін күшейту жөніндегі бастамасы мемлекеттік кадрлық саясаттың мәртебесін нығайтуға және мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жоғарыда аталғандар шеңберінде, сондай-ақ болашағынан үміт күттіретін дарынды мамандарды даярлау мен олардың кәсіби өсуіне қажетті жағдай жасаудың тиімді жүйесін енгізу және мемлекеттік қызмет персоналдарын басқару бойынша Ұлтттық орталық құру жоспарлануда.

Әлеуметтік-саяси жетілдіру жағдайларында мемлекеттік кадрлық саясатты жүзеге асырудың құралы әрине, мемлекеттік қызмет болып табылады. Көп жағдайда мемлекеттік қызметтің проблемаларына ғалымдар ылғи да назар салады, бұл құбылыс қоғамдағы ерекше құбылыс және көпфункционалдық институт ретінде қарастырылады. Осы жағдайға сәйкес басқарушылық ғылымын түбегейлі жаңарту қажеттілігі әлеуметтік маңызды ғылыми қызығушылық, мемлекеттік қызмет институтының қызмет істеу үлгісі мен әдісі, өйткені кез-келген демократиялық мемлекет мемлекеттік қызметті тек құрып және өз деңгейінде қолдап қана қоймай оны үнемі жетілдіріп отыруы керек. Өйткені біз жоғарыда атап өткендей кадрлық саясат та, мемлекеттік қызмет те – мемлекеттік басқарудың стратегиялық құралы және әкімшілік реформалау әдісі.

Бұл ретте атап өтетін жайт мемлекеттік қызмет – бұл азаматтардың кәсіби қызметтерінің ерекше, маңызды түрі. В.Божко мұның мазмұнына былай деп анықтама берді «Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекет өзінің шенеуліктері, басқарушылықты және елбасының тапсырмасы бойынша орындалатын өзге де функцияларды орындайтын адамдардың арасындағы қарым-қатынасты орнататын және реттейтін ерекше әлеуметтік институт» [6]. Бұл тұрғыда шенеуліктердің қызметтері мемлекеттік қызмет туралы қолданыстағы заңнамалармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі. Демек, мемлекеттік қызмет деп ең алдымен мемлекеттік органдардағы лауазымдық міндеттерді орындау деп түсіну қажет.

Осыған орай, мемлекеттік саясатты жүйелі түрде және рет-ретімен жүзеге асыру мақсатында Елбасының бастамасы бойынша мемлекеттік қызметтің әкімшілігін жаңа үлгіде («А» және «Б» корпустары») деп аталатын екі негізгі корпусқа бөлу. «А корпусына» жоғары әкімшілік қызметінің өкілдері – жауапты хатшылар, мемлекеттік холдингтердің, ұлттық компаниялардың басшылары кірсе, «Б корпусын» атқарушы органдардың орталық департаменттерінің директорлары, комитет төрағалары аудандар мен қалалардың әкімдері құрайды.





Бұл ретте, «Б корпусының» өкілдері «А корпусының» кадрлық резервіне қойылады, ал айқын жүйе мен нақты адал қызметке ынталандыру, қызмет сатысы бойынша жоғарылау, олар үшін бәсекелестік орта құрайды.

Мемлекеттік қызмет институтының тән ерекшелік туралы айтқанда оның міндеттерінің ерекше күшін атап өткен жөн, азаматтардың мемлекеттік қызметті өткеруі оларға қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдірілгендігі болып табылады, өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің рухани-адамгершілік және моральдық-этикалық қалыпқа жоғары талап қояды. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» еліміздің Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы Жарлығы маңызды саяси мағынаға ие. Осы нормативтік құқықтық актінің маңыздылығы мемлекеттік қызметті және шенеуліктер аппаратының міндеттері кәсіби және құзырлы қызмет істеу, мемлекеттік аппараттағы қарым-қатынасты демократияландыру, оның қызметінде жариялылық пен ашықтық жағдайларын жасау көбірек тиімді жүзеге асыру қажеттілігімен ескертілген, оның қызметінің жариялылығы мен ашықтығы үшін жағдай жасау, бюрократизмді, патронажды, тамыр-таныстықты және оның жұмысындағы басқа да келеңсіз жайттарды жою.

Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметтің отандық қағидаларын мемлекеттік қызмет институтының мәнінен шығатын негізін қалаушы ой ретінде қарастыруға болады. Олардың арасындағы маңыздыларына:

• жалпы (қазақстандық патриотзм, демократизм, жариялылық, құқықтардың басымдылығы мен азаматтардың бостандығы және т.б.);

• арнайы (құқықтық жүйенің жасалуын білдіретін меритократия қағидасы, жеке кәсіби еңбегі мен абыройының негізі бойынша әрі қарай жоғарылауға және білікті, адал, дарынды азаматтарды мемлекеттік қызметке тартуға жағдай жасау);

• конституциялы-құқықтық (мемлекеттік қызметтің әкімшілік лауазымдарының бос орындарына лайықты кандидаттарды іздестіруді қамтамасыз етудегі заңдылық, теңдей рұқсаттың болуы, ешбір партияның құрамында болмауы, демократиялылық; мемлекеттік билік саласындағы бөлінуге қарамастан мемлекеттік қызмет жүйесінің бірлігі);

• адамгершілік-этикалық (гуманизм, әділеттілік, шыншылдық, жауаптылық тұлғаның қадір-қасиетін сыйлау);

• әлеуметтік (кәсіби іс, тиімділік, ғылымилық, шыншылдық, әлеуметтік-демографиялық өкілеттік, мемлекеттік және қоғамдық бақылау, әлеуметтік-құқықтық қорғалу) жатады.

Мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесі, оның мемлекеттік қызметте болуына байланысты міндеттері мен шектеулері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңымен регламенттелген. Мемлекеттік қызметтің өзге де түрлерінде: әскери (Қорғаныс министрлігі, Республикалық ұлан, Президенттің күзет қызметі, ҰҚК) және арнайы (ІІМ, ішкі іскерлер, Бас прокуратура, қаржы полициясы, кедендік органдар) қызмет ететін мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Осыған байланысты мемлекеттік басқарудың арнайы органдары үшін қызметке қабылданудың ерекше жағдайлары мен тәртібі, оны өткеруі мен тоқтатуы, қызмет жағдайларының ерекшелігі, сондай-ақ қосымша жеңілдіктері, артықшылықтары мен шектеулері белгіленеді.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметтің теориялық, әдістемелік, нормативтік құқықтық негіздерін мемлекеттік қызметті реформалау үдерісінің базалық ұғымынан тыс қарастыруға болмайды, басқаша айтқанда оның одан әрі дамуы мен жетілу мақсатын анықтау мүмкін емес.

Осығын орай, әкімшілік реформалау ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жуық арадағы даму бағытының артықшылығы:

1. Мемлекеттік кадрлық саясат концепциясын әзірлеу және мемлекеттік қызметтте оның негізгі бағыттары мен қағидаларын кезең-кезеңімен жүзеге асыру. Содан соң, кадрлық саясаттың жүзеге асыру субъектілерін, жауаптылық шегі мен жүзеге асыру механизмдерін нақты белгілеу қажет.

2. Еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру және мемлекеттік қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жолымен мемлекеттік қызметкерлердің имиджі мен беделін жоғарылату, осы бағытта бірқатар мақсатты шаралар өткізу.

3. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе негізінде және басқарушы кадрларды даярлауда мемлекеттік қажеттілікті есепке ала отырып, мемлекеттік қызметшілерді оқыту мен дамыту жүйесін жоғары сатыға көтеру.

4. Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдарда заманауи басқару және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, мемлекеттік қызмет көрсетулердің халықаралық стандарттарға сай болуына мүмкіндік жасау.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. В.Н.Уваров Мемлекеттік қызмет және басқару: Оқулық. – Петропавловск: Солтүстік Қазақстан Заң академиясы, 2004.0- 416-б.
2. Б.М. Лунев Мемлекеттік басқарудың теориялық проблемалары – М.: Ғылым, 1974. – 247-б.
3. А.В. Оболонский Мемлекеттік қызмет (кешенді тәсіл). – М.Ось-89, 2000. – 440 б.
4. Г.В. Атаманчук Мемлекеттік қызметтің маңызы: тарих, теория, заң, практика. – М.: РАГС баспасы, 2004. – 487-б.
5. Казахстанская правда. №133-134 (25580-25581) 2008 жылғы 19 шілде.
6. В.К. Божко Қазақстан Республикасында мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұғымы және қағидалары. Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік қызмет академиясы, 2004. – 186-б.





# Қазақстан Республикасының үкіметі адам саудасына қарсы әрекет жүйесінде

**Айнұр СЫДЫҚОВА,**
саяси ғылымдарының кандидаты

Қазақстанда бүгінгі таңда еңбек күшін қанау және жыныстық қатынастар арқылы пайда табуды мақсат еткен адам саудасының орын алып отырғаны анық. Еліміз адам саудасының құрбандарының пайда болуының да, оларды түрлі салада пайдаланудың да, тасымалдаудың да отанына айналып отыр. Адам саудасының құрбандары негізімен Орталық Азия мемлекеттерінен, көбінесе Тәжікстаннан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан келеді, оның себебі бұл елдерде өмір сүру деңгейі біршама төмен, әлеуметтік теңсіздік пен саяси тұрақсыздық көрініс тауып отырғаны белгілі [1]. Бұдан басқа Ресейден, Украинадан келіп, қанауға ілінгендердің кейбір жағдайларын біздің елдің құқық қорғау органдары тіркеп отырғаны мәлім [2].

Бұл қалыптасқан жағдайдың бірнеше себептері бар. Ең әуелі Қазақстанның Еуразия материгінің орталығына орналасқан қай жағынан алып қарағанда қолайлы географиялық және геосаяси жағдайын еске алған жөн. Евразия кеңістігіндегі елдермен Қазақстанның экономикалық, мәдени және саяси байланыстары жылданжылға күшейіп келеді. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ), Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымының (ҰҚКҰ), Евразиялық экономикалық қауымдастықтың (ЕЭҚ) белсенді мүшесі. 2010 жылы әлемдегі беделді әрі маңызды ұйым ЕҚЫҰ-ға төреағалық етуге дайындалуда. Қысқасы, Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-экономикалық кеңістіктегі мәртебесі әбден бекіген деп айтуға болады.

Орталық Азия елдерімен салыстырғанда Қазақстанның экономикасының қарқынды дамуы шекаралас елдерден мигранттардың мұнда ағылуына басты себеп болып отырғаны айқын. Оның үстіне Қазақстанның ТМД елдерімен шекарасының ашық болуы да мигранттардың мұнда ағылуына жол ашады. Елдің әлеуметтік алуантүрлілігі, яғни этникалық, діни плюрализм, тіршілік пен ой-пікірдің көптүрлілігі – осының бәрі сыртқы әсерді қабылдауға деген жүйенің аса жоғары деңгейдегі шыдамдылығы мен бейімділігін көрсетеді.

Алайда, ел халқы игі әсерлермен бірге, осы заманның қолайсыз, зиянды саяси-әлеуметтік құбылыстардың да ықпалынан аулақ емес. Бұлардың қатарына нашақорлық, діни экстремизм, ланкестік, заңсыз миграция және адам саудасының таралуын жатқызуға болады. Заңдық базаның жетімсіздігі, адам саудасымен күресудің жүйесінің қалыптаспағандығы да бұл құбылыстың елімізде таралуының себептерінің бірі болып табылады.

Аталған құбылыспен бетпе-бет келгеннен кейін ғана, басқа елдер сияқты біздің ел де өткен ғасырдың соңғы жылдарынан бастап күресудің заңдық негіздерін,

құқықтық механизмдерін жетілдіруді қолға ала бастады. 2008 жылы республикамыз адам саудасымен күресудің нормативтік-құқықтық негіздерін күшейтетін бірнеше халықаралық құжаттарды ратификациялады. Олардың ішінен мына құжаттарды ерекше атаған жөн: «1926 жылы 25 қыркүйекте қабылдаған Құлдық туралы Конвенцияны ратификациялау туралы», «Құлдық туралы Конвенцияға өзгерісер енгізу туралы 1953 жылы 7 желтоқсанда қабылданған хаттама туралы, 1956 жылы 7 қыркүйекте қабылданған құлдықты, құл саудасына қатысты институттар мен салт-дәстүрлерді жою туралы қосымша Конвенцияны ратификациялау туралы» заңдар (2008 жыл, ақпан).

2008 жылдың мамыр айында «БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясы», сондай-ақ осы құжатты толықтыратын үш хаттама: «Адам саудасының, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын кесу, орын алған жағдайда жазалаудың жөн-жосығы жөніндегі хаттама», «Мигранттарды құрлықпен, теңізбен және әуе жолы арқылы заңсыз тасымалдауға қарсы тұру хаттамасы», «Заңсыз түрде қару-жарақ дайындауға, сатуға қарсы тұру туралы хаттама» ратификацияланды.

Бұл құжаттарды ратификациялау қарсаңында қылмыстық және әкімшілік заңнамаларымызды адам саудасына қарсы тұруға әлемдік стандарттарға сәйкестеу мақсатында қыруар жұмыстар атқарылғанын айтып өткен жөн. Мәселен, ҚР «Адам саудасына күрес жөніндегі заңнамалық актілерге қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңға сәйкес 2006 жылы Қылмыстық және Әкімшілік Кодекстердің кейбір баптарына адам саудасымен күресуді күшейту, жауапкершілікті арттыру мақсатында өзгерістер енгізілді, кейбір баптар толықтырылып, қайта қаралды.

Бүгінгі таңда адам саудасы республиканың барлық ірі қалаларында көрініс беріп отыр. Шет елдік азаматтарды қанау құрылыс объектілерінде, фермерлік шаруашылықтарда, базарларда, моншаларда, құпия жезөкшелік үйлерде, мақта және темекі плантацияларында, техникалық қызмет көрсету станцияларында, машина жуу кешендерінде орын алуда. Көптеген ірі қалаларда адам саудасын жүргізетін базарлар жұмыс істеуде [3].

Еліміздегі ішкі адам саудасы экономикалық дамуы мешеу, жұмыссыздық басым шалғай аудандардан шыққандарды пайдалану негізінде қалыптасқан. Өз адамдарымызды қанау, езгіге ұшырату, әсіресе Алматы, Астана, Атырау сияқты қалаларда көбірек бой көрсетуде. Мемлекеттік статистика мәліметтеріне қарағанда ішкі миграция ауылдық шалғай, экономикалық жағдайы төмен елді мекен тұрғындарының қалаға, дамыған аймақтарға қарай күнкөріс үшін ағылуына байланысты. 2006 жылғы мәлімет бойынша өз мекендерін тастап, қалаға ұмтылғандар Жамбыл (7682 адам), Шығыс Қазақстан (6635), Солтүстік Қазақстан (4786) және Қызылорда (4272) облыстарынан көбірек болды. Олардың пана іздеп, жұмыс іздеп келген қалалары Алматы (21 959) және Астана (17 938 адам) [4]. Әрине, бұл тізімдегі ресми мәлімет қана.

Түпкір-түпкірден тентіреп келгендерді құшақ жайып қарсы алып жатқан ешкім жоқ. Н. Шеденованың пікірінше, қалаға, оның маңына көшіп келгендердің жұмыс таңдау мүмкіндігі жоқ. Не тисе соны қанағат тұтады. Өлместің күнін көру үшін олар көбінесе заңсыз құрылған, «көлеңкелі, ресми тіркелмеген сектордан» орын табуға мәжбүр. Онда жұмыс күні реттелмеген, еңбек ақы төмен, әлеуметтік қорғау мүлде жоқ десе де болады. Бұл процестің айқын гендерлік астары бар, себебі ол еңбек миграциясының үш негізгі процесінің қосындысынан туындап отыр: ашық миграцияның мүмкіндігінің шектеулілігі, көпшілікті миграциялық көңіл-күйдің билеп алуы және көлеңкелі құрылымдағы және маргиналдық топтар арасындағы әйелдердің жұмыс күшіне деген сұраныстың артуы. Мұның бәрі әйелдерді төмен ақылы жұмыс істеуге, тіпті моральды тұрғыдан айыпталатын жезөкшелік пен шұғылдануға мәжбүрлейді [5].

Республика үкіметі бұл құбылыстарға алаңдаушылық білдіре отырып, ішкі миграцияны реттеу жөнінде тиісті шаралар қабылдауда. 2007 жылғы желтоқсан айында Премьер-Министр К. Мәсімовтың төрағалығымен ішкі миграция мәселелеріне арналған арнаулы үкімет мәжілісі өтті. Бұл мәселенің нормативтік-құқықтық негіздерін жетілдіру бағытында істер атқарылады. И. Тасмағамбетовтың пікірінше, Қазақстандағы ішкі миграция мәселелерін тек заңнамалық негізде шешуге болады. «Біріншіден, «Ішкі миграция туралы» Заң қабылдануы керек. Онда тек миграциялық лектердің статистикасын қадағалаумен шектелмей, аймақтардың экономикалық потенциалының даму негізі есебінде еңбек ресурстарын тиянақтандырудың механизмдері көрсетілуі тиіс» [6].

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан өзінің географиялық және геосаяси орнына қарай, Орталық Азия елдерінен Ресей, Европа елдеріне адам саудасының құрбандарын тасымалдау отанына айналуда. Адам саудасы мен наша саудасының маршруты сәйкес келіп отыр [7]. Адамдарды көндіру алдау және күш қолдану арқылы іске асады. Әдетте, болашақ құрбандарға өз шыққан орталарына қарағанда жоғары деңгейде төленетін жақсы жұмыс ұсынылады, алайда жұмыс істеуге тиіс жерге келгенде, келісілгеннен жағдай мүлде басқаша болып шығады, жұмыстың мән-мағынасы да басқа , төлем деңгейі де төмен.

Қожайындар қолдарындағы құрбандарға күштеудің небір қатыгез түрлерін қолданады [8]. Адамдарды еңбек езгісіне, немесе жыныстық қатынас қорлығына салу мақсатында ұрлау фактілері де кездеседі [9]. Балалар үйінен шыққан, әлеуметтік қорғаудан жұрдай тұл жетім, маргиналды жастарды алдап-арбап көндіру фактілері де баршылық [10]. Сөйтіп, Қазақстанда адам саудасының алуан түрлері тіркеліп отыр.

Бұл мәселе еңбек миграциясымен тығыз байланысты, ол адам саудасына жағдай туғызады. Бүкіл әлемдік банктің баяндамасына қарағанда, еңбек мигранттарын өзіне қабылдау жөнінде ілгері елдердің ішінде Қазақстан тоғызыншы орында тұр. 2007 жылы 12 маусымда Санкт-Петербургте өткен ТМД елдерінің экономикалық саммитінде сөйлеген сөзінде президент Н. Назарбаев миграцияны ең алдымен шешуін табуға тиіс мәселе ретінде атап өтті.

Қазақстан үкіметі «Жұмыспен қамтамасыз ету» Заңының 3 б.11 бабына сәйкес жыл сайын шет елдерден жұмыс күшін пайдалану квотасын бекітеді. 2006 жылы бұл квота экономикалық белсенді ел тұрғындарының 0,7% тең болды. Әсіресе құрылысшыларға, қызмет көрсету саласы мен ауылшаруашылығы жұмысшыларына сұраныс көп болды. 2008 жылы бұл квота экономикалық белсенді ел тұрғындарының 1,6% құрады. Бұл елімізде шет елдік жұмыс күшіне сұраныстың барған сайын артып отырғанын көрсетеді [11].

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми болжамы бойынша еліміздің жұмыс күшіне деген жыл сайынғы сұранысы 60 мың адамға артып отырмақ. ҚР статистика жөніндегі мемлекеттік агенттігі төрағасының орынбасары Ю. Шоқамановтың пікірінше 2015 жылы республика бойынша қосымша жұмыс күшіне деген сұраныс экономикалық даму қарқынына орай 693 мыңнан 1800

мың адамға дейін өседі [12]. Ресми емес мәліметтер бұл цифрдан бірнеше есе артып түседі. 2007 жылы, мамандардың есебі бойынша, тек қана ТМД елдерден Қазақстанға келген мигранттардың саны 450 мыңнан асты [13].

Ғалымдар еңбек миграциялық ілектердің өсуіне себепкер факторлар есебінде мыналарды атайды: ҚР Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге ұмтылысына байланысты еңбек рыногының ашықтығы; алған білім, мамандық, соған сәйкес адамдардың үміті мен еңбек рыногындағы талаптар мен ұсыныстардың сәйкессіздігінен туындайтын ішкі еңбек рыногындағы құрылымдық жұмыссыздықтың пайда болуы, аталған сәйкессіздіктен пайда болатын бос кеңістіктегі вакансияларды мигранттар жабуға тырысатындығы; миграцияны реттейтін нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігі, т.б.

Сөйтіп, заңсыз мигранттар арзан жұмыс күшінің ерекше отрядын қалыптастырады, олар кез келген ауыр, қолайсыз және төлемақысы өте төмен жұмысқа даяр, жұмыс беруші жағынан көрсетілетін күштеуге, түрлі езгіге көнуге мәжбүр, моральдық-психологиялық қысым жағдайында еңбектенуде [14]. ҚР ІІМ мамандарының пікірінше «заңсыз миграция барған сайын криминалдық сипатқа ие болуда және ұйымдасқан қылмыстың табысты мол әкелетін саласына айналып отыр. Көбінесе, заңсыз мигранттар – адам саудасының потенциалды құрбандары» [15].

Х. Абышева мен М. Жақұпов: «Мигранттарды қанаудың ең ауыр формалары ҚР-да етек алып отыр. Құлдықтың, күш қолдану мен мәжбүрлеудің элементтері еңбек қатынасына қосақталып кіріп кеткен және де бұл адам құқығын бұзу емес, керісінше, көбінесе қалыпты жағдай есебінде қабылдануда» - деп тұжырымдайды [16]. Авторлардың пікірінше, мұндай жағдайда бірнеше фактор өз ықпалын тигізуде: мигранттың әртүрлі себептерге байланысты жұмысқа кіруінің мұндай жағдайға төзуге бел байлап, өз келісімін беруі; мұндай жағдайдың орын алуына мүмкіндік беріп отырған билік пен қоғамның немқұрайлығы; қоғамда қалыптасқан мигранттарға деген сенімсіздік көзқарасы; жемқорлық.

Миграциялық процестерді реттеуге бағытталған Қазақстан үкіметі тарапынан іске асырылып жатқан шаралардың ішінен Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасында қабылданған екіжақты және көпжақты келісім-шарттарды атауға болады [17]. Алайда, А. Шорманбаеваның пікірінше, екіжақты келісім құжаттарының көптігіне қарамастан мигранттардың адами құқығын қорғауға арналған бір ғана – Қырғызстанмен арадағы келісім-шарт қана – іс жүзіне асып отыр.

2007 жылдың маусым айында Қырғыз Республикасының үкіметі өз азаматтарын жұмыс орнымен қамтамасыз етуге мүмкіндігін мәлімдей отырып, біздің елден осы мәселені ұйымдасқан түрде шешуге жәрдем сұрады. Сол кездегі ҚР Парламент Мәжілісінің спикері О. Мұхамеджановпен кездесу барысында Қырғыз Жоғорғу кеңешінің төрағасы М. Сұлтанов: «Қырғызстанда еңбек ресурсының үлкен бөлігі, яғни 1 млн адам, жұмыссыздыққа душар болып отыр. Осы салада өзара қарым-қатынасты жақсы жолға қоюға болады деп ойлаймын, үйткені Қазақстанның экономикалық даму қарқыны өте жоғары, оған жыл сайын көптеп еңбек ресурстары қажет екенін жақсы білеміз», - деген болатын [18].

Қырғыз Республикасы миграция және жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік Комитетінің төрайымы А. Рысқұлованың мәліметтеріне қарағанда, 2008 жылы Қазақстанда 30-40 мың қырғыз еңбек мигранттары жұмыс істеді, ал 2007 жылдың 9 айы ішінде Ресей мен Қазақстанда еңбектенген қырғыз мигранттары өз еліне 710 млн АҚШ долларын аударды. Егерде ақша көбінесе туыстарға таныстар арқылы жіберілетінін ескерсек, бұл сома 1 млрд АҚШ долларынан асып түсетінін мөлшерлеуге болады [19]. Міне, мұның бәрі Қазақстанмен шектес елдер үшін миграциялық процестердің аса маңызды екендігін көрсетеді.





Адам саудасын туындататын жағдайларды мемлекетаралық келісімдер қарастырады, оның ішінде ШЫҰ, ЕЭҚ, ҰҚКҚ, ТМД сияқты саяси альянстар аумағында жасалған келісімдерді мысал ретінде атауға болады [20]. Бұл келісімдер еңбек миграциясының негізгі мәселелерін реттеу, мигранттарды әлеуметтік қорғау, олардың құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру жағдайларын жүйелі арнаға түсіруді мақсат етеді.

2007 жылғы тамызда Қазақстандағы миграциялық процестерді басқарудың жаңа бағыттарын анықтайтын «Қазақстан Республикасының миграциялық саясатын іске асырудың Тұжырымдамасы» қабылданған болатын. Оның мақсаты «заңсыз миграцияны тежеу, оны селективтік негізде қалыптастыру аясында миграциялық процестердің залалды салдарларын азайту арқылы ұлттың тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» еді. Бұл тұрғыда үкімет бірсыпыра шараларды белгілеп отыр. Олардың ішінен мыналарды атауға болады: заңсыз миграция мен адам саудасының жолын кесу; миграцияға әуестенуді жат бағытында ақпараттық үгіт-насихатты дамыту; мәселемен дәйекті шұғылдану мақсатында шет елдік миграция қызметтерімен байланыс орнату, екі және көпжақты келісімдер жасау; ТМД елдерінің миграцияға қатысты заңдарын жүйелеп, өзара үйлесімге келтіру бағытында іс-әрекеттер жасау, т.б.

Қазақстан үкіметінің және эксперттердің бағалауынша, ҚР ІІМ-нің 2006 жылы желтоқсанда жүргізген заңсыз еңбек мигранттарын ресмилендіруге бағытталған акциясы адам саудасына қарсы тұру тұрғысынан алғанда айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізді. Бұл акция «заңсыз еңбек мигранттарды ресмилендіруге байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңының аясында ұйымдастырылған болатын. Бұл шара көлеңкедегі заңсыз миграцияны жарыққа шығаруды, олардың республика аумағында болуын қадағалауды және табыстарын реттеуді мақсат еткен еді.

Акцияның қорытындысында, 164,6 мың заңсыз еңбек мигранты ресмилен-ді. Оның ішінде: Өзбекстаннан 117 133 адам (71,1%), Қырғызстаннан - 23 856 (14,5%), Ресейден - 10 760 (6,5%), Тәжікстаннан - 4673 (2,8%), басқа елдерден - 8164 (4,9%) адам бар. Ресмилендіру Алматы қаласында, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ауқымды жүргізілді. Ресмиленген мигранттардың 62 126-ы құрылыс, 10 098-і қызмет көрсету, 7880-і ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейді екен.

Мемлекеттің адам саудасы проблемасын шешудегі маңызды іс-әрекетінің бір бағыты – ҚР азаматтарының гендерлік теңдігін қамтамасыз ету мәселесі. Тәуелсіздік жылдарында бұл салада бір сыпыра нәтижелі шаралар іске асырылды. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның «Әйелдерді кемсітудің барлық түрлерін жою жөніндегі Конвенциясына» қосылды. Бұл Конвенцияның 6-шы бабында «қатысушы елдер әйелдерді сату және оларды жезөкшелікке итермелеудің барлық түрлерін жоюға бағытталған шараларды іске асыруға тиіс», - деп көрсетілген.

1998 жылы Қазақстанда отбасыларының мүдделерін қорғау, әйелдердің еліміздегі саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене қатысуына жағдай жасау мақсатында Отбасы және әйелдер мәселесі жөніндегі Ұлттық комиссия – ҚР

Президенті жанындағы кеңесші орган құрылды. Мұндай комиссиялар облыстар және Алматы мен Астана әкімдері жанынан құрылып, жұмыс істеп жатыр.

2008 жылдан бұл комиссия ҚР Президенті жанындағы әйелдер мәселесі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Комиссия деп аталатын болды. 1999 жылдан бері «ҚР әйелдерінің жағдайын жақсартудың Ұлттық жоспары» іске асырылуда. Мұнда әйел саудасымен күресудің мәселелері де қамтылған. 2005 жылы «2005-2015 жылдар арасында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету стратегиясы» қабылданды. Бұл құжатта ерлер мен әйелдердің саясат, экономика және құқық саласында теңдігін қамтамасыз ету гендерлік білім мен ағартушылықты жолға қою, өсіп-өну қуатын арттыру, қоғамда күш қолдану амалдарын жою, отбасының берекесін арттыру мәселелері жан-жақты көтерілген [22].

Адам саудасымен күресте құқық қорғау органдарының рөлі зор екені белгілі. Оның өкілдері адам саудасының алдын алу, құрбандарды қорғау, саудагерлердің ізіне түсу, т.б. істердің барлығына тікелей араласады. Сондықтанда құқық қорғау саласының қызметкерлерін адам саудасына қарсы тұру ісінде кәсіби дайындықтан өткізуге көп көңіл бөлінеді. Бұл жұмыс ІІМ тарапынан халықаралық ұйымдармен бірге жүргізілді. Бұл ынтымақтастықтың көрнекті бір нәтижесі есебінде 2005 жылы Қарағандыдағы Б. Бейсенов атындағы ІІМ заң институтының жанынан құрылған адам саудасымен және заңсыз миграциямен күрес мәселесімен шұғылданатын мамандарды дайындау орталығының құрылғанын атап өтуге болады.

Бұл оқу орталығының негізгі міндеттеріне мыналар жатады: ішкі істер органдары қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру; адам саудасына қатысты қылмыстарды ашудың, зерттеудің амал-тәсілдерін дайындау; адам саудасына және заңсыз миграцияға қатысты мәселелерді шешудегі басқа елдердің тәжірибелерімен танысу, үйрену; осы мәселелерге қатысты әртүрлі елдердің заңнамаларын салыстармалы түрде саралау; адам саудасы мен заңсыз миграцияға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізу. Оқу курсы 25 күнге межеленген. Оқыту барысында қарсы күрестің практикасына, түрлі уақиғалық жағдайларды қарастыруға, топтық жаттығулар мен іскерлік ойындарға зор көңіл бөлінеді. Мұның үстіне оқып жатқандар адам саудасына қатысты мәліметтер қорын пайдалануды, аталған саладағы қылмыстың алдын алу және қылмысты ашу тәсілдерін игереді [23].

Оқу орнының қабырғасында ЕҚЫҰ, АҚШ елшілігі, т.б. халықаралық ұйымдар тарапынан бастамашылық көрсетуімен тренингтер өткізіліп тұрады. Сөйтіп, халықаралық ынтымақтастық аясында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адам саудасына қарсы күреске кәсіби деңгейде дайындаудың жүйесі қалыптастырылуда.

Сонымен, еліміздің үкіметі Қазақстан Республикасында адам саудасы проблемасының бар екендігін, оның маңыздылығын ескере отырып, осы құбылыстың алдын алу, онымен күресу жолында айтарлықтай шаралар жүргізіп отырғанын атап өткен жөн. Адам саудасына қарсы тұрудың нормативтік-құқықтық негіздері жетілдіруде. Негізгі халықаралық құжаттар ратификациядан өткізілді, өз заңнамаларымыз халықаралық талаптарға сәйкестендірілуде. Аталған құбылыстарды зерттеу, қылмыстық істерді ашу және соттық істерді жүргізу мәселелерімен шұғылданатын құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіби деңгейде жүйелі түрде дайындау қолға алынған.

Адам саудасын тудыратын, жандануына жол ашатын себептерді жою мақсатында үкімет өзінің миграциялық саясатын жетілдіре түсуде. Сондай-ақ, үкімет еңбекке қатысты миграциялық процестерді реттеуді көздейтін көптеген аймақтық келісімдерді жасаудың бастамашысы болып отыр. Гендерлік теңдік пен гендерлік кемсітуді бәсеңдетуді қамтамасыз ету мақсатында да үкімет тарапынан түрлі шаралар іске асырылуда.





**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Trafficking in Persons Report. U.S. Department of State. Washington D.C., June 2008.
2. Из рабства – на родину / Время, 26 января 2008 г.
3. Дарқандық па, дарақылық па? / Алтын орда, 14-20 ақпан 2008
4. Қазақстан Республикасының миграциялық саясатын 2007-2015 жылдары іске асырудың Тұжырымдамасы // http://www.enbek.kz/law/lawdetail.php?recordID=364
5. Шеденова Н. Неравенство на рынке труда как основа дискриминации трудовых мигрантов: гендерный аспект // Бюджет, миграция, насилие, семья и СМИ в контексте гендерной политики (Материалы IV международной конференции «Гендерная политика в Евразии: на пути формирования современной политической культуры равенства», Алматы, 26-27 ноября 2007 г.) Алматы, 2008. С. 91
6. Аким Алматы предлагает на законодательном уровне решать вопросы внутренней миграции республики. Интерфакс-Казахстан, 12 февраля 2008 // http:// www.interfax.kz
7. Тимофеенко Л.А. Проблемы наркотрафика // Сотрудничество и безопасность в Центральной Азии: состояние и перспективы. Алматы: КИСИ, 2008. С. 67.
8. Адам сатылады. Арзан / Жас қазақ, 28 наурыз, 2008
9. Жас қыздарды ұрлап сататын кімдер? / Айқын, 19 маусым, 2008
10. Құл иеленушілер құрыған жоқ / Айқын, 1 қараша, 2007
11. Шорманбаева А. Анализ законодательства Республики Казахстан в области трудовой миграции и противодействия торговле людьми // Бюджет, миграция, насилие, семья и СМИ в контексте гендерной политики (Материалы IV международной конференции «Гендерная политика в Евразии: на пути формирования современной политической культуры равенства», Алматы, 26-27 ноября 2007 г.) Алматы, 2008. С. 100
12. В Казахстане потребность в дополнительной рабочей силе к 2015 году превысит 1 млн. человек – прогноз. Интерфакс-Казахстан, 11 июня 2007 г. // http:// www.interfax.kz
13. Выгодный бартер / Литер, 6 сентября 2007.
14. Гастарбайтерлер «гастрольде» жүр // Алтын орда, 16 сәуір, 2003 ж.
15. Материалы служб органов внутренних дел, Комитет административной полиции. Круглый стол на тему: «Нелегальная миграция в Центральной Азии в условиях глобализации // http://www.mvd.kz/index.php?p=razdel_4&id1=1&id2=13&id3=12&id4=60
16. Абышева Х. Джакупов М. Трудовая миграция и противодействие торговле людьми: проблемы и перспективы // Бюджет, миграция, насилие, семья и СМИ в контексте гендерной политики (Материалы IV международной конференции «Гендерная политика в Евразии: на пути формирования современной политической культуры равенства», Алматы, 26-27 ноября 2007 г.) Алматы, 2008. С. 82
17. Соглашение между правительством Республики Казахстан, Правительством Кыргызской Республики и Правительством Республики Узбекистан по созданию правовых, экономических и организационных условий для свободного перемещения рабочей силы. Бишкек, 14 марта 1997 г.;
18. Киргизия просит Казахстан содействовать организованному трудоустройству у него своих граждан / Интерфакс-Казахстан, 7 июня 2007 // http:// www.interfax.kz
19. Более $1 млрд. перечислили на родину киргизские мигранты, работающие в России и Казахстане http://www.politica.kz/?q=content/bolee-1-mlrd-perechislili-na-rodinu-kirgizskie-migranty-rabotayushchie-v-rossii-i-kazakhstan
20. Соглашение об образовании Консультативного совета по труду, миграции и социальной защите населения государств-участников Содружества Независимых Государств. Москва, 13 ноября 1992 г.; Соглашение о сотрудничестве в области трудовой миграции и социальной защиты трудящихся-мигрантов. Москва, 15 апреля 1994 г.; Декларация о согласованной миграционной политике стран СНГ, принята 5 октября 2007, г. Душанбе // http://www.russian.xinhuanet.com/russian/ 2007-10/06/content_500997. htm
21. Мажилис РК: Круглый стол «О ходе реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015» // http://www.parlam.kz/NewsPrev.aspx?page=2&lan=ru-RU&idloc=1&idkom=1&uid=1537
22. Қазақстан Республикасының гендерлік теңдікті 2005-2015 жылдары іске асырудың Тұжырымдамасы // http://www.humanrights.kz/problems_07.php
23. Кадыров Б.Ш. О роли Учебного центра подготовки специалистов по борьбе с нелегальной миграцией и торговле людьми в подготовке квалифицированных кадров ОВД РК // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. Алматы, 2007. С. 56-58

# Қазақстан Республикасында іс жүргізуді мемлекеттік реттеу

**Ақмарал ЫСҚАҚ,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

1990 жылы 25 қазанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданып, Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде демократиялық дамудың жаңа жолын бастады. Осы жылдың 20 қарашасында «Қазақ ССР-нің мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды [1]. Заң рыноктық қатынастарды қалыптастыру мен дамыту жағдайында республикада мемлекеттік билік және басқарудың құрылымын жетілдіру мақсатында осы құрылымға енгізілетін өзгерістерді бекітті. Қазақстанда жоғарғы атқарушы және өкімші өкіметінің басшысы болып Президент белгіленді. Заңның 1,2,3,8-баптарына сәйкес Вице-Президент жаңа лауазым қызметі тағайындалып, ҚазКСР Министрлер Кеңесі ҚазКСР Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды және Президент пен Министрлер Кабинетінің аппараттары ҚазКСР Президентінің біртұтас аппараты болып бірікті [2].

Заңдағы Қазақ КСР Конституциясының 120-бабына енгізілген өзгеріс бойынша Министрлер Кабинеті атқарушы билік ретінде барлық деңгейдегі заңдардың орындалуына жауапты болды. Премьер-министр қол қойған қаулылар мен ол шығарған өкімдер Қазақстанның бүкіл аумағында орындалуға міндетті етілді.

Мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі осындай өзгерістер іс жүргізу саласында да құжаттау мен құжаттаманы басқарудың жаңа ережелерін әзірлеуді талап етті. Биліктің жаңа президенттік басқару формасына көшуі, жоғарғы атқарушы орган – Министрлер Советінің Министрлер Кабинеті болып қайта құрылуы және оның заң актілерін шығару тәртібінің өзгеруі жалпы басқару жүйесіне, оның ішінде іс жүргізу саласына да ықпал етті. Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 маусымдағы № 562 қаулысымен «Қазақстан Республикасының барлық ұйымдық-құқықтық нысандардағы бірлестіктерінде (кәсіпорындарында), мекемелері мен ұйымдарында құжаттаудың және құжаттама басқарудың негізгі ережелері» бекітілді [3].

Негізгі ережелер барлық ұйымдарда ресми құжаттарды жасау және олармен жұмыс істеуді ұйымдастыру, олардың ішінде есептеу техникасы мен репрография құралдары жасайтын құжаттар үшін міндетті ортақ талаптарды белгілеп, ұйымдарда жасалатын құжаттардың құрамы, бірізделуі мен стандарттталуы, ресми құжаттарды хаттауға қойылатын талаптар мен құжаттаманы басқаруды ұйымдастыру ережелерін бекітті.





1998 жылы 22 желтоқсанда іс жүргізу мен мұрағат ісі тарихында алғашқы Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар» Заңы қабылданды [4]. Заң іс жүзінде мұрағат ісінің барлық мәселелерін шешуге арналды. Іс жүргізу мәселелері бойынша Заңның 1-бабы «құжат», «жергілікті уәкілетті орган», «ресми құжат», «Қазақстан Республикасының мұрағаттары мен құжаттаманы басқаруға уәкілетті мемлекеттік органы» негізгі ұғымдарына анықтама берді.

Заңның 4-бабына сәйкес іс жүргізуде қалыптасатын ресми құжаттармен бірге заң актілері, басқару, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық, машинамен оқуға ыңтайландырылған және тыңдап-көру үшін жасалған, жеке тектік құжаттар және тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштері саналатын өзге де құжаттар Ұлттық мұрағат қорының құрамына кірді.

Заңның 18-бабы мұрағат ісін мемлекеттік реттеу мұрағат ісі мен құжаттардың жасалуында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуді, мұрағат ісі мен құжаттама жүргізу жұмысын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының жобаларын әзірлеп, іске асыруды; мұрағаттану, құжаттану және қосалқы тарихи пәндер саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметті дамытуды, 19-бабы мұрағат ісін мемлекеттік басқарудың өкілетті органы және оның жергілікті органдарын бекітті. Бұл өкілетті орган өзара байланысты құжаттама және мұрағат ісі саласын ортақ басқаруды жүзеге асырады.

90-шы жылдардың ортасында мемлекеттік басқару органдарын жетілдіру шаралары іс жүргізу мен мұрағат салаларын басқарудың өкілетті органына кері ықпал етті. ҚР Президентінің 1996 жылы 29 қазандағы «Орталық атқару органдарының құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» № 3168 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Мұрағаттар және құжаттаманы басқару Бас басқармасы қысқартылып, оның мүлікті және істерді басқару жөніндегі функциялары, құзыреттері Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатқа жүктелді. Осыған орай 1996 жылдың 29 қазанынан 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін Орталық мемлекеттік мұрағат іс жүргізу мен мұрағат ісі салаларын басқарудың орталық атқару органы функцияларын өзінің өндірістік функцияларымен қатар атқарды. Іс жүзінде қосарланған күрделі функцияларды атқару Орталық мемлекеттік мұрағаттың жұмысын қиындатып, бұл өз кезегінде басқарудың өкілетті органын қайта қалпына келтіруді қажет етті. Нәтижесінде 1999 жылы Үкімет қаулысымен ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті ұйымдастырылды. Жеке дербес салалық басқару органы болып келген бұрынғы өкілетті органның құзыреті шектелді. Комитет туралы Ережеге сәйкес оған министрлік құзыреті шеңберінде ғана құжаттама мен мұрағат ісі салаларында арнайы атқару, бақылау функцияларын автономды түрде орындау құқы берілді. Ол 2004 жылы ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті болып өзгерді.

2000 жылы ұйымдық-өкімдік құжаттарды ресімдеуге қойылатын уақытша талаптарды бекітілді. Ұйымдық-өкімдік құжаттардың уақытша ережелері ұйымдық-өкімдік құжаттардың бірізді жүйесіндегі құжаттардың деректемелері, құрамы және оларды ресімдеу мәселелерін реттеуге арналған. Ұйымдық-өкімдік құжаттардың уақытша ережелері негізінен кез келген мемлекеттік мекеме

қызметінің әкімшілік және ұйымдық, басқару, өзара әрекеттесу, қамтамасыз ету және реттеу мәселелерін бейнелейтін негізгі ұйымдық-өкімдік құжаттар жүйесіне арналды. Уақытша ережелер ұзақ уақыт қолданыста болмады. Бір жылдан кейін іс жүргізу және мұрағат ісі бойынша терминдер мен анықтамалар, ұйымдық-өкімдік құжаттардың мемлекеттік стандарттары әзірленді.

Қазақстан Республикасының іс жүргізу және мұрағат ісі бойынша терминдер мен анықтамалардың мемлекеттік стандарты осы салаларда «Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы» заңында белгіленген мемлекеттік саясатты іске асыруда артықшылықтар береді. Алғаш рет Қазақстанның жағдайында іс қағаздарын жүргізу мен мұрағат ісі саласындағы бірыңғай терминологияны, әсіресе салалық терминдердің қазақ тіліндегі ұғымдар жүйесін белгіледі. Бұл қазақша іс жүргізуді жетілдіруге мүмкіндік берді [5].

Ұйымдар мен мекемелердің қызметінде қалыптасатын ұйымдық-өкімдік құжаттардың құрамын, құжат деректемелері санын және оларды ресімдеуге қойылатын талаптарды, ұйым бланкілерінде ҚР мемлекеттік елтаңбасының немесе мемлекеттік емес ұйымдарда логотиптерінің бейнеленуін заңды түрде реттеп, оларға қойылатын талаптарды бекітті [6].

Құжаттарды әзірлеу және ресімдеуге қатысты 1998 жылы 24 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының мәні айрықша [7]. Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, күшіне енгізу, өзгерту мен толықтыру, жариялау ерекшеліктері, мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын актілерді белгілейтін осы заңға сәйкес ұйымдық-өкімдік құжаттардың бір бөлігі - ережелер, қағидалар, нұсқаулықтар нормативтік құқықтық актілерге жатады. Демек осы құжаттарды ресімдеуде Заңның нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және ресімдеуге қатысты баптары да ескерілу қажет. Сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге, яғни құпия құжаттарына қатысты 1999 жылы 15 наурызда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңы қабылданды. Заңның 10-бабында «мемлекеттік органдар мен ұйымдар мемлекеттік құпияларды қорғау органдарымен өзара іс-қимылда құпияландырылуға тиісті мәліметтердің ведомстволық тізбесін әзірлейді; құпияландырылған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді» делінген. Құпия құжаттармен іс жүргізу дәстүрлі ағымдық іс жүргізуден бөлек ұйымдастырылады және өз қызметінде олар арнайы нормативтік құқықтық, әдістемелік құжаттарды басшылыққа алады.

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды арнайы сараптау, олардың басшыларын аттестаттауды өткізу мен ұйымдастырудың бірыңғай тәртібі арнайы ережемен белгіленген [8]. Құжаттарды мұрағатқа сақтауға өткізуге дайындауға қойылатын талаптар ҚР СТ 1237-2004 «Қағаз тасымалдаушылардағы құжаттар. Мұрағаттық сақтауға қойылатын жалпы техникалық талаптар» мемлекеттік стандартында көрсетілген.

Қабылданған негізгі іс жүргізу құжаттарына сүйене отырып, 2003 жылы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелері» әзірленді. Ұйымдар осы тұрпатты ережелерді қолдана алады немесе олардың негізінде іс жүргізу жөніндегі ведомстволық (салалық) нұсқауды әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының мұрағаттар мен құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып, бекітеді. Ол қағаз негіздегі секілді ақпараттық технология арқылы алынған





электрондық деректерді, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжаттар түріндегі құпиясы жоқ ресми құжаттарды жасаудың және олармен жұмысты ұйымдастырудың мемлекеттік ұйымдар үшін міндетті жалпы талаптарын белгілейді. Тұрпатты ережелерде ұйымға келіп түсетін кіріс, шығыс және ішкі құжаттарды, электрондық құжаттарды ресімдеу, тіркеу, өңдеу, олардың орындалуын бақылау, есепке алу формаларының түрлері, істер номенклатурасын әзірлеу, оған сәйкес істерді қалыптастыру және ведомстволық мұрағатқа өткізу тәртібіне қатысты талаптар, сонымен бірге ұйымның құжаттау мен құжаттаманы басқару ісіне басшылық пен бақылауды құжаттама қызметі жүзеге асыратыны бекітілді. Штат кестесінде құжаттама қызметі қарастырылмаған шағын ұйымдар мен ұйымның құрылымдық бөлімшелерінде құжаттама қызметін атқару лауазымды тұлғаға жүктеледі [9].

Қазіргі кезде мемлекеттік ұйымдармен қатар мемлекеттік емес ұйымдар да құжаттама қызметінде Құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелерін қолданып келеді.

Іс жүргізуде аяқталған құжаттарды ведомстволық мұрағатқа өткізу үшін жүйелеуде негізгі әдістемелік құжат «Мемлекеттік емес ұйымдардың істер номенклатурасын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар» 2001 жылы әзірленді. Әдістемелік ұсынымдар мемлекеттік мұрағаттардың толықтыру көздері саналатын мемлекеттік емес ұйымдардың істер номенклатурасын жасау, мақұлдау, келісу, бекіту және іс жүзіне ендіру тәртібіне қойылатын ортақ талаптарды белгілейді. Осы ұсынымдарда істер номенклатурасына «мемлекеттік емес ұйымдарда жүргізілетін сақтау мерзімі көрсетілген, белгілі тәртіппен ресімделген істер тақырыпшаларының жүйеленген тізбесі» анықтамасы беріліп, оның нақты, тұрпатты, үлгі түрлері анықталды.

Құжаттарды сақтауға іріктеп алуда олардың құндылығын сараптау мәселесіне үлкен мән беріліп, осы жұмысты орындайтын түрлі сараптау комиссиялары туралы ережелер әзірленді. Орталық сараптау комиссиясы мен Сараптау комиссиялары құжаттар мен істерді алдағы уақытта сақтау, пайдалану мақсатында алдын-ала құндылығын сараптау жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу үшін құрылады. Орталық сараптау комиссиясының сараптау комиссиясынан айырмашылығы ол осы міндеттермен қатар аумақтағы органдар мен мемлекеттік органдарға қарасты ұйымдардың сараптау комиссиялары қызметіне басшылық етуді, үйлестіруді жүзеге асырады.

Алдағы уақытта сақтау және пайдалану басты міндеті саналатын құжаттардың құндылығын сараптауда ақпараттық құндылығына орай олардың сақтау мерзімдері айқындалады. Осы тұста сақтау мерзімдері көрсетілген тұрпатты, ведомстволық құжаттар тізбелерін әзірлеу қолға алынып, 2001 жылы «Мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметінде қалыптасатын сақтау мерзімі көрсетілген жеке құрам құжаттарының үлгі тізбесі», 2005 жылы «Мемлекеттік ұйымдардың қызметінде қалыптасатын сақтау мерзімдері көрсетілген тұрпатты құжаттар тізбесі» жасалды. Тұрпатты құжаттар тізбесіне мемлекеттік ұйымдар қызметінде қалыптасқан және сақтау мерзімдері көрсетілген барлық құжаттар енген [10].

Мемлекеттік мұрағаттардың толықтыру көздері болып табылмайтын ұйымдар құжаттарының осы тізбеде сақтау мерзімі тұрақты деп көрсетілгендері кемінде 10 жыл сақталады. Мұндай құжаттарды ары қарай сақтау Қазақстан Республикасының заңдары нормаларына сәйкес немесе практикалық қолданылу

қажеттігіне байланысты. Электрондық құжаттардың сақтау мерзімдері олардың қағаздағы сәйкес құжаттарының сақтау мерзімдеріне тура келеді.

Ведомстволық мұрағаттың міндетті түрде әр мемлекеттік заңды тұлғада болуын бекітетін «Мемлекеттік заңды тұлғаның ведомстволық мұрағаты туралы үлгі ереже» қабылданды. Үлгі ереже бойынша ұйым ведомстволық мұрағатты қажетті жаймен, құрал-жабдықтармен, кадрлармен қамтамасыз етеді және мұрағатқа қабылданатын құжаттар құрамы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары айқындалды.

Сақтау мерзімдері көрсетілген тізбелер әзірленген кейін оның логикалық жалғасы ретінде «Ведомстволық мұрағаттар жұмысының негізгі ережелері» қабылданды. Бұл ережелерге сәйкес ұйымның ведомстволық мұрағаты қағаз негіздегі және электрондық құжаттарды жинайды, уақытша сақтайды, пайдаланады және оның құрамында электрондық құжаттар мұрағаты құрылады. Сонымен бірге ұйым жекешелендірілгенде, қайта ұйымдастырылғанда (таратылғанда) құжаттар сақтайтын орынды анықтау мәселелері қамтылған.

Құжаттардың ведомстволық мұрағаттарда сақтау мерзімінің шегін айқындауда «Мемлекеттік заңды тұлғалардың ведомстволық мұрағаттарында Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын сақтау тәртібі мен сақтау мерзімі туралы нұсқаулықтың» мәні үлкен [11]. Ол Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын мемлекеттік мұрағаттарға тапсыру мерзімдерін айқындап берді. Оған сәйкес ведомстволық мұрағаттарда жоғарғы және орталық мемлекеттік органдар қызметінде қалыптасқан құжаттар - 15 жыл; министрліктер мен өзге орталық мемлекеттік органдарға, ведомстволарға қарасты аумақтық органдар және өзге мемлекеттік заңды тұлғалар қызметінде қалыптасқан құжаттар - 10 жыл; қалалық және аудандық бағыныстағы мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметінде қалыптасқан құжаттар - 5 жыл; азаматтық хал актілерінің жазбалары, шаруашылық кітаптары, нотариалдық әрекеттегі жазбалар, мүлік орталықтарының құжаттары, сот істері 75 жыл; кинофоноқұжаттар мен видеофонограммаларға 3 жыл сақтау мерзімдері белгіленген.

Ақпараттық технологиялардың жедел дамуы мен жетілдірілуі ақпаратты тасушылардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелді. Нәтижесінде қағаз құжаттармен қатар қолданысқа енген электрондық құжаттар және олармен жұмыстың жаңа бағыты электрондық құжат айналымы қалыптасты. Электрондық құжат, электрондық құжат айналымы мәселелеріне қатысты маңызды нормативтік-әдістемелік құжаттар жасалды. ҚР Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 573 жарлығына сәйкес және 2001-2003 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын бекіткен ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы қаулысы бойынша Электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесінің бірінші кезегі әзірленді. Ал 2003 жылы Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы қабылданды [12]. Заң электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған, құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, құқықтық қатынастарға қатысушылардың электрондық құжат айналымы саласында туындайтын құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталды. Электрондық құжатқа «өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда табыс етілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат», электрондық-цифрлық қолтаңбаға «электрондық-цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар термині» деген анықтама берілді. «Электронды үкімет» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру да осы заңның нормаларына сүйенеді.

Заңның логикалық жалғасы ретінде «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымы ережесі» әзірленді [13]. Ереже электрондық құжатты қағаз құжатпен заң жүзінде теңестіріп, электрондық цифрлық қолтаңбаны жазбаша қолтаңбамен бір деңгейге қойды. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымын ұйымдастырудың тәртібі мен шарттарын белгілеп, ол талаптардың мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтері бар электрондық құжаттарға қатысты емес екенін бекітті.

Жалпы мемлекеттік органдарда ұйымдастырылатын электрондық құжат айналымы нақты көрсетілген функцияларды қамтамасыз етуі тиіс және электрондық құжаттардың көшірмелері болмайды, олардың барлық даналары түпнұсқа болып саналады.

Президент 2004 жылы 10 қарашада «Қазақстан Республикасында «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлыққа қол қойды. Бағдарламада ақпараттық қауымдасуды одан әрі дамыту, Үкімет пен аймақтық мемлекеттік органдардың бірлескен ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, осы саладағы технологияларды кеңінен қолдану арқылы жұмыс жүргізу механизмін айқындау, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қызмет көрсету бағытын ұстану мәселелері қамтылған [14].

Қоғамның дамуында ұйымдық-өкімдік құжаттармен қатар жеке сипаттағы азаматтар өтініштерінің де маңызы үлкен. Ұйымдардың қызметінде азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеуге аса көңіл бөлінуі тиіс. Іс жүргізумен тығыз байланысты бұл міндет әдеттегі іс жүргізуден бөлек жүргізіледі. Азаматтар өтініштерімен іс жүргізуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы «Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығы негізінде жүргізіліп келді. Алайда жарлық Қазақстан Республикасының Конституциясы қолданысқа енбей тұрып шығарылған болатын. 1995 жылы Конституция қабылданғаннан бері Жарлыққа Конституция баптарына сәйкес тиісті өзгертулер енгізілмеді [15]. Шетелдік тәжірибе зерттеліп, Қазақстан Республикасы заңнамаларындағы бірқатар ақтаңдақтар анықталды. Талдау нәтижелері негізінде бұл саланың жұмыс әдістерін жетілдіруге байланысты тұжырымдама әзірленді. Қорытынды мәліметтер Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалар өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң жобасын әзірлеуде пайдаланылып, 2007 жылы 12 қаңтарда Президент заңға қол қойды.

Заңда бұрын қолданыста болған Жарлықта жоқ бірқатар ережелер бар. Мәселен, 4-бапта жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу мен қарауға байланысты құқықтық қатынастарды тұрпатты сипатта және жүйелі түрде реттейтін негізгі принциптер белгіленді. 5-бапта өтініштердің қандай жағдайда қаралмайтыны белгіленген. Қаралмайтын негізінен иесі бүркемеленген өтініштер. Мемлекет қауіпсіздігін сақтауға, жасалған немесе жасалғалы жатқан қылмысты

істерге байланысты мәліметтері бар өтініштер бұлардың қатарына жатпайды.

Заңда ақпаратты электрондық негізде жөнелту ісінің кеңінен таралуы еске алынып, ақпараттық жүйе бойынша келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат айналымы туралы заңнама талаптарына сәйкес өтініштер тиісті баптарда белгіленген тәртіп бойынша қаралатыны көрсетілген. Өтінішті қарау мерзімдері нақты реттеліп, өтініштерді өзге мемлекеттік органдарға тапсыру уақыты бес күннен үш күнге қысқартылды.

Мемлекеттік органдар заңға сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтініштері бойынша жүргізген жұмыстары жөнінде статистикалық есеп беріп отыруға міндетті. Сонымен аталған заң жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және олармен жұмыс жүргізу тәртібін толық реттейтін нормативтік құқықтық акт.

Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық базаның салмақтылығы әлі де оны жетілдіре түсуді қажет етеді. Өйткені қолданылып келе жатқан нормативтік құқықтық базаның кемшілігі оның тек мемлекеттік құрылымдарға ғана бағытталғандығы. Осының салдарынан дәлелмен көз жеткізу, құжаттардың заңды күші жөніндегі мәселелер бірінші кезекте тұрса да, мемлекеттік емес құрылымдардың талайы нормативтік құқықтық актілер аясынан тыс тұр. Мұнымен қоса, басқаруды құжаттау және құжаттамамен қамтамасыз ету саласында туындайтын қарым-қатынас мәселелерінің заң жүзінде тек бір бөлігі ғана реттелген [16].

Іс жүзінде «Ұлттық мұрағат және мұрағаттар туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңдарының басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласын реттеуге толықтай бағытталмағаны, құжаттарды ресімдеу бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттардың тек ұйымдық-өкімдік құжаттар түрлерін ғана қамтуы әлі де бұл мәселелерді шегелеуді қажет етеді. Екіншіден, Қазақстанның ғаламдық процестерге араласуы, халықаралық сапа менеджменті стандартын ендіруі құжаттама саласын да халықаралық стандарттар талаптарына бейімдеуді қажет етеді. Сондықтан ISO 15489 «Ақпарат және құжаттама - Құжаттаманы басқару» халықаралық стандартын қолдану мүмкіндіктері әбден сезіліп отыр. Осындай жағдайлар республикада басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін дербес нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттігін көрсетеді. Бұл мәселеде шетелдік тәжірибенің де ықпалы бар. Мәселен, АҚШ-та федералдық құжаттаманы басқару туралы заң 1950 жылдан бері қолданылып келеді. 1980 жылы әкімшілік қызметінің құжаттама саласы бойынша бірыңғай құқықтық негіз жасау мақсатында құжаттармен жүргізілетін жұмыстарды қысқарту туралы заң қабылданды.

Германияда 1995 жылы іс жүргізудің бірыңғай жүйесін мақұлдап, заң қабылдады. 2000 жылы 26 шілдеде Үкімет федералдық министрліктер жұмысының жаңа Жалпы ережелерін қабылдады. Онда қағаз құжаттарды өңдеудің ұйымдық-технологиялық процедуралары және электрондық құжаттармен жұмыстың нақты ережелері толығырақ көрсетілген. Бұл ережелер Германияда қабылданған «Заманауи мемлекет – заманауи басқару» мемлекеттік бағдарламасымен тығыз байланысты.

Австралияда 1996 жылы құжаттаманы басқарудың ұлттық стандарты қабылданды. Әлемдегі осы сала бойынша тұңғыш саналатын стандарт құжаттаманы басқару халықаралық стандартын әзірлеуде негізге алынды. Осындай заңдар Финляндия, Англия, Чехияда да қабылданған.





Шетелдік тәжірибеде соңғы онжылдықта басқару саласына және мемлекеттік құрылымдар мен азаматтар арасындағы өзара қатынастарға құжаттарды өңдеудің ақпараттық технологиялары мен электрондық құжат айналымын ендіруді құқықтық қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, 2000 жылы АҚШ-та «Штаттар арасындағы саудада және сыртқы саудада электрондық құжаттар мен қолтаңбаны пайдалануға көмек көрсету туралы» заң қабылданды. Ұлыбританияда ведомстволар азаматтарды электронды түрдегі құжаттардың стандартты формаларымен қамтамасыз етеді. Швецияда 1999 жылы мемлекеттік мекемелер сатылымдардың 95 пайызын мәмілелерді қағазсыз ресімдеу арқылы жүзеге асырылған. Австралияда коммуналдық төлемдерді төлеу, азаматтық хал актілерін ресімдеу, лицензиялар мен өзге рұқсаттарды алу әрекеттері электрондық технологиямен қамтамасыз етілген. Мұның барлығы нені көрсетеді? Бір нәрсенің анықтығы мәлім. Құжаттармен жұмыс жүргізуді заңмен қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеті. Сондықтан Қазақстанда да алдыңғы қатарлы елдердегідей құжаттаманы басқару мәселелерін реттейтін жеке заңның қабылдануы қажет.

Құжаттама маманы Е. Жүсіповтың пайымдауынша, басқару қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету туралы заң маңызды міндеттерді шешуге ықпал етеді. Біріншіден, құжат әзірлеу, құжаттау және құжат айналымы саласында оларды жеңілдету, біріздеу мен ақпараттандыру бағытындағы мемлекеттік саясатты белгілеу. Екіншіден, құжаттауды барынша жеделдету және қабылданған басқару шешімдерінің негізділігін күшейту арқылы басқару органдарының, ұйымдардың жұмыс тиімділігін арттыру. Үшіншіден, құжаттардың формаларын, түрлерін және көлемін азайту, құжаттар бойынша атқарылатын жұмыс көлемін қысқарту, құжатталған ақпараттарды жинау, сақтау, тарату және пайдалану бағасын арзандату, құжатталған ақпараттардың пайдалылығын көтеру. Төртіншіден, басқару ісін құжаттамамен қамтамасыз ету процесіндегі ақпараттық қауіпсіздік. Бесіншіден, құжаттарды ұсыну формаларының заңдылығы мен сенімділігі [17].

Мемлекеттік органдардың жұмысын, тұтастай алғанда басқару жүйесін жетілдіру мақсатында төрешілдікпен күресу және құжат айналымын қысқарту шаралары көзделді. Осы мақсатта 2000 жылы 30 шілдеде Президент «Мемлекеттік аппараттың жұмыстарын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы» № 427 жарлығына қол қойды. Онда Қазақстанның 2030 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспарын және оның ұзақ мерзімді «Кәсіби мемлекет» басымдығын орындау мақсатында 2000 жылдың 1 қазанына дейін Үкіметке орталық және жергілікті атқару органдарының жұмысын жақсарту жөнінде түпкілікті шаралардың кешенін әзірлеуді тапсырды. Ең бастысы министрліктер құрамындағы комитетттер мен департаменттер, агенттіктер, жергілікті атқару органдар басшыларының рөлі мен жауапкершілігін арттыру; бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру, ол үшін мемлекеттік органдардың Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін кезең-кезеңімен әзірлеу, Президент Әкімшілігі, Премьер-министр Кеңсесі, орталық және жергілікті атқару органдарының анағұрлым даярланған жүйелері базасында оның негізгі элементтерін қолданып көру тапсырылды. Бүгінде бұл мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асып келеді.

Республикада құжаттама жүйесін дамыту бағыттары «Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында» нақтыланған. Бағдарламада оның мақсаты мен

міндеттері нақтыланып, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, құжаттама саласын дамытудың басты бағыттары бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізу көзделген.

Біріншіден, жалпы мемлекеттік деңгейде құжаттарды жасау, ресімдеу, басқару қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету технологиясының бірыңғай принциптері халықаралық ISO 9000 и ISO 15489 стандарттары деңгейінде белгіленеді. Екіншіден, Ұлттық мұрағат қоры құжаттары бойынша мәліметтер базасын ары қарай дамыту және оны «электронды үкіметпен» интеграциялау жүргізіледі. Үшіншіден, мұрағат ісі мен құжаттама салаларында шетелдермен өзара тиімді байланыстар орнатылады. Халықаралық байланыстар шеңберінде 2007 жылы 5-7 карашада Астанада Халықаралық Мұрағаттар Кеңесінің Евро-Азиялық өңірлік бөлімшесінің (Евразика) VIII Жалпы «Электрондық құжат айналымы және мұрағаттар» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Украина мүше мемлекеттерінің мұрағат қызметі басшылары және Латвия, Польшадан өкілдер қатысты. Жалпы 2007-2009 жылдарға арналған мұрағат ісі мен құжаттаманы дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижесінде көлемі 2010 жылға қарай шамамен он бес пайызға өсетін ҚР Ұлттық мұрағат қорының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жасыратын жоқ осы күнге дейін басқару қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету нормалары мен принциптерінің заң жүзінде бекітілмеуі осы салада бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуге, қағаз құжаттары көлемін қысқартуға, электрондық құжаттарды қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік бермей отыр. Әрі құзыреті деңгейі мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан барлық ұйымдарда құжаттардың жасалуынан бастап мұрағатқа өткізгенге дейін пәрменді бақылау жасауға да кедергі болуда. Бұл мәселеде Ақпарат және мұрағаттар комитетінің құзыреті шектеулі.

Қазақтанның Әлемдік сауда ұйымына кіруі қазіргі нормативтік құқықтық базаны халықаралық стандарттармен үйлестіруді қажет етеді. Бүгінде бағдарламада көзделген құжаттама саласының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша «Басқару қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету туралы» заң жобасы әзірленді. Бірақ ҚР Үкіметі жанындағы заң жобалау қызметінің мәселелері бойынша ведомстволық комиссиясының шешімімен (2007 жылғы 4 мамырдағы № 133 хаттама) министрлікке құжаттамамен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу ұсынылды. Осы ұсынысқа сәйкес 2007 жылы 19 мамырда ҚР Үкіметіне «ҚР-ның құжаттамамен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы енгізілді. Жоба Парламенттің карауына жіберілді. Қазіргі уақытта заң жобасы мәжіліс комитеттерінің отырыстарында талқыланып, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына енгізілді [18].

Сонымен іс жүргізудің нормативтік құқықтық және нормативтік әдістемелік негізі әлі де оны жетілдіре түсуді қажет етеді. Осы бағытта ең бастысы республикалық нормативтік-әдістемелік құжаттар халықаралық стандарттарының нормаларын ескерген, еліміздің ішкі басқару принциптері мен жұмыс тәртібіне негізделуі тиіс. Ал ISO 15489 халықаралық стандартын ендіру құжаттаманы





басқару саласымен бірге бүкіл ұйымның басқару жүйесін жетілдіруге, әсіресе, басқару мәдениетін қалыптастыруға, нақтырақ орындау тәртібін күшейтуге, құжаттар санын азайтуға мүмкіндік беріп, жалпы алғанда ұйымның өндіріс тиімділігін арттыратыны анық.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1.Қазақстан: мемлекетттілік кезеңдері. Конституциялық актілер - Казахстан: этапы государственности. Конституционные акты /Құраст. Ж. Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 112-124 бб.

2. Сонда. -112-113 бб.

3. Қазақстан Республикасының барлық ұйымдық-хұқықтық нысандардағы бірлестіктерінде (кәсіпорындарында), мекемелері мен ұйымдарында құжаттаудың және құжаттама басқарудың негізгі ережелер – Основные правила документирования и управления документацией в объединениях (предприятиях), учреждениях и организациях всех организационно-правовых форм Республики Казахстан. – Алматы, 1992. -214 б

4. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-І «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы.

5. ҚР СТ 1037-2001. Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар – СТ РК 1037-2001. Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения.– Астана, 2001. – 21 б.

6. ҚР СТ 1042-2001. Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар – СТ РК 1042-2001. Организационно-распорядительные документы. Требования к оформлению документов. – Астана, 2001.

7. Қазақстан Республикасының 1998 жылы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы.

8. Постановление Правительства Республики Казахстан от 10.05.2001 г. № 619 «Правила проведения специальной экспертизы организаций и аттестации их руководителей для получения по защите государственных секретов Республики Казахстан».

9. Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелері. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі № 33 бұйрығымен бекітілген.

10. Перечень типовых документов, образующихся в деятельности государственных организаций, с указанием сроков хранения. – Алматы, 2005.

11. Инструкция о порядке и сроках временного хранения документов НАФ РК в ведомственных архитвах государственных юридических лиц. Утверждена Приказом Комитета по управлению архивами и документацией МКИОС РК от 26 декабря 2000 г. № 83.

12. Қазақстан Республикасының 2003 жылы 7 қаңтардағы № 370-ІІ ҚРЗ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы.

13. Правила электронного документооборота государственных органов Республики Казахстан // Сборник нормативных правовых актов, научно-методических документов в области архивного дела. - Астана, 2007. – С. 72-78.

14. Адельгужин А. Құжаттау және мұрағат ісі жөніндегі нормативтік құқықтық база / Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу - Делопроизводство в Казахстане. 2007. № 1(1). - 18-19 бб.

15. Рысқұлов Д. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына түсіндірмелер // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу - Делопроизводство в Казахстане. 2007. № 5(5). - 8 б.

16. Жүсіпов Е. «Басқару қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңын қабылдау қажет // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу - Делопроизводство в Казахстане. 2007. № 2(2). – 23 б.

17. Сонда. - 25 б.

18. Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын 2007 жылы іске асыру жөніндегі есеп // Қазақстан мұрағаттары (Архивы Казахстана). 2007. № 3-4 (43-44). – 39 б.

# Латын графикасына көшудің тарихи - тілдік және мәдени аспектілері: саяси талдау

**Айдос САДУАҚАСОВ,**
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының аспиранты

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттердің дербестігін оның территориясы, халқы, экономикасы, қазба байлықтары ғана емес, мәдени құндылықтары да айғақтайды. Себебі, мәдени құндылықтың ең құндысы – тіл десек, тілсіз ұлттың болашағы жоқ екені белгілі. Сондықтан да болар Алаш ардақтысы, көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынов кезінде «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп айтып кеткен. Бұл ойды ойшыл ғалым, көрнекті жазушы жай айтпаса керек. Қазақ тілінің болашағына алаңдап айтса керек.

Тіл тәуелсіздігін – ұлт тәуелсіздігімен қатар қоюға болады. Себебі, елдің ана тілі дамымайынша, сол елдің негізгі ұлтының да саяси мәртебесі мен оның мемлекеттік дербестігін сақтап қалу қабілеті де кеми түспек. Бұл орайда Қазақстанның мемлекеттік тілі - қазақ тілінің бүгінгі мүшкіл халі баршамызға мәлім.

Біздіңше, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамымай келе жатуының бірнеше факторы бар. Оларды атап айтар болсақ, біріншіден – тіл туралы заңнаманың шикілігі, елде қазақ тілімен қатар орыс тіліне ресми мәртебе берілуі, екіншіден – мемлекеттік тілді білуді мемлекеттік деңгейде талап ететін және қажеттілік тудыратын шаралардың жеткіліксіздігі; үшіншіден – қазақ тілінде білім беретін мектепке дейінгі мекемелердің аздығы, төртіншіден – мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдарының аздығы мен өзге тілді немесе өзге елден келетін ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі, еліміздегі барлық ұлт пен ұлысқа ортақ ресми түрде бекітілген ортақ әліпбидің жоқтығы. Міне, осы факторлар жиылып келе біздің тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде мойындалуына кедергі келтіріп отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әрдайым «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін!» деп үндеу тастауының өзінде үлкен мән жатыр. Себебі қазақ пен қазақ қазақша сөйлеспейінше, өзге ұлт қазақ тілін үйренуге аса талпыныс білдіре қоймайды. Сондықтан да біздер - қазақ азаматтары өз тілімізді өгейсітпеуіміз қажет.

Осы мақаламда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс табуы үшін аса маңызды идеологиялық құрал - әліпби жөнінде сөз қозғамақпын. Баршамызға мәлім, кеңестік саясат түркі халықтарын, оның ішінде қазақ халқын бірнеше ғасыр қатарынан төл жазуы жоқ (мұның астарында мәдени және тарихи негізі жоқ деген ой жатыр) халық ретінде қасақана карастырып келді. Осылайша, қазақ халқы өзге түркітілдес халықтар тәрізді өз әліпбиін бірнеше рет өзгертуге мәжбүр болды. Графика ауыстыру ол көйлек ауыстыру емес, бейнелеп айтсақ, біздің миымызды, көзімізді, құлағымызды, тілімізді және қолымызды ауыстырумен тең құбылыс. Олай дейтін себебім, графика ауыстырған сәтте халықтың жаңа әліпбиді үйренуі, ол үшін миға күш түсіруі, бұрынғы таныс әріптердің орнына көзін жаңа әріптерге үйретуі, құлағын жаңа дыбыстарға тосуы, қолымен бейтаныс таңбаларды жазуына тура келеді. Ал мұндай бірнеше уақытты қамтитын реформаға барлық адамның бірдей интелектуалдық және писхологиялық мүмкіндігі жете бермейді. Оның үстіне, графика ауыстыруда жергілікті халықтың емес, отарлаушы ұлттың мүддесі басым тұрса, онда бұл халықты күштеп, еріксіз әріп ауыстыруға итермелеу болып шығады. Дәл осындай жағдайды XX ғасырда қазақ халқы 2 рет бастан кешті. Әуелі сан ғасыр меңгеріп келген араб жазуын латын графикасына, онан соң бұл қаріпті араға 10 жыл өтер - өтпестен кирилл жазуына ауыстырудың салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық төл тілінен ғана емес, төл болмысынан да айырылып қала жаздады. Олай дейтініміз, осы отарлық саясаттың көздегені қазақ ұлтына орыс тілін күштеп енгізу және қазақтың санасын орыстандыру болатын. Бұл мақсат орындалды да. Қазіргі біздің арамыздағы көптеген қазақтардың өз тілінде сөйлей алмауы, сөйлегісі келмеуі міне осы кеңестік миссионерлер қолымен жүргізілген әліпби реформасының жемісі. Ал бұл мәселені шешуде бізге міндетті түрде қазақ әліпбиін орыс әріптерінен тазарту қажеттігі туындайды. Себебі қазақ тілінде, ғалымдардың пайымдауынша, басы артық орыстың 14 әрпі бар екен. Бұған қоса қазақтың 42 әріптен тұратын әліпбиі қазақ тілінің емес, орыс тілінің заңдылығына бейімделіп кеткен. Қазақ әліпбиін орыс тілінің заңдылығына бейімдеу де кеңестік кезеңде орын алды. Осының салдарынан қазақ тіліне шет тілдерінен енетін көптеген сөздер орыс тілінің айтылым және жазылым дәстүрімен енді. Бұл дегеніңіз ұлттық тілді орысшаға, яғни ойың мен санаңды орысша жұмыс істеуге мәжбүрлеумен тең. Осылайша қосамжар орфографиялық қағидаттарға негізделген кириллица негізіндегі әліпби тәуелсіздік алғанымызға 17 жылдан асқанына қарамастан қазақ тілінің дамымауына, керісінше одан әрі құлдырауына қызмет етіп келеді. Ал осы кезең ішінде көршілес өзбек, түрікмен және әзербайжан ағайындар латын графикасына көшу арқылы өз тілдерін орыс тілінің ықпалын құтқарып алды. Олар тек орыс тілінің ықпалынан ғана емес, орысша ойлаудан, орысша сөйлеу мәнерінен, құлдық санадан біржолата құтылып келеді. Ал бұл реформа осы халықтардың бойында отаншылдық сезімді кеңестік кезеңдегі жазу негізінде емес, ұлттық тіл дәстүріне негізделген жазу тұрғысынан ұғынуына әсер етуде. Тарихи және мәдени тұрғыдан латын графикасына көшудің мәнін терең түсінген бұл мемлекеттер қазақ халқының да осы графикаға ауысуын құп көреді. Себебі, кириллицаны енгізу арқылы олар тартқан қасіретті бізде тартып жатқанымызды көздері көріп отыр. Оған қоса, латын графикасына көшу арқылы бұл мемлекеттер өздерінің ұлттық тілдерін жетекші тілге айналдырып, оны барлық ұлт пен ұлыс өкілінің мойындауына алып келді. Ал бұл дегеніңіз Өзбекстанда өзбек тілінің мойындалуы - өзбектердің, Түрікменстанда түрікмен тілінің мойындалуы – түрікмендердің, Әзербайжанда әзербайжан тілінің мойындалуы - әзірбайжандардың саяси тұрғыдан жетекші ұлтқа айналуына, сол арқылы осы елдердің мемлекеттік тұрғыдағы дербестігіне қол жеткізіп отыр.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде адамзат баласы соңғы озық технологияларды қолданудан бас тарта алмайды. Себебі, компьютер, Интернет, мобильді теле-

фон, сканер секілді құрылғылар адам өмірін барынша жеңілдетіп отырғаны баршаға мәлім. Ал бұл құрылғылардың қызметі негізінен латын графикасына негізделген. Қазақ тіліндегі мәтіндердің Интернетте толық оқылмауы, қазақша жазылған хаттардың келесі адамға электронды пошта арқылы қабылдап, оқығанда түсініксіз қаріптермен баруы тек техникалық, психологиялық мәселе ғана емес, бүтіндей ұлттың технология жетістігін әліпби салдарынан пайдалана алмауы секілді намысыңды қоздыратындай күйге түсіруіне әкеліп соқтыруда. Ал соның салдарынан қазақтар өзінің төл әріптерін амалсыз орыс әріптерімен ауыстырып жазуға мәжбүр болуда. Мәселен, «Мен қазір сенің үйіңе барамын, маған қазақ тіліндегі әдебиет қажет» деген сөйлемді амалсыздан «Мен казир сенин уйыне барамын, маган казак тылындегы адебиет кажет» деп, өз тілімізді өзіміз масқаралауға дейін барып отырмыз. Ал бұлайша тіліміз сорлап тұрғанда қазақ тіліндегі сайттардың көбеюі былай тұрсын, қазақша жазатын адамның өзі амалсыздан өз ойын орысша жазуға мәжбүр болады емес пе? Ал бұған көз жұмып отыра берсек, біздің ұлттығымыз, мемлекеттігіміз қайда? Міне, сондықтан да бізге бүгінгі таңда латын графикасына көшу аса қажет болып отыр.

Жазу - адамның психологиялық сана-сезіміне ықпал ететін құрал. Мәселен, бүгінгі қазақ графикасын меңгермеген немесе жеткілікті білмейтін орыстілді қауым үшін теледидар титрлерінде жазылатын жазу қызықсыз. Өйткені олар оны түсінбейді. Түсінбейтін себебі олар оны жөнді оқи да алмайды. Интернеттегі қазақ тілді сайттардағы кириллица қарпімен жазылған қазақша мәтіндерді көргенде де олар «түсінбеймін» деген оймен назар аудармайды да. Егер біз латын графикасына көшсек, онда бұл графика орыстілді қауымға жақсы таныс болғандықтан, олардың психологиясында «оқи аламын, түсінем» деген ой туады да, оған назар аударады. Осылайша, теледидар титрлеріндегі, Интернеттегі латын графикасымен берілген қазақша мәтіндерді оқып - түсінетіндердің қатары көбейеді. Бұл өз кезегінде қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, қазақ жазуына деген өзге тілді азаматтардың психологиялық кедергісін де жояды.

Тарихта 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасында болғанымыз белгілі. Он жылдай қолданыста болған тұста қазақтар бұл қаріпке үйреніп те қалған болатын. Осы кезеңдегі латын графикасының қолданысы жайлы тіл зерттеуші ғалым Есекеева Мағрипа былайша баяндайды: «Латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме Қазақстанда 1923 жылдың аяғында Мәскеу, Орынбор, Ташкент тәрізді ірі қалалардағы зиялы азаматтар мен сол жерлерде білім алып жүрген қазақ жастары тарапынан көтерілді. Бұл мәселенің көтерілуінің негізгі себебі, сол кезде Кеңес Одағының жүргізіп отырған саясатына орай, КСРО құрамындағы барлық түркі халықтарында латын жазуына өту жайлы сөз бола бастаған еді, сондай-ақ өркениетті Европа елдерінің латын жазуын қолдануы, Түркияның латын әліпбиіне көшуі де себепші болды. Олар өз ойларын баспасөзде жариялап, араб жазулы қазақ әліпбиин ауыстыру жөнінде Қырғыз (қазақ) білімпаздарының 1924 жылы жазда болатын тұңғыш съезінде талқылауды ұсынды» [1, 68]. Дегенмен, сол кезеңнің өзінде қазақ халқы латын графикасына оп-оңай көше қойған жоқ. Ел ішінде ұзаққа созылған айтыс-тартыстардың, түрлі жиналыстардың өткендігін сол тұстағы қазақ басылымдарынан білуге болады. Ел ішінде латынды жақтаушылардың қатарындағы





көрнекті тұлға ретінде Нәзір Төреқұловты, ал араб жазуында қалуды жақтағандардың арасындағы сөзі өтімдісіне – Ахмет Байтұрсыновты айтуға болады. Қазақстанның латын графикасына көшуіне туысқан ел Түркияның да ықпалы болмай қалған жоқ. Бұл жөніндегі деректі Срайыл Смайылдың еңбегінен де кездестіруге болады: «Араб әліпбиімен түрік сөздерін дәл сол күйінде жазу мүмкін емес. Түрік тілі дауысты және дауыссыз дыбыстарға бай. Ал ғасырлар бойы қолданылған араб әліппесінде дауысты дыбыстар санаулы болғандықтан, түрікше сөздер дұрыс жазылып оқылмайтын. Барша түркітілдестерге тән осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Қазақстанда 20-жылдары ұлы ғұлама Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиі негізінде төте жазу үлгісін жасады. Көмескі деректер 1918-20 жылдары өмір сүрген тұңғыш тәуелсіз Әзірбайжан мемлекеті латын әліппесін қабылдауға әрекет жасағанын алға тартады. Жаңалық көрші түріктерге ерекше әсер етті деседі. Әйтсе де Түркияда бұл бағытта дайындықтар Мұстафа Кемалдың ұйытқы болуымен 1928 жылы басталды. Мамандардан құрылған комиссия Ыстамбулдағы Долмабахче Сарайында сегіз ай бойы жұмыс істеді. Ататүрік бұл істі тікелей өзі қадағалап отырды. Ол жаңа жазуды жұрттың ғалымдары айтқандай 5-10 жылда емес, өте қысқа мерзімде меңгеруі үшін бар күшті жұмылдырды. 1928 жылғы 9-тамызда сөз сөйлеп, Түркияның латын әліпбиіне көшетінін жариялады. Сол жиында әлеуметке үн қатты: «Жолдастар, көркем тілімізді сындырмай сөйлейік деп жаңа түрік әліпбиін қабылдадық. Отандастар, жаңа түрік әліппесін тезірек меңгеріңдер! Бүкіл ұлысқа, шаруа мен шопанға, жүк тасушы мен қайықшыға үйретіңдер. Мұны ұлттық әрі әрі отансүйгіш борыш деп біліңдер!» [2, 78].

2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «... қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Мамандар жарты жыл ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс» деп, Үкіметке тапсырма берді. Осы сессиядан соң елімізде латын графикасына көшу мәселесі қызу қолға алына бастады. Бұл жөнінде белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев былай дейді: «Латын әліпбиі төңірегінде қазір зиялы қауым тарапынан түрлі пікірлер айтылып, қызу пікірталас өрбіп отыр. Олардың арасында ғылыми негізі берік, орынды айтылған ұсыныс-пікірлермен қатар, артық-кем айтылған үстірт пайымдаулар да бар. Бұл - табиғи құбылыс. Біз үшін қазір ең маңыздысы – шет елдер тәжірибесін зерделеумен қатар, өз ғалымдарымыз бен сала мамандары тарапынан айтылған, жазылған әр пікірді салмақтап, сараптан өткізіп, терең талдаулар жасап барып, түбегейлі шешім қабылдау. Әліпби мәселесі – қазір бүкіл қоғам назарын аудартып отырған, ел болашағы үшін аса маңызды іс. Сондықтан да оған асқан жауапкершілікпен қарауға міндеттіміз» [3, 3].

Расында да, министрдің сөзінің жаны бар. Біз латын графикасына көшкен түркітілдес мемлекеттердің тәжірибесін зерделеп, олардың жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін әбден саралап алуымыз қажет. Латын графикасына көшу кезінде лингвистикалық жұмыстардың жүргізілу сипаты жөнінде Гүлсім Бөлеген, Әлия Бөлеген, Бәтен Төрехан, Әлмағамбет Төрехан, Мұрат Алтайлардың ойлары да назар аударуды қажет етеді: «Латын әріптерін әрбір халық өз тіліне лайықтап пайдаланып келеді. Сонда біздің байқағанымыз, латын

әрпі дыбысталуының 70-80 пайызы оны қабылдаған халықтар үшін ортақ болып келетіндігі. Қалған 20-30 пайызы әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай икемделеді. Біздің жағдайда да осы принцип сақталатыны сөзсіз. Бірақ қазақ тілі Европа тілдеріне қарағанда дыбыс байлығы жөнінде ерекшеленетін болғандықтан, 26 әріп жетпеген жерде апострофтың (') көмегіне баруға, некен-саяқ болса да символдарды қосарлауға мәжбүрміз. Бір жағынан апостроф (') біздің жобамызда жіңішкелік белгісі ретінде қолданылатындықтан, оған біз латын әріптері негізіндегі қазақ алфавитінің, кейінірек түркі халықтарының ортақ алфавиті ретінде қабылданып жатса, оның да өзіндік белгісі деп қараймыз. Европа, Азия, Африка, Америка халықтары қабылдаған латыннан бір айырмашылығымыз осы апостроф (') болмақ» [4, 106].

Әлем халықтарының жазуын тарихи - лингвистикалық тұрғыдан сараптаған белгілі жазушы, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Әбіш Кекілбайұлы «Өркениет өзегі» атты мақаласында мынадай деректер келтіреді: «Тарихта жазудың төрт жүз түрі болғанымен, бұл заманда соның жиырмадайы қолданыста жүргенімен, ең көп қолданылатын бес жазудың қатарына - әлем тұрғындарының 30 пайызы пайдаланатын латын, 10 пайызы пайдаланатын кирилица, 10 пайызы пайдаланатын араб, 20 пайызы пайдаланатын буындық - үнді, 25 пайызы пайдаланатын түбірлік - қытай жазулары жатқызылады. Ал қалған грек, еврей, эфиоп, гүржі, әрмен және басқа тілдерде жер шарының бар болғаны 5 пайызы ғана жазып - оқиды» [5, 5].

Қорыта айтқанда, бүгінгі ақпараттық соғыс өршіп, жаһандану үрдісі қарқынды жүріп жатқан тұста әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде Қазақстанның да өз тілін, өз жазуын реттеуі, бәсекеге сай етіп дамытуы қажет. Ал бұл істе бізге әлем халқының басым көпшілігі өз тіліне сай қолданатын латын графикасын пайдаланғанымыз жөн. Сонда біздің шұбарланған тіліміз тазарып, ұлттық сана-сезіміміз бен мемлекетік деңгейдегі қазақы болмысымыз арта түспек.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Есекеева Мағрипа: «Қазақ жазуының тарихи негіздері». Оқу құралы. Астана: «Еуразия ұлттық университеті» баспасы. 2002. – 120 бет.
2. Срайыл Смайыл: «Ататүрік», Алматы «Жас түркістан» баспасы, 1998 жыл. 78-бет
3. Жансейіт Түймебаев. «Тіл бірлігі – ел бірлігі». «Егемен Қазақстан». 07.02.2007. 3-бет
4. Гүлсім Бөлеген, Әлия Бөлеген, Бәтен Төрехан, Әлмағамбет Төрехан, Мұрат Алтай: «Қазақ әліпбиі – 27 әріп немесе түркі халықтарының ортақ алфавиті». «Тіл және қоғам». 2/2004. «Атамұра». Алматы
5. Әбіш Кекілбайұлы: «Өркениет өзегі». Эссе. «Егемен Қазақстан». 18.05.2007. 5-бет






# Қазақстан интеллектуалды элитасының қалыптасуының ерекшеліктері

**Дастан КӨШЕРБАЕВ**
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының ізденушісі

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен демократиялық мемлекет құрудың қиын да ұзақ жолын басынан өткеруде. Осы жолда жасалған реформалар қоғамның бүкіл салаларын түбегейлі өзгертті. Экономиканың артынан саяси жүйе, қоғамдық тәртіп, жалпы әлеуметтік-рухани жәй-күй өзгеріске ұшырады. Тәуелсіз мемлекет құрудың бастапқы 1991-1995 жылдардағы кезеңінде «жекешелендіру» саясатының оң нәтиже бермеуі, парақорлықтың, трайбализмнің мемлекет өміріне терең сіңуі, жұмыссыздықтың кең етек алуы және т.б. әлеуметтік-экономикалық мәселелердің көтерілуі мемлекеттен байыпты, саналы да сапалы реформаларды қажет етті. Осы тұста тоз-тоз болған елдің жалғыз жанашыры, алға ту етер тірегі интеллектуалды элита еді. Интеллектуалды элита әлеуметтік топ ретінде азаматтық қоғам құрудағы және демократиялық құндылықтарды енгізудегі қоғамның «модернизацияланған» немесе жаңашыл, реформашыл бөлігі болып табылады.

Әрине, кез-келген құбылыстың өзіндік даму заңдылықтары мен жолдары болады. Сол сияқты интеллектуалды элита да бірден пайда болған әлеуметтік-кәсіби топ емес. Онында өзіндік даму заңдылықтары мен ерекшеліктері бар. Ол өзін қоршаған ортаның ерекшелігіне сәйкес қалыптасып, дамиды. Сол мәдени-тарихи ерекшеліктедің шеңберінде, италиян философы Антонио Грамши көрсеткендей, органикалық – интеллектуалды элита қалыптасады [1]. Органикалық – интеллектуалды элитаға халықтың атақ-абыройына өз еңбектерімен, көп оқып үйрену нәтижесінде жеткен ғалымдар жатады. Яғни, Мұхтар Әуезов ағамыз: «... кітап атаулы досы бола бастаған шақтан әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады» [2] – дегеніндей. Интеллектуалды элита оқу, білім жинақтау нәтижесінде қалыптасады.

Жоғарыда айтқандай, әр елдің өзіндік мәдени-тарихи ерекшеліктері болады. Оқыған қауымның санының карқынды артуы мен оның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер бүкіл дерлік коммунистік режимдерге тән тарихи құбылыс еді. Мұндай ерекшеліктерден кеңестік қазақстан интеллектуалды элитасының да тысқары калмағандығын Р.Б. Сулименов, Ш.Ю. Тастанов «Интеллигенция и перестройка» атты еңбектерінде былай көрсетеді: «... бұл мәселе Қазақстан және Орта Азия интеллигенциясына да қатысты қолданылады.... Бәрімізге белгілі, бұл жерде интеллигенцияның қалыптасуы мен дамуы ерекше жағдайларда өткен және өтуде. Мұның бәрінің өзіндік терең тарихы бар. Олар революцияға дейінгі кезеңнен және осы ғасырдың 20-30-шы жылдарынан бастау алады» [3]. Бұл қазақ кеңестік

интеллектуалды элитасының қалыптасуы мен дамуы бұрынғы Кеңес Одағы республикаларына тән ортақ заңдылықтар шеңберінде жүруімен түсіндіріледі.

Ресей патшалық Қазақстан тұсындағы «... қазақ ұлттық интеллигенциының қалыптасуы мен дамуы өте ерекше болды» [4]. Ресей патшалығының отаршылдық саясаты қазақтарды оқыту саясатымен үндеспеді. Революцияға дейінгі қазақ интеллектуалды элитасының айрықша белгілеріне профессор Ш.Тастанов мыналарды жатқызады:

1. Оның аз санды және әлсіз әлеуметтік – кәсіби дифференца- цияланғандығы. Ресей империясының аграрлық-шикізаттық саясатының болуынан Қазақстан өндіріс күшінің төмен дамуы мен жалпы артта қалушылықпен байланысты;

2. Жоғарыда келтірілген факторлардың салдарынан маңызды ғылыми, инженерлік-техникалық, көркемдік, әлеуметтік – кәсіби топтар болмады;

3. Революцияға дейінгі интеллигенция құрамында мемлекеттік аппарат шенеуліктері де болды, бірақ басым көпшілігі шығу тегі жағынан орыстар еді. Олар патша саясатын адалдықпен жүргізді. Қазақтар болса, жергілікті әкімшіліктерде ұсақ шенеуліктер қызметін атқарды. Олар интеллигенттер емес, қызыметкерлер еді;

4. Революцияға дейінгі интеллигенция еңбектің әртүрлі салаларында аз санды орыстардан, қазақтардан тұратын мамандықтарды қамтыды. Бұлар негізінен әртүрлі деңгейдегі мектеп мұғалімдері, сонымен қатар медициналық қызметкерлер, заңгерлер, ауыл шаруашылық мамандары және т.б. [5].

Революцияға дейінгі интеллектуалды элитаның қалыптасуы қайшылықты жағдайларда жүргендігін көреміз. 1911 жылы жүргізілген санақ бойынша Қазақстан аумағында сауатты адамдар саны аз болған. Мысалы, екі жылдық 350 орыс-қазақ мектептері болған. Онда 7 мыңға тарта ер балалар оқыған. Мектептерді ашу өте қиын жағдайларда өтті. Мектеп ғимараттары, оқулықтар, әсіресе ұлттық педагогикалық кадырлар жетіспеді [6]. Оның үстіне БК(б) П-ның XIV съезі 1925 жылы желтоқсанда белгіленген елді социалистік индустрияландыру бағытын жүзеге асыруда Қазақстан бірсыпыра елеулі қиыншылықтарға кездесті. Олардың бастысы республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының төмендігі мен өнеркәсіпке қажетті білікті жұмысшы мен инженер-техниктердің санының аздығы болды [7]. Міне осындай жағдайларда қазақ даласында сауатсыздықты жою іс-шаралары жүргізілді.

Қиындықтарға қарамастан мектептік оқу ісі өз жалғасын тапты. Қазақстанда мектеп-коммунналар кең тарады [8]. 1920 жылдың қазанында Қазақстанда 2410 мектеп қызмет етті, онда 144 мың оқушы оқыды, оның 15470-і қазақтар еді [9]. Алайда, сол кезеңде халқымыздың сауаттылық денгейі өте төмен болды. Ақпан төнкерісіне дейінгі 1914-1915 жылдары өлкемізде сыртта оқығандарды қоса есептегенде бар болғаны 240 дәрігер, 330 мұғалім, 590 ауыл шаруашылығы маманы, 311 мал дәрігері мен техникі, жерге орналастырушы 66 маман, 49 гидротехник, өнеркәсіп өндірісінің 15 инженері ғана болған [7]. 1915 жылды 1914 жылмен салыстырғанда мектептердің желісі 40% өссе, оқушылардың жалпы саны - 36% өсті, ал қазақ оқушыларының саны 2 есеге артты [10]. 1929-1930-шы оқу жылында 5095 мектеппен 369387 оқушыға дейін жетті және 1931 жылы ол 7159 мектеппен 6000173 оқушыға артты [10].

Мектептеріміздің саны артқанымен бүкіл дерлік қазақ жастарын сапалы біліммен қамтамасыз ете алмады. Және XX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін Қазақстанда бірде бір жоғарғы оқу орны ашылмады. Қазақстан жастары Ресейдің





ғылыми орталықтарына өз білімдерін арттыру мақсатында көптеп бара бастады. Қазақ жастарының осындай білім құмарлығын Х.Әбжанов: «Болашақ қазақ интеллигенциясының негізгі бөлігі Петербургтің, Мәскеудің, Қазанның, Томскінің университеттері мен институттарында дәріс алған» [11] – деп суреттейді.

Ресейдің жоғары оқу орындарында 1933-1934 ж.ж. аралығында Қазақстаннан 3 мың адам оқыған екен [12]. 1928-1929 оқу жылында Қазақстанда және одан тыс жерлерде 7275 студент болған. Оның 793-і оқу орнын тамамдап қалғандары [13]. Осыдан қазақ жастарының білімге деген құштарлылығын және өзге мәдениетті тез қабылдайтындығын көреміз. Мұндай жағымды үрдістердің нәтижесінде жоғары білім алған қазақ жастарының саны 1925 жылы 2,5 мың адамнан 1939 жылы 58 мың адамға жетті [12]. Ал, 1933 жылы Ресейде оқитын қазақстан студенттерінің саны 4331-ге жетті [14].

Барлық жоғарыда аталған жетістіктер орталық басшылықтың белгілі бір саясатының нәтижесі болып табылады. Оның мақсаты қалыптасып келе жатқан жас ұлттық элитаны орталықтың идеологиясына ендіру арқылы елдегі саяси өмірді қадағалау еді. Мұның бір дәлелі ретінде 1933 жылы қазақ өлкелік партия комитеті мәжілісі барысында қазақ педогогикалық институтында жергіліктендіру туралы мәселе қозғалғанда институтта қазақ тілінде сабақ жүргізетін бірде-бір оқытушының жоқтығы, 1936 жылы қазақтың мемлекеттік университетінің 42 оқытушысының 8-і ғана қазақ, ал қазақ студенттерінің үлес салмағы 12 пайыз ғана болғаны анықталғандығын келтіруге болады [7].

20-шы жылдардан бастап саяси басшылықтың алдында орталықтың саясатына бейтарап интеллектуалды элитаны қалыптастыру мақсаты қойылды. Осы мақсатта алдымен, интеллектуалды элитаның корпаративті қауымдастығын жою керек делінсе, екіншіден орталыққа қарсы интеллектуалды элитаны бейтарап элита өкілдерімен алмастыру қажет болды. Бұл турасында Өлкелік партиялық комитет басшысы Ф.И. Голощекин: «Біз социолизм құрудамыз, біз пролитариат диктатурасын нығайту үшін жаңа кадрлар дайындаудамыз, бұған жаңа күштер керек» [15] – деп ұрандаған болатын.

Қазақ жастарын оқу арқылы орыстандыру, яғни ассимиляциялау саясаты қолға алынды. Ресейдің жоғары оқу орындарының қабырғасында «қазақ жастары адамзаттың ақылының керемет жемістері мен мәдени және ғылыми құндылықтарымен танысты» [11]. Олар өз надандықтарынан жиреніп, жаңа құндылықтарды қабылдады. Осы себепті олар орталық басқармамен социалистік құндылықтарға жақын және қалыптасқан тәртіпке бейтарап адамдар ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, комсомол жастарға «... бюрократшылдық, шаруашылыққа ұқыпсыз қараушылық, жағымпаздық тағы басқа осы сияқтыларға аяусыздықпен қарау негізгі міндет екендігі үнемі ескертіліп отырылды. Белсенді комсомол жастарға Кеңес заңдарын жақсы меңгеріп, оларды түсіндіре білу қажеттігі, сонымен қатар аталмыш заңдарға қарсы шығушылармен ашық күрес жүргізу керектігі міндеттелді» [16].

20-жылдардың басындағы индустриализация кезеңінде басталған жаңа кеңестік қазақ интеллектуалды элитасының қалыптасуы «өте күрделі әлеуметтік–экономикалық, саяси және мәдени жағдайларда өтті....» [3]. Бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қарқынды дамуымен байланысты еді. Сондықтан өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының табысты дамуы көптеген мамандандырылған кадрлардың бар болуын талап етті. Және мұндай қарқынды даму Қазақстанға

елдің басқа европаланған аймақтарынан жоғары дәрежелі мамандарды тарту үрдісімен ұштасты. Елге көптеп келімсектер ауып келе бастады. Бұл үрдісті екі жақты қарастыруға болады. Бірінші жағынан, олардың ішінде оқығандары, өз заманының озық ойлылары бар еді. Бұл өз алдына ағарту мен мәдениеттің дамуына интеллектуалды элитаның рухани толығуына әсерін тигізбей коймады. Екінші жағынан, келімсектердің басым көпшілігі жерінен айрылған мұжықтар еді.

Осы жайлы «Қазақ» газетінде А. Байтұрсынов былай деп жазды: «ертеден бері нақты территорияны иемденген қырғыз халқы қарапайым өмір салтын жүргізді. Енді Қырғыз даласына келімсектердің келуінің көбейгендігін көреміз. Келімсектік элементтердің мәдени жағынан тұрғылықты халықтан күшті болса, соңғысы біріншінің құрамына енуі мүмкін.... Біздің ортамызға жат ұлыстар енуде. Өзіміздің дербестігімізді сақтап қалу үшін барлық күш-жігерімізді ағартушылық пен жалпы мәдениетке деген ұмтылысқа жұмсауымыз керек. Бұл үшін біз ең алдымен ана тіліміздегі әдебиетімізді дамытуымыз қажет. Біз ана тілінде әдебиет қалыптастыра алған халық қана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екендігін ұмытпауымыз керек» [17].

Интеллектуальды элитаның қалыптасуында маңызды көрсеткіш студенттер санының артуы. 1918 жылдың басында 60 мың студент болса, 1919 жылы 117 мыңға жеткен. 1920-шы жылы жоғарғы оқу орындары мен техникумдардың студенттерінің саны 317 мың болса, 1921-ші жылы – 224 мың, 1922 ж. – 213, 1923 ж. – 205, 1924 ж. – 165, 1925 ж. – 162, 1926 ж. – 160 мың адамды құраған [18].

Жоғары оқу орындарымен қатар ғалымдардың да саны артты. 1940-шы жылы 110 ғылыми зерттеу мекемесінде 1727 ғылыми жұмыскерлер қызмет атқарды. Оның 10-ны ғылым докторы болса 50-і ғылым кандидаттары еді [19]. 1940-41-ші оқу жылдарында 13 педагогикалық және мұғалімдік институттар болды. Жалпы студенттердің саны 5 мыңға жетті [9]. Ал 1945-46-шы оқу жылдарында Қазақстанның 24 жоғарғы оқу орнындарында 15 мыңнан астам студент тәлім алды [20]. Осы жылдары Қазақстанда 44597 мұғалімдер болса. Оның ішінде қазақ оқытушылары 17516 адам. Ал оның 2500-і қазақ қыздары еді[21].

Диссертация қорғау ғалымның қалыптасуының бір белесі. 1941 жылы кандидаттық диссертацияны алғашқылардың бірі болып Т.Б. Діркәнбаев (Қазақстан биохимиясының негізін салушы) қорғаса [22], 1943 жылы кандидаттық диссертацияны А.Х. Марғұлан (Қазақстан тарихы мен археологиясындағы еңбегіне құн жетпейді) қорғаған болатын [23].

Соғыстың алапат зардаптарынан есеңгіреп қалған кеңес елдері тәрізді Қазақстан да бейбіт еңбек ырғағына көшті. Осындай жағдайда «халық шаруашылығы, әсіресе, жоғары білімді мамандарға зәру болды. Өндірістің білікті маман иелеріне деген қажеттіліктігін қамтамасыз ету мақсатымен жоғары мектеп жылдан-жылға студенттерді қабылдау үлесін арттырды. Сөйтіп, соғыстың алғашқы жылдарынан бастап-ақ республиканың жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдау соғысқа дейінгі дәрежесінен артты. Егер 1940/1941 оқу жылында Қазақстан жоғары оқу орындарына 2994 адам қабылданса, ал 1947/1948 оқу жылында олардың саны 5157-ге жетті» [24].

Х. Абжановтің пайымдауынша XX ғасырдың 60-70-ші жылдарының ортасында Қазақстанның ұлттық интеллигенциясының қалыптасу үрдісі аяқталды. Мамандардың ірі әлеуметтік–кәсіби отрядтары өсті [11]. Мәселен, 1960-шы жылдың қарсаңында Қазақстан жоғарғы оқу орындары мен техникумдары 63060 жоғарғы білімді және 132050 орта білімді мамандарды шығарды. Ауылдар мен





селоларда 30 мың жоғарғы білімді, 20 мың аяқталмаған жоғарғы білімді, 120 мыңға тарта орта арнайы білімді, 143 мыңнан астам жалпы орта білімді және 72 мың толық емес орта білімді мамандар қызымет атқарды [6].

Ой еңбегімен айналысатын жұмыскелердің басым көпшілігінде (әрбір төртіншісі жергілікті этностың өкілі болды) жоғары немесе орта арнайы білімі болды [11]. Мәселен, әртүрлі жылдардағы Қазақстан студенттік қауымның ішіндегі қазақтардың ара салмағын қарастырсақ. 1959 жылдың 1-ші желтоқсанында жоғары білімді қазақ-мамандардың саны 30 мыңнан асып жығылды [10]. Ал орта білімді қазақ-мамандардың саны 35 мыңға жетті [25]. 1961 жылы орыстарда 103, ал қазақтарда 105 құрады, 1979 ж. – 90 және 138 құрады, 1989 ж. 83 және 147 құрады [26]. Республикалық мемкомстат мәліметі бойынша, 1989-1990 оқу жылдарында студенттердің ұлттық құрамы тұрғындардың 1000 адамына шаққанда былай болды: қазақтар - 93 адам, орыстар - 53 адам [27].

Қазақстан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген күнде келді. Тәуелсіз мемлекетті құру үлкен әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар жүрді. Мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерінің төмендеуі ғылыми (интеллектуалды) элитаның, жалпы ғылымның жағдайына әсеретпей коймады. Саяси-экономикалық реформалар мен нарықтық қатынастарға көшу үрдісі қоғамда көптеген әлеуметтік дағдарыстардың ушығуына әкелді.

Сонымен бірге нарықтық өзгерістер елдің интеллектуалды элитасының жағдайына жағымсыз әсерін тигізді. Осы кезеңдегі қоғамдағы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайды А. Қалмырзаев былайша суреттейді: «Нарықтық экономикаға көшуге байланысты біздің қоғамымызда жіктелулер жүруде, алдыңғы қатарға кәсіпкерлер, бизнесмендер шығуда. Олар біртіндеп күшейуде. Жаңа байлар табы - буржуазия қалыптасты, екінші полюсі - халықтың 70%-на жуығы кедейшілік жағдайда өмір сүрді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгерді, интеллигенция - мәдениет, білім, ғылым, денсаулық салаларында қызмет атқаратын өкілдері кедейшілік жағдайына түсті» [28].

Интеллектуалды элита бір-ақ сәтте керексіздігін сезініп, қоғамға қажетсіз болып қалды. Мемлекет тарапынан интеллектуалды элитаға материалдық және моральдық қолдау көрсетілудің әлсіреуі сапалы ғылыми зерттеулермен айналысу мүмкіншіліктерін шектеді және жалпы осы қауымның әл-ауқатына, әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізді.

Оның үстіне ғылымды қаржыландырудың азайуы да жығылғанға жұдырық болды. Ғылым мемлекеттің дамуының басты кепілі болған заманда, бізде болса бұл салаға тисінше көңіл аударылмады. И.Н.Тасмағанбетов ғылым мен білімді алдыңғы қатарға қоя отырып, «Социальная политика и политическая трансформация» атты еңбегінде былай деп жазды: «Білім мен ғылым тәуелсіз Қазақстанның бүкіл салаларын өзгертудегі күшті дамытушы. Осылардың арқасында қоғамдық менталитет ауысып, ескерген стереотиптер құлдырап, жаңа қоғамдық сана мен нарықты сауатты азаматтар қалыптасады» [29].

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері өздерінің интеллектуалды потенциялы мен ғылымын күшейтуде. Олар постиндустриалды, технотонды, ақпараттық қоғамқа өту ғылымның даму денгейіне байланысты екендігін жақсы түсінуде. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің тәжербиесі көрсеткендей ғылымды дамыту үшін мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының деңгейі 2% кем болмауы керек. Мәселен, Израилде – 3,5%, Жапонияда – 3,05%, АҚШ-та – 2,75% құрайды [30].

Біздің елде ғылымға мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Мәселен, ғылымды дамытуға мемлекеттік бюджеттен 1991 жылы 150 млн. сомнан артық қаржы бөлінген, бұл 1990 жылғымен салыстырғанда 60% артық. Әйткенмен, бұл мөлшер мемлекеттік бюджетті бекіткен кездегі карастырылған қаржы деңгейінен 2,9 млн. сомға кем. Ғылымға ұлттық кірістен жұмсалатын шығын мөлшері 1985-1992 жылдары 0,3% асқан емес, ал 1992-1993 ж.ж. 1,0 шамасында болды [31].

90 жылдардың басында ғылыми және зерттеу мекемелер қызметкерлері саны біршамаға кеміді: 1990 жылы 362 , 1991 жылы 664, 1992 жылы 863, оның ішінде ғылыми қызметкерлер 115, 327, 267, ғылым кандидаттары 71, 287, 84 адамға кеміді [31]. Қазақстанның ЖАК-ның төрағасы А. Құсайновтің айтуынша 1993-2001 жылдар аралығында «ғылым докторы дәрежесі 1445 ізденушіге, кандидат дәрежесі – 5613 ізденушіге берілген. Жалпы бекітілген диссертациялар мөлшері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда 40-45%, жаратылыстану мен нақтылы ғылымда – 17-20%, техникалық және қолданбалы ғылымдарда – 37 - 40% құраған» [32]. 1991 жылы докторантураға түскен 30 адамнан 3-і бітіріп, тек 1-і ғана докторлық қорғаған.

1994 жылдың басында республика аумағында 223 ғылыми мекеме ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді, оның ішінде ҒЗИ 101 және жоғары оқу орындары 69, ғылыммен айналысатын ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандардың жалпы саны 40 мың шамасында, оның ішінде 1300-ге тарта докторлар мен 14500 ғылым кандидаттары болды. Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлау және технологиялық жұмыстарды орындайтын мамандардың саны 1994 жылдың басында 29145 жетсе, оның ішінде 622 ғылым докторы және 4148 ғылым кандидаттары еді [31].

Ғылыми-техникалық саланы дамыту мәселелері сын көтермейтін сипат алды. Ал бұл саладағы жетістіктер аз емес, 300-дей ұйым, оның ішінде ҒЗИ 99, жоғары оқу орындары 69 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізді. Бірақ, бұл потенциалдың беретіні көп емес, ғылыми ұжымдар республика экономикасының алдында тұрған мәселелерге, өндірістің технологиялық артта қалушылығына іс жүзінде ықпал жасай алмады. Қолданбалы зерттеулер қажетті қайтарым бермеді, ғалымдардың әзірлемелері өндіріске дұрыс енгізілмеді [31]. Осындай іс-әрекеттердің салдарынан мемлекеттің ғылыми мүмкіндіктері кеми берді.

Ғылымды бюджеттен қаржыландыру тек 90-шы жылдардың аяғынан бастап қана көтеріле бастады. Егер 1998 жылы бюджеттен ғылымға 449 млрд. бөлінсе, одан кейінгі жылдары: 1999 – 4078, 2000 – 2924, 2001 – 3998, 2002 – 4823 млрд. тенгені құрады. Фундаментальды зерттеулерге бюджеттен 1998-2000 жылдары айтарлықтай бөлінбеді. Тек 2001 жылдан бастап (2001 ж. – 2287 млн., 2002 ж. – 2730 млн.) қана қаржы бөліне бастады [33]. Ал зерттеулер мен әзірлемелерге кеткен ішкі шығын: 1998 ж. – 3819,9 млн., 1999 ж. – 3706,9 млн., 2000 ж. – 4706,8 млн., 2001 ж. – 7154,1 млн., 2002 ж. – 9632,9 млн., 2003 ж. – 11643,5 млн., 2004 ж. – 14579,8 млн., 2005 ж. – 21527,4 млн. теңгені құрады [34].

Мемлекет тарапынан ғылымға тиісті көңіл бөлінбесе қаншама жылдар бойы қалыптасқан ғылыми әлеулетімізді жоғалту қауіпі бар. Тек қана мемлекет нарық жағдайында ғылымды құрдымға жібермей ұстап қала алады.

Мұндай қиын жағдайларда интеллектуалды элита не ғылыммен айналысарын, не жанұясын асырумен айналысарын білмеді. Бұл әрине «еңбекақының аздығымен, ғылым мен ғылыми еңбектің беделінің төмендеуімен байланысты. Сондай-ақ, ғылыми мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету, Академияның ғылыми қызметкерлерге дұрыс тұрғын үй-тұрмыстық, емдеу-





сауықтыру және басқа да әлеуметтік жағдайларды жасау мүмкіншіліктерінің төмендеуімен байланысты еді» - деп жазды О.С.Сабденов [31].

Осындай қиыншылықтар жағдайында елімізде кемелденген білім беру жүйесі қалыптасуы мен дамуын тоқтатқан емес. Шынымен жоғарғы оқу орындары интеллектуалды элитаны қалыптастыратын бірден-бір мекеме. Тәуелсіздіктің алғашқы 1991жылдарынан бастап 2005 жылдары Республиканың жоғары оқу орындары арқылы интеллектуалды элитаның алғашқы бөліктері қалыптасты деуімізге болады. 1985-1990-шы жылдар аралығында жоғары оқу орындарын 248,4 мың мамандар бітірсе. 1991-1996-шы жылдар аралығында 276,8 маман бітірген [35]. 1985-90-шы жылдары студенттерді даярлау ісі айтарлықтай қыйын жағдайларда жүрді. Бұған осы жылдардағы қайта құру саясаты жағымсыз ықпалын тигізген болатын. Тек 1996 жылдан бастап қана маман даярлау ісі алға жылжыйды. Осы жылдары жеке меншік жоғары оқу орындары кеңдеп ашылады.

Сондай ақ, құштарлы жастарымыздың ғылыми элита қатарына кірудегі сатылардың бірі аспирантура. 1991-1995 жылдар аралығында 3592 адам түсіп, 2258-і бітірсе, оның ішінде 442-і диссертацияны қорғаумен аяқтаған болатын [35]. Бұл көрсеткіш 1996 жылдан бастап жас ғалымдардың үлесіне қарай өзгереді. Мәселен 1996-2005 оқу жылдары аралығында 17954 асперант қабылданса. Оны 12293-і бітіріп, 1512-сі кандидаттық диссертация қорғаған [36].

Бүгінгі ақпараттық қоғамда оқу жүйесінің өзіне де қойылар талап күшеюде. Постиндустриальді құрылым әр кез жоғары білікті элита, меритократияға зәру болады. Қазіргі ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы рөлінің арта түсуіне байланысты еліміздің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отыр. Қоғамдық өндіріс салалары да, елі-міздің өзі де білім беру жүйесі бәсеке-лестік қатынастарға төтеп бере алған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болмақ. Бүгінгі таңда кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігі білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне келіп тіреледі. Сондықтан барлық дамыған елдерде білім беруге жете назар аударуда. Осыдан келіп білім беру үдерісіндегі түрлі көзқарастар арасында бәсекелестік жүріп жатыр [37].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде студенттер алдында оқыған дәрісінде білімнің ел өмірінде алатын ерекше рөлін: «Ұлттар тек тауарлар және қызметтермен ғана бәсекелесіп қана қоймай, сонымен қатар олар қоғамдық құндылықтар жүйелерімен және білім беру жүйесімен бәсекелесуі қажет» [38] деп нақты белгілеген болатын.

Сондықтан бүгінгі күнгі озық технологиялар мен жаңашыл ойларды жетік игерген, өзінде, елінде таныта алатын азаматтарды тәрбиелейтін ыңғайлы оқу жүйесі болуы керек.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Грамши А. Тюремные тетради: В 3 ч. – М.: Политиздат, 1991. – ч. 1. – 560 с.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы: художественная литература. – Алматы: Ғылым, 1997. – 1-ші т.: Мақалалар, пессалар: 1917-1920. – 470 б. (110)
3. Сулименов Р.Б., Тастанов Ш.Ю. Интеллигенция и перестройка // Известия АН КазССР Сер. Общ. Науки. – 1990. – №4. – С. 3-15. (5, 7)
4. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 260с. (149)
5. Тастанов Ш. Казахская интеллигенция: в ретроспективе и перспективе. // Мысль. – 1995. – № 12. – С. 25-30. (25-26)
6. Кунантаева К.К. Развитие народного образования в Казахстане /1917-1990 г.г./: Учебное пособие. – Алматы: Республиканский издательский кабинет, 1997. – 183 с. (11, 66)

7. Тайман С. XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақстан өнеркәсібіне ұлттық инженер-техник мамандарын даярлау және Әшір Бүркітбаев // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – №2. – Б. 216-218. (216, 218)

8. Исторический прогресс социалистических нации / под. Редакцией Негматова Н.Н. и Вишневского А.Я. – М.: Мысль, 1987. – 335 с. (77)

9. Социалистическое строительство Казахской ССР за 20 лет: Стат. Сб. – Алма-Ата, 1940 –260 с. (76, 188, 208)

10. Культурное строительство КазССР: Стат. Сб. Алма-Ата,1960. – 113 с. (79, 86, 87)

11. Абжанов Х. Отечеству предано служить //Казахстанская правда. – 2005. – 24 июня.

12. Киикбаев Н. Торжество ленинской национальной политики в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – 342 с. (221, 204)

13. Культурное стройтельство в Казахстане: Сб. док-тов и материялов. –Алма-Ата: Казахстан, 1965. – Т 1. – 367 с. (268)

14. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социолистическии путь культурного прогресса отсталых нородов: История строительства советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг. – Алма-Ата: Нака, 1967. – 426 с. (189-190)

15. II Всеказахская конференция ВКП (б). – Алма-Ата, 1930. – 407 с. // Сандықбаева Ө.Д. Кеңестік саяси белсенділер дайындау саясатындағы қазақ жастарының рөлі (YII жалпықазақтық партия конференциясының материялдары негізінде) // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – №2. – Б. 99-102. (99)

16. Сандықбаева Ө.Д. Кеңестік саяси белсенділер дайындау саясатындағы қазақ жастарының рөлі (YII жалпықазақтық партия конференциясының материялдары негізінде) // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – №2. – Б. 99-102. (101)

17. «Әлем». Альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер / Жас. ред. А. Сейдімбеков. 1-ші бөлім. – Алма-Ата, – 1991. – 494 б. (80-92)

18. Сафразьян Н.Л. Борьба КПСС за строительство советской высшей школы (1921-1927). М.,1977 с. 68; Иванова Л.В. Формирование советской научной интеллигенции, с. 267.

19. Наука Казахстана за 40 лет Советской власти. / Ред. Коллегия: К.И. Сатпаев м др. – Алма-Ата: Наука, 1957. – 454 с. (44)

20. Казахстан в цифрах. Краткий статистический сборник. – Алматы: Казахстан, 1971. – 147 с.

21. Культурное строительство СССР: Стат. сб. – М.: Госстатиздат, 1956. – 332 с. (95)

22. Воронин Н. Основоположник биохимии в Казахстане //Наука Казахстана. – 1997. – №18. – С. 16-30. (17)

23. Қазақтар: көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. / Құрастырған. Р.Арын. – Алматы: «DK–TIPO», 1998. – 533 б. (488)

24. Баймағамбетова Д., Төлентаева К. Жоғары білімнің даму тарихынан (1945-1955 жж.) // Қазақ тарихы. – 2007. – №6. – Б. 63-66. (63)

25. Народное хозяйство Казахстана: стат. сборник. – Алма-Ата: казахстан, 1968. – 416 с. (258)

26. Русские: этносоциологические очерки. Ответ. Ред. Ю.В. Арутюнян. – М.: Наука, 1992. – 260 с. (118)

27. Казахстан в цифрах: Крат. стат. сб. – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 182 с.

28. Калмырзаев А. Свобода – не только сладкое слова: Учеб. Пос. – Алматы: Гылым, 1997. – 192 с. (137)

29. Тасмагамбетов И.Н. Социальная политика и политическая трансформация. – Алматы: Гылым, 1997. – 250 с. (100)

30. Наумова Т.В. Научная интеллигенция России: десять лет спустя //Ссциально гуманитарные знания. – 2002. – №2. – С. 37-52. (4)

31. Сабденов О.С. Наука. Образование. Рыночная экономика. – Алматы: «Білім», 1994. – 160 с. (33, 6, 5, 26, 7)

32. Маслов Д. Ученые – богатство государства // Континент. – 2001. – №13. – С. 18-20. (18)

33. Наука Казахстана. / ред Абдиев К. – Алматы: Казстатинформ, 2003. – 58 с. (4-39)

34. Наука Казахстана. / ред Абдиев К. – Алматы: Казстатинформ, 2003. – 58 с. (5); Казахстан в цифрах: Стат. сб. /Под.ред. Султанова Б.Т. – Алматы: Статагент. РК, 2006. – 355 с. (255)

35. Наука Казахстана в цифрах: сборник основных показателей научного потенциала за 1991-2001 гг. / Кембаев Б.А., Сулейменов Е.З., Галани Э.А., Ордабаева С.И. –Алматы: Казгос ИНТИ, 2005. – 48 с. (32-33)

36. Казахстан в цифрах: Стат. сб. /Под.ред. Султанова Б.Т. – Алматы: Статагент. РК, 2006. – 355 с.

37. Ашин Г.К. Элитное образование // Общественные науки и современность. – 2001. – № 5. – С. 82-99. (82)

38. Жатқанбаев Е. Икемді мамандықтар икемді оқу әдістерін өмірге келтіреді: Жоғары оқу орны, білім алу туралы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 5 тамыз. (2)

39. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде болған ҚР-сы Президенті Н.Ә. Назарбаевтің «инновациялар мен білім беруді дамыту арқылы – білім экономикасы» дәріс. – Астана, 2006. – 42 б.





# Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамуының қазіргі кездегі қарқыны

**Әдемі ЕРАСЫЛОВА,**
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Қазақстанның әлемдік 50 көшбасшы мемлекеттер қатарына ену жолындағы шешетін негізгі стратегиялық мәселелерінің бірі - ол өз халқының даму деңгейін әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттер деңгейіне жеткізу мәселесі болып отыр. Республика Президенті өзінің 2006 жылдың 1 наурызындағы «Қазақстанның әлемнің бәсекелестікке барынша қабілетті 50 ел қатарына ену стратегиясы» атты Жолдауында адам потенциалын дамыту, оның ішінде халықтың «әлеуметтік осал» топтарын қорғау мен денсаулық сақтау, оқу-білім, жұмыс ресурстарын дамыту және де әлеуметтік қамтамасыз етуді нарықтық экономикаға қатысты бейімдеу мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап көрсеткен.

Бұл бағыттың таңдалып алыуына мемлекеттердің өзінің ұлттық бәсекееге қабілеттілігін арттыруда инновациялық үрдістерді дамытумен қатар, адам ресурстарын дамыту саясатының сапалылығын да жоғарғы дәрежеге көтеруі себеп болған. Жан басына есептегендегі ішкі жалпы өнім көрсеткіші, сауаттылық пен адам өмірінің ұзақтығы секілді адамзат дамуының негізгі көрсеткіштерін жоғарғы деңгейге көтеру бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі белгілері болып отыр.

Адамзат дамуының негізгі көрсеткіштерінің рейтингтік жүйесіндегі Қазақстанның жағдайы күн санап жоғарылап келе жатыр. Қазіргі уақытта адамзат дамуын зерттейтін БҰҰ-ның өркендеу бағдарламасының (БҰҰӨБ) әлемдік баяндамасында Қазақстан дүниежүзінің 177 мемлекеттің ішінде 73 орында тұр. Бұл көрсеткіш бойынша біз ТМД елдері арасында Ресейден кейінгі екінші орынды иемденіп отырмыз. Сонымен қатар, БҰҰӨБ болжамы бойынша Қазақстан 2010 жылға қарай адамзат дамуы бұдан да жоғары деңгейдегі Исландия, Норвегия, Австралия, Канада, Ирландия секілді мемлекеттердің қатарына көтерілетіні белгілі болған.

Қазақстан мемлекетінің қазіргі таңдағы негізгі саяси ұстандарының бірі - республиканың әрбір азаматы үшін өмір сүру деңгейінің жоғарғы сапалық үлгісін қамтамасыз ету екендігі ел Президентінің 2008 жылдың 6 ақпанындағы Жолдауында баса айтылды. Аталынған құжатта қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы мен қоғамның барлық таптары мен әлеуметтік топтарының әл-ауқаты әркашанда мемлекеттік саясаттың негізгі жоспары ретінде қаралатындығы баяндалған. Қазақстан өз алдына адамзат өркендеуінің европалық деңгейіне жету секілді

кеудемсоқ мақсат қойып отыр.Бұл жағдайда әр қазақстандыққа жаққандағы жалпы ішкі өнім көрсеткіші 13 мың долларды құрап, жоғарғы сапалы және қол жетімді денсаулық сақтау жүйесі дамыту мен қатар жалпыға бірдей сапалы білім беру қалыптасады.Сонымен қатар,әлеуметтік жеңілдіктер кеңінен пайдаланылып, ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік алшақтылық азаяды.

Бұл мақсаттарға жетіп, оны жүзеге асыруға Қазақстанның барлық мүмкіндігі бар.Саралай қарар болсақ,дұрыс таңдап алынған экономикалық саясаттың арқасында Қазақстандағы әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштердің қарқынды дамуы байқалып отыр. Өткен жылғы жалпы ішкі өнім көрсеткіші 2001 жылмен салыстырғанда 4 есеге көбейіп жан басына шаққанда 6600 АҚШ долларын құрады.Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайын бағалай келіп, Әлемдік банк елімізді кірісі ортадан жоғарғы елдер қатарына қосатынын мәлімдеген.

Осылайша, бүгінгі таңдағы экономикадағы дамудың жоғарғы деңгейі кейбір негізгі көрсеткіштердің жақсаруына мүмкіндік беріп отыр.Мысалы, жұмыспен қамтамасыз ету саласына келер болсақ, 2005 жылғы 7,1 миллион адамды құраған көрсеткіш жаңарып, ел экономикасындағы еңбекке тартылғандар саны 7,5 милион адамға жеткен.Бұл жерде айта кететін жайт, жұмысқа орналасқандар арасында жаңа жұмыс орындарға орналасу қарқыны байқалған.Еңбек және халықты әлуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше тек қана 2007 жылдың мамыр айының өзінде 18,3 мың адам немесе еңбекке тарту мекемесіне тіркелген азаматтардың 84,5 пайызы жұмыспен қамтамасыз етілген.Жыл басынан бері қайта ашылған орындарына 45,1 мың адам тартылған.

Қазіргі кезде «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасының іске асыуынан үлкен экономикалық және әлеуметтік нәтиже күтілуде.Бұл жерде жаңа құрылған немесе жаңартылған өндіріс орындары айналасында пайда болатын қызмет көрсетуші ұсақ және орта кәсіпкерлік нысандарымен қатар инфрақұрылым жүйесі дамып, кеңейетіндігі мәселесі айтылып отыр.Жоспарланып отырылған өндірістердің ауқымын есепке алар болсақ, қаншалықты жаңа жұмыс орындары пайда болатынын болжау қиын емес.Бұл жағдайдағы әлеуметтік нәтижені кедейшілік пен жұмыссыздықтың төмендеуі және де қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің көтерілетінінен көруге болады.

Жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғарлауы мен мемлекеттің жұмыссыздықты азайтып, еңбекке тарту саясаты еліміздегі кірісі төменгі күнкөріс көрсеткішінен төмен азаматтардың санының қысқаруына жағдай жасады.Мысалы, 2000 жылы еліміздегі кірісі ең төменгі күнкөріс көрсеткішінен төмен азаматтар саны 31,8 пайызды көрсеткен болса, ол көрсеткіш 2008 жылдың 1 қаңтарына 13,8 пайызға төмендеген.

Сонымен қатар, қаржылық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған саясаттың нәтижесі ретіндегі республикадағы қаржы кірісі көрсеткішінің ұлғаюын қолайлы тұғырнама ретінде көрсетуге болады.Осылайша, қазіргі күннің өзінде қазақстандықтардың материалдық жағдайын жасауға мүмкіндік беретін экономикалық іргетас қаланған деуге болады. Мысалға алар болсақ, орташа кірісі 2004-2007 жылдары екі рет өсіп, 20 714 теңгені құраса,орташа айлық еңбекақы





2004 жылмен салыстырғанда 80 пайызға артып, 2007 жылы 51 101 теңгені қамтыды.Осындай көрсеткіштер арқасында Қазақстан қазіргі таңда ТМД елдері арасындағы көшбасшы болып отыр.

Елдегі экономикалық қарқынды даму мемлекеттік қазынаға түсетін пайданың мөлшерінің көбеюуіне ықпал етсе, ол өз кезегінде халықты әлеуметтік жағынан қамсыздандыру жобаларын іске асыруды қолға алды.Қазақстан Республикасының «2008 жылғы республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес әлеуметтік шараларға арналған жалпы шығынның көлемі 545 миллиард теңгені құрап, өткен жылғы бөлінген қаржыдан 17 пайызға көбейген. Осы құжатқа сүйене отырып, ең төменгі жалақы, зейнетақы мен төменгі күн көріс көрсеткіштерінің жоғарылағанын көруге болады.

Сонымен қатар елімізде ана мен бала денсаулығына деген қомқорлық күшейіп келеді.Мысалы,осы жыл басынан бастап 315 мың әйел бала туылуына байланыс-ты 34 740 теңгені құрайтын бірреттік жәрдемақы алды және де бала бір жасқа толғанша төленетін әр ай сайынғы жәрдемақының мөлшері де өсіп келеді.2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық бюджеттен еңбек етуші әйелдердің жүктілігін,босануы мен бала қарау мерзімін міндетті түрдегі әлеуметтік сақтандыру шарасы енгізілді.Осымен бірге, әйелдің демалыста болғанына қарамастан оның зейнетақы қорына аударымдар жүріп отырады.Міне, ана мен бала өміріне деген дәл осындай әлеуметтік саясат еліміздегі демографиялық жағдайдың жақсаруына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда сонымен бірге қоғамның әлеуметтік төменгі тап өкілдеріне ар-найы жәрдемақы төленуде.2008 жылы 400 мың мүгедек үшін 52,7 миллиард және қосымша көмектер үшін 11 миллиард тенгені құрайтын қаржы республикалық бюджеттен бөлінді.

Республикамызда лайықты кәрілікті әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қалыптасуда.Еліміздегі Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне ар-найы мемлекеттік жәрдемақылар тағайындалып, олардың емделуі мен дема-луына арналған ақысыз санаторий-курорттар еліміздің барлық аймақтарынада ашылған.

Қазіргі таңдағы экономикалық даму мен бәсекеге қабілеттіліктің негізі тауар өндіру емес, оны дамытатын идея екені ескеріліп,еліміздегі оқу-ағарту саласын дамытуға көп күш жұмсалу үстінде.Сондықтан да Қазақстанда соңғы кездерде жаңа сапа үлгісі «білім экономикасына» көп көңіл бөлінеде.Соңғы бес жыл ішінде еліміздегі білім саласындағы мемлекеттік салымдар бірнеше рет көтерілді.Со-нымен бірге мектепке дейінгі тәрбие мәселесіне де қатысты инвестиция көлемі ұлғайып, ол 2000 жылмен салыстырғанда 6 есеге артуы нәтижесінде 2007 жылы 17,2 миллиард теңгені құрады.Мүгедектер мен жетім балаларды қорғау мақсатында оларды жоғарғы оқу орындарына қабылдауда арнайы квота белгіленді.

Оқу-ағарту саласын дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жағдайы нашар жанұялардан шыққан балалардың 30 пайызын балабақшаларға , ал бес жасар балалардың 75 пайызын дайындық сыныптарына тарту көзделінген.Жас ұрпаққа берілетін білімнің сапасының

артуы үшін оқу-ағарту мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайы жақсарту,лингафондық және компютерлік класстармен жабдықтау, нысандар жөндеу жұмыстарын жүргізу мен ол мекемелерде қызмет ететін мұғалімдерді кәсіби деңгейін көтеру мәселесі де қарастырылған. Жалпы білім беретін мек тептердегі «интернетизация» үрдісі де өз шарықтау жегіне жетіп,бүгінгі тан Қазақстан мектептерінің 95 пайызы бұл әлемдік жүйеге қосылған.

Қазақстанда сонымен қатар денсаулық сақтау саласын дамытуға да үлкен көң бөлінуде. Экономикалық дамуды жүзеге асыратын дені сау жұмыс күші елімізді бәсекеге қабілеттілігін арттырары даусыз.Мемлекеттің бұл саланы дамыту шығарған шығысы соңғы он жыл ішінде 13 есе көбейіп, 2007 жылы 338,5 ми лиард тенгені құрады.Денсаулық сақтау саласын дамыту мен реформалауды 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында халыққа алғашқы көме көрсету мен аурулардың алдын алу принциптеріне сүйенген профилактикалы денсаулық сақтау жүйесіне өту кеделінген.Осыған байланысты соңғы бес жы ішінде алғашқы жәрдем беру қызметінің құрал-жабдықтар мен техника қамтамасыз етілуі үш есе өскен.Нәтижесінде осыдан он жылдай бұрын ешқанд медициналық көмексіз қалған ауылдық аймақтарда медициналық бөлімшеле ашылып,жедел жәрдем қызметі жұмыс істей бастады.

Республикада ауыл мен қала өмірі арасындағы алшақтықты азайту жолын қажырлы жұмыс жүргізілуде.2003 жылы ауылдық аймақты дамытудың 200 2010 жылдарға арналған мемлекекттік бағдарламасы қабылданған.Қазіргі ау жағдайын бақылай отырып, Бағдарламаның бірінші кезеңінде жоспарланғ мәселелердің іске асқаны, яғни ауылдың инженерлік және әлеуметті инфрақұрылымы қалыптасқанын көруге болады.Мемлекеттік шараларды нәтижесінде ауыл тұрғындарының кірісінің мөлшері көтерілді.Жеке тұлғаны азық-түлікке жұмсалатын орташа кірісінің өлшері 2004 жылмен салыстырған 50,8 пайызға артып, 2006 жылы 9 944 теңгені құрады.

Жалпылай алғанда, біздің әлеуметтік жағдайымыздағы жеткен жетістікт мемлекеттің әр қазақстандық үшін жасап отырған қамқорлығының жемі Сондықтан да, әлеуметтік саладағы жетістіктер еліміздің экономикалық жағдайы жақсартып, дамуына серпіліс берумен қатар, республикамыздың тұрақты да арқылы әлемдік рейтинг жүйесіндегі орнының сапалық көтерілуіне мүмкін жасайды.





# Мифи-діни дүниетанымдарды ғылыми талдаудың танымдық-практикалық мәселелері

**Сапар ОСПАНОВ,**
философия ғылымдарының кандидаты, ҚазМемҚызПИ Философия және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті

Қазақстанның өркениетті елдер қатарында дамуын қамтамасыз ету, тек оның өндірістік, экономикалық, ғылыми-техникалық, информатикалық, басқарулық сияқты салаларын ілгері дамытумен ғана емес, халқымыздың рухани мәдениетінің, өзге елдердің де сондай мәдениетінің тарихи бастауларымен тетелес екендігін дәлелдеп көрсетумен де жүзеге асырылады. Өндірістік, ғылыми-техникалық дамуымыздың батыс елдерінен кенже калғандығы ақиқат болса да, өзіміздің төл рухани-мәдени бастауларымыздың тарихи терең көздерінен көз жазып қалғандығымыз да шындық. Ендігі жерде осы екіжақты жағдаяттың нағыз шешімдерін табу тек өзімізден ғана тәуелді жағдайға жеттік, — оған ел болып шүкіршілігімізді де айтып қоямыз. Бүгін мен келешектің материалдық мәселелерін шешуге ел болып білек түріп, еңбек майданына жұмыла кірісіп жатсақ, тарихи мәдени-рухани бастаулардың да көздерін ашып алуға мүмкіндік беретін бай қазынаның қоры, – Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бастап, пәрменді іске асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарнамасы арқылы айтарлықтай жинақталды. Енді соны зерделеп талдап, тек азаматтық тарихтың ғана ақтаңдақтарының орнын толтыру ғана емес, рухани мәдениетіміздің де нағыз бастауларын зерделеп тану қажеттігі ең көкейтесті мәселеге айналып отыр. Осы жағдайдың келешегіне қарай қозғалудың тиімді жақтарын айқын түсіну үшін оның өткенінен туындаған ішкі құрылымына зер салайық. Ол кеше ғана күйреген Кеңес үкіметінің екіжақты салдары.

Егер бүгінгі экономикамызды дамытудың базасы сол кезде жасалып, өтпелі кезеңде бірсыпыра тоқырауға ұшыраса да, қайта дамуымызға үлкен мүмкіндіктер берген болса, онда ұлттық тарихи рухани-мұраларымыздың шынайы бастауларын дұрыс түсінуге үлкен кері салдарлар қалған еді. Ол кеңестік коммунистік идеологияның "өткен өмірдің бәрі кемшілік болған, онан не ғұрлым тез қол үзіп, ұлтсыз (яғни интернационалды) ортақ және жаңа келешекке қаншалықты тез ұмтылсақ, соншалықты тез дамыймыз" деген, рухани мәдениеттің нағыз бастауларын негізінен мифке немесе дінге теңеген, және оларды тек қана "надандықтың салдары, халық санасын уландырған апиын" деген сыңаржақты түсінікке сәйкес пәрменді түрде жүргізілген үгіт-насихаттық идеологияның

ел намысын қорғау арқылы орнығатын имандылық деп түсіну керек. Өз ісі
осындай оймен істемеген жағдайда иманы бұзылғандай, ісінің сапасыздығына
намыстанатын деңгейге жеткен адамның ділі ғана нағыз отансүйгішлің ділі
болып табылады.

Осындайділді қалыптастыру міндеттері тұрғысынан зерттелгенде ғана
ұлттық мифи-діни мұралардың мәні мен мағыналары жаңаша ашылады. Әрине
мұндай зерттеулер келешек өмірге сәйкес болуы үшін, ұлттық мифи-діни
мұралардың негіздері мен мәністерін жалпы гуманистік идеяларға байланысты
зерделенуі қажет. Онсыз ата-тектеріміздің қалыптастырған салт-дәстүрлердің
ырым-жоралғылардың, рәміз-тәсімдердің адамгершілік идеяларына байланысты
ниеттері айқындалмайды және келешек ұрпақтарға да ондай идеялар түсініксі
болпы қалады. Мұндай түсініксіздік, — «өткеннің бәрі жаман» деген пәрменд
қазыл идеяшылдық дәуірдегі идеологиялық машинаның таптауы мен тақтауына
шыққан, әзірге өз күші қайтпаған, қалыбы бұзылмаған қоғамдық-әлеуметті
санада, — әлі жеткілікті. Бұл біздің тақырыпқа байланысты мәселелердің ас
актуалды екендігін көрсетеді.

Мұндай күрделі мәселелерді шешуде, тарих қойнауларына кеткен, ата
бабаларымыз бен ата-тектеріміздің рухани-мәдени әлемін дұрыс түсіну үшін
бір жағынан, оның әртүрлі жақтарын әртүрлі ғылымдар тұрғысынан жі(лі)кте
алып қарау да қажет болса, екінші жағынан, оларды, керісінше, бір жүйе
түсіру қажеттігі аса абзал нәрсе. Онсыз, жеке-жеке ғылымдар ауқымында
жүргізілген зерттеулер таңырқауға тұрарлықтай болса да, өмірдің бүгіні ме
келешегіне қажетті практикалық мақсаттарына бағындырылмаса, ол мақалала
мен монографиялық жұмыстар қазақ бетінде ғана қалады.

Сонымен, егер біз қазіргі кездегі ұлтымыздың тұтас өмірінің, рухани-мәде
әлеміміздің, кіріспеде айтылғандай, жаһандану жағдайындағы ұлттық келбеті
сақтап қалғымыз келсе, онда олардың тарихи бастауларын және қазіргі жағдайлары
ғылыми зерттеулерге деген талаптар мен практикалық қажеттіліктердің арасы
жақындату, ұштастыру мақсаттарында зерделеуіміз керек. Бұл «түйінді түйетін
нәрсе — қазіргі өмірдің қажеттіліктері. Оны «шешуге» көметесетін нәрсе — өтк
замандардың рухани-мәдени мазмұнын талдау, олардың бүгінгі өмірімізге миф
діни дүниетанымдардың негізерінде жеткен салт-дәстүрлік, ырым-жоралғылы
рәміз-рәсімдік мұралардың ділдік және мағыналық жақтарын ашып, оларды жа
ұрпақтарды тәрбиелеу мен ұлттық мәдениетті жағырту, жаңа тұғырына жетк
мақсаттарына пайдалану мақсаттары. Осы істерді жүзеге асыруға байланыст
туралы пікірлеріміз мынандай.

Біріншіден, қазіргі кездегі қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар
анықталған қазақ халқының тәңірлік, отқатабынушылық дәуірлерінен басталға
түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да мифтерін, аңыздарын, ау
әдебиеті мен фольклорын, тіпті қолданбалық және әшекейлік, рәміздік қолөн
туындылары мен музыкалық шығармаларын жан-жақты талдау, олардың өміршең
тамырларын ашуға қажеттігі олардың топтамаларын қазіргі кезде мәдени мұ
бағдарнамасы бойынша жарық көрген материалдарда айтарлықтай бар.

Екіншіден, қазіргі салт-дәстүрлеріміздегі, ырым-жоралғыларымыздағ
рәміз-рәсімдеріміздегі мұсылмандыққа дейінгі және мұсылмандықпен кел





элементтерін дұрыс түсіну. Бұл іс аса жауаптылықты, салиқалы, кемелді ойлауларды қажет етеді. Қазіргі кездегі кейбір зиялыларымыздың ішінен, біреулері, тек қана мұсылмандыққа тән нәрселерді ғана алып, онан бұрынғының бәрін ұмыту, тіпті әдейі жою керек деген пікірлерін ұстанады. Мұны, тікелей айтсақ, фундаменталистік-экстремистікке жақын ұмытылыстар деуге болады. Екіншілері, керісінше, мұсылмандық біздің елге сырттан келген, сондықтан онан арылып, өздеріміздің арғы ата-тектеріміз ұстанған тәңірлік пен отқатабынушылыққа қайтып оралайық деген ойларын ортаға салады. Біздіңше, бұл екі пікір де ортодоксалдық, мифи-діни дүниетанымдардың бастауларын догматтық сыңаржақтылыққа итермелеу болып табылады. Әрине догмаларда құндылықтар бар, ал оларды біржақты дамытамыз деу догматтық қателік болып табылады. Осылардың ортасынан «алтын ортасын» табу келешек руханияттығымыздың ұлттықсыз, намыссыз, яғни арсыз апаттарынан сақтаудың «алтын ордасының» іргетастарын қалау болып табылады. Бұл біздің екі даушыл топты бітімгершілікке шақырып жақсы атанғымыз келгеннен ғана туындаған делдалдығымыз емес. Біздіңше, ата-бабаларымыздың, араптардың тікелей әскери және әкімшілік күштерімен емес, суфизмдік ілім, яғни түсіндіру және түсіну негізінде, бірнеше ғасыр бойына жүргізілген үгіттері кезінде, өз ата-тектерінен мұраға қалған тәңірлік-отқатабынушылық мифтік-діни тәлімдерден, жаңа жағдайларға сәйкес келген салт-дәстүр, ырым-жоралғы, рәміз-рәсімдерін сан рет салыстырып, ойланып-толғанып барып, солардан ең дұрыс деп тапқандарын алып қалғандықтарын еске алуымыз керек. Бүгінгі біздер де ата-тектерден қалған мифи-діндік құндылықтар мен мұсылмандықтан қабылданған дүниетанымдық жүйені бағалап, өзіміздің бүгініміз бен келешегімізге үйлесімді біріктіре білуіміз керек.

Сонымен, мақала басында айтылғандай, қазіргі жаһаншылдықтың топаны басталған жағдайда прогресшілдік пен қазіргі діни фундаментализмдік сияқты сыңаржақ үстірт көз(***ден***)қарас(*тық*)тардан абай болғанымыз абзал.

Біздіңше, айтылғандай мәселелерді философиялық, этнологиялық ғылымдар тұрғысынан талдаумен қатар халық фольклорын, халық ақындарының және XX ғ. майталман жазушыларымыздың әдеби шығармаларын біз қарастырып отырған мәселелер тұрғысынан талдау әлі зерттеушілерін күтіп тұрған, отантанулық рухы бар ғылымдардың сүбелі бір белестері деп білеміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абаста [Авеста] // Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. — Т. 1: Ежелгі Шығыс / Қазақшаға аударған С.И. Оспанов. — Астана: «Фолиант», 2005. — 328 б.

# Ұлттық-саяси элита өкілдерінің кеңестік биліктің орнығуы барысындағы көші-қон процестеріне байланысты ұстанымдары

**Айжамал ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**
ҚР БҒМ Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Көші - қон адамзат өмірінде әрдайым орын алып отыратын құбылыс. Тарихи тағылым мемлекеттердің пайда болуы мен елдердің тарихи-географиялық орналасуын, олардың әлеуметтік - экономикалық, саяси, мәдени және т.б. дамуын өзгертуге жеткізген ірі көші - қон процестерін біледі. Бұл, әрине, «халықтардың ұлы көшкініне» де, «ұлы географиялық ашулардың» нәтижесіне байланысты жүрген көші - қондарға да, бұл Еуразия елдері территориясының қалыптасу ерекшелігін анықтаудағы көші - қондарға да және т.т. қатысты. Ал, қазақ жерінде жүрген көші - қондарға қазақтың ұлттық еркіндігін, ерекшелігі мен дәстүрлі дамуын, ұлттық рухы мен ұлттық мысын тексеріп, өміршеңдігін сынауға негізделген салмақ түрінде жүрді деген баға беруге болады.

XX ғасырдың алғашқы жартысы Қазақстан халқының демографиялық тарихында терең өзгерістермен ерекшеленеді. Бұл кезеңде дәуірлік мәні бар оқиғалар болды: Ресейдің отары болған қазақ жерінің патша өкіметінің қоныстандыру саясатының негізгі нысанына айналуы; адамзат тарихындағы алғашқы әлемдік соғыс, 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс, халықтың шетке көшіп қонуы, революция мен адамзат соғысы, өндірістендіру, кулактарды жою мен қоныстандырулармен жалғасқан күштеп ұжымдастыру; саяси қуғын-сүргін толқындары, аштықтар, дүние жүзілік соғыс пен басқа да саяси және әлеуметтік-экономикалық сілкіністер. Осы аталған экзогендік факторлар кең көлемдегі демографиялық зардаптар әкеліп, адамдардың демографиялық іс-әрекетінде мәнді өзгерістер туғызды, қазақ еліндегі халық құрамының көп ұлттануын күшейтті. Ең бастысы, халықтың, әсіресе, қазақ халқының қалыпты дамуы мен өсіміне кері әсерін тигізді.

Мыңдаған адамдардың өлімі, әсіресе жастардың – ең өсімтал жастағылардың, балалардың өлімі, отбасылық байланыстардың бұзылуы, қарқынды жүрген көші - қондық толқындар – міне, халықтың осы кезеңдегі демографиялық жай-күйінің толық емес сипаттамасы.

Бұл кезең туралы аз жазылған жоқ. Бірақ демографиялық дамудың ерекшелігін туғызған жағдайлар әлі де зерттеушілер назарын қызықтыруда. Соның ішінде





Қазақстан халқының ұлттық, әлеуметтік, жыныстық-жастық, білімі және тағы басқа құрамының өзгерістерін туғызған ірі фактор – көші-қон процестері мен оның демографиялық салдарларына деген көзқарас мәселесі де бар.

XX ғасыр басындағы шаруаларды жоспарлы түрде Қазақстанға орналастыру, Столыпиндік аграрлық реформалар кезіндегі көші - қондық процестердің қарқынды екпін алуының нәтижесінде қазақ халқының өз жерінде жер тапшылығын тартқандығы, орыс шаруаларының жаппай қоныс аударылуы барысында қазақтардың өз жерінде қысым көруі ұлттық саяси элита назарынан, іс-әрекет, қызметінен тыс қалған жоқ. Қазақтардың мүддесін қорғау бағытында ұлттық интеллигенция өкілдерінің атқарған қызметін айқындау өзінше бір төбе. Себебі, 1917 жылғы төңкерістер қарсаңы мен тұсындағы саяси өмірге етене араласып, биліктің басқарушы органдарында қызмет атқарған ұлттық саяси элита өкілдері негізінен ұлттық интеллигенция өкілдері болды.

Ұлттық саяси элита өкілдерінің Ақпан және Қазан төңкерісі барысы мен нәтижелеріне байланысты саяси күрестері мен қызметтері біршама зерттелді десе де болады. Бірақ, олардың Қазақстанның бүкіл кеңес дәуірі кезіндегі саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуындағы ерекшелігіне ықпал еткен көші-қон процесіне байланысты ұстанымдары, күрес тәсілдері мен көзқарасы жеке қарастырылған емес. XIX ғ. соңынан бастап екпін алған, ал, XX ғ. басында ерекше күшейтілген қазақтардың, орыс, украин мұжықтарының Ресейдің шеткері аймақтарына қоныс аударылуы, шаруаларды қоныстандыру үшін қазақтардың шұрайлы жерлерінен қуылып, жапа көруінің өзінен туындаған демографиялық ахуал Уақытша үкімет тұсында да, кеңестік биліктің орнығуы барысында да шиеленісті жағдайда болды. Ақпан төңкерісінен кейін 1916 жылы көтеріліске қатысқандарды жазалау экспедициясының ызғарынан сыртқа қашқан қазақтардың өз жеріне оралуы үшін, жерінен айрылған қазақтарға өз жерлерін қайтарып беріп, орналастыру үшін, келімсек орыс және украин және тағы басқа қоныс аударушылардың байыған бөлігінің (ал олар негізгі көпшілігі болды) қазақ кедей - жатақтарына қысымы мен зәбірлеуін жою үшін қызмет орындарындағы мүмкіндіктерін қолданған қайраткерлердің ұстанымдары, аштыққа ұшыраған жергілікті ұлт өкілдеріне көмек көрсету кезіндегі саяси элита өкілдерінің іс - қызметі арнайы зерделенілген жоқ. Сондықтан, осы мақалада кеңестік дәуірдің алғашқы онжылдықтары кезіндегі көші - қондық процестер мен бұл мәселеге ұлттық саяси қайраткерлердің көзқарасы мен күрес - қызметтерін қарастырылады.

Қазақстанға көшіп - қонушылардың негізгі бөлігі өз елінде қысым көргенімен қазақтарға шовинистік көзқараспен қарайтын топты құрады. Бұл қазақтардың өз жерінен ығыстырылып қана коймай, тоналуына, аштыққа ұшырай отырып, есепсіз жазалануына әкелді. Мысалы, 1917-1918 жж. қысындағы аштық кезінде тамақ сұрап, село - хуторларды кезген қазақтарды орыс, украин шаруаларының кез-келген жерде атып тастап, не ұрып - соғып өлтірген жағдайлар да кездесті. Яғни, кеңестік биліктің орнығуы барысындағы көші - қон процесінің ерекшеліктерін айтар болсақ, онда көшіп келушілердің, негізінен славян халықтарының жергілікті тұрғындарға – қазақтарға, ұлттық белгісіне орай көрсетілген қысымы мен астамшылығы туралы айтпай кете алмаймыз.

Қазақстандағы Кеңес өкіметінің орнығу тұсындағы көші - қонның түрлері мен көші - коншылардың ұлттық белгілерге сай төмендегіше топтастыруға болады: орыс, украин, және т.б. европалық ұлт өкілдеріне – XIX ғ. екінші жартысынан

бергі көші - қон переселендік қозғалысты жалғастырушылар, ақ казактар мен ақ гвардияшыларды қуу кезінен қазақ жерінде ерекше жеңілдіктермен қалып, қоныстанған қызыл гвардияшылар, Кеңес үкіметінің, билік органдарының әртүрлі шешімдерімен (соның ішінде Түріккомиссия да бар) билік номенклатурасы ретінде көшіп - қонғандар, аграрлық қоныстанушылар, өндіріс орындарының құрылыстарына (мысалы, Түріксіб құрылысына) әкелінген көші - қоншылар және т.б. тән болды.

Бұлардың негізгі сипаттамасы: жыл сайын халық құрамындағы үлесі мен саны өсті; жергілікті халықтарды ығыстырып, шұрайлы жерлерге орналасқан алғашқы көші - қоншылардың қатарын толықтырды; арнайы көмекақылар алды; құнарлы жерлерге орналасқандықтан, малы қоңды да, еккен егіні түсімді болды, сол себепті аштыққа төтеп бере алды; негізгі көпшілігі ескі отарлық психологияға негізделген әдет бойынша жергілікті халыққа астамшылық қатынасты сақтады, сондай-ақ, патша үкіметі кезінен каруландырылғандықтан жергілікті ұлттардың кез-келген қарсылық қозғалысын жазалауға даярлықта болды; қалалық жерлерде негізгі топты құрды және т.б.

Қазақ, қырғыз, өзбек және т.б. жергілікті ұлт өкілдеріне көші-қоншылардың мына түрлері тән болды: шұрайлы жерінен айрылып, ығыстырылғандар; 1916 ж. ұлт азаттық көтерілісіне қатысып, жазалаудан қашып, шет елдерге кеткендер; 1917-1918 жж. қысындағы ашаршылық кезіндегі босқандар; 1917 жылғы төңкерістерге орай Қытай және басқа да сырт елдерден қайта оралғандар; 1921-1922 жж. ашаршылық салдарына байланысты босып, көшіп - қонғандар; саяси - қуғын сүргін кезіндегі мәжбүрлі түрде көшіп - қонғандар, ұжымдастыру мен өндірістендірулер кезіндегі көші - қоншылар; 1929-1933 жж. ашаршылықтары кезіндегі көші - қондар және т.б.

Бұл көрсетілген көші - қондардың нәтижесіне байланысты негізгі сипаттамалар: қазақтар шұрайлы жерлерден айрылды; жергілікті халықтың табиғи өсімі тежеліп, саны мен үлесі кеміді; ұлттық құндылықтар тұрмыстық жағдайда сақталды; ұлттық саяси элита өкілдерінің негізі саяси және ұлттық кемсітушіліктерді жою және тоқтату үшін күресті; жұт кезінде малдың қырылуы мен отырықшылану тәжірбиесінің аздығы және құрғақшылықтың егін өнімі мен мал азығын жою адамдар өлім - жітімі мен босқыншылыққа әкелді; қайта көшіп келгендері жеріне ие бола алмай, үкімет тарапынан жеткілікті көмек ала алмады және т.б.

Кеңес үкіметі кезінде ұлттар теңдігі жарияланғанымен, маркстік - лениндік ілімдегі интернационализм ұстанымы басшылыққа алынып, ұлттық мүдде ескерілмеді. Мұндай ұстаным Ресей империясы жаулап алған елдердің Кеңестер Одағы құрамында болуын «ірі жетістік» ретінде дәріптеуге ыңғайлы болатын. Тіпті патша өкіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген халықтарға «зор қасірет» емес, керісінше «болар - болмас қасірет» әкелген болып түсіндірілді. Ал ұлттық мүддені қорғау мақсатында саяси элита өкілдерінің атқарған қызметіне ерекше мән берілмеді.

Қазақстанға сырттан өзге ұлт өкілдерінің есепсіз көп мөлшерде қоныстандырылуы қазақтардың ұлт ретінде қалыптасып, ұлттық ерекшелігін сақтап қалуына қиындық туғызатынын көрегендікпен сезе білген ұлт зиялылары Кеңес үкіметінің билік құрған жылдарының өң бойында көші -қондарға қарсылығын әр түрлі деңгейде білдіріп отырды. Бұндай ұстаным XX ғасырдың бас кезіндегі ұлттық саяси элита өкілдері – Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы, М. Шоқай, М. Тынышбаев,





Н.Нұрмақов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, О. Жандосов, Ж. Мыңбаев, С. Садуақасов және тағы басқаларға тән болса, 1950 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты көші-қонның жаңа тасқынының қарсаңында бұл акцияға қарсы тұрған Шаяхметовке де қатысты болды.

Әзірге әңгіме 20-30 жылдар туралы.

Отарлаушылардың үстем идеологиясы кеңестік үкімет қарсаңында-ақ империяға бағыныштағы халықтардың санасын деформациялаған болатын. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» армандаған қазақ зиялылары қазақты бодандық психология шырмауынан босатпақшы мақсатын алдына қоя білді.

Ұлт ұстазы болған Ахмет Байтұрсынов кеңестік дәуірдің бастапқы кезінде қазақ жерінің тұтастығы жолында күресті. Ұлтты рухани жаңғыртудың бір жолы ретінде қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныс аударуларын тоқтатуды ұсынды.

Т. Рысқұлов аштықпен күресудегі бір әдісі ретінде қоныс аударғандар мен қазақтар арасындағы жағдайды реттеудің, қазақтарға көмектесудің шараларын белгілеп те жатты.

Қазревкомға мүше болған М.Сералин қоныс аударушылар легінен қорғанудың бірден-бір жолы қазақтардың келімсектер сияқты он бес десятинадан жер үлесін алып, отырықшылдыққа көшуді ұсынады [1].

Қазақ жеріне сырттан әкелінген көші - қонның қазақтың ұлт ретінде қалыптасуына, дәстүрі мен әдетін сақтауына кедергісін келтірген, ұлттық тілі мен ділін сақтауды қажетсіздендіру арқылы, Тоболин тілімен айтқанда: қазақтардың ұлт ретінде жойылып кетуіне мүмкіндік берген фактор екенін жоққа шығара алмаймыз. Түркістан Орталық комитетінің мәжілісінде Тоболин «қазақ – қырғыздар маркстік көзқарас жағынан экономикалық әлсіз, олар бәрібір жердің бетінен жоғалуы тиіс, сондықтан қаражатты қазақ – қырғыздарды аштықтан қорғауға жұмсаудың қажеті жоқ» деген пікір білдірген-ді [2].

Ұлттың мемлекеттік негіздегі мәні сақталуы үшін оның сапалық белгісімен бірге сандық көрсеткіші де басым болуы керек. Бірақ, 1959 жылға дейінгі Кеңес үкіметінің көші - қондық саясаты қазақтардың үлесін өз жерінде 30%-ға да жете алмаған мүшкіл жайға әкелді.

Патшалық билік кезіндегі қазақтар мен орыс және украин мұжықтарын қазақтың шұрайлы жерлеріне орналастырып, қазақтарды жерінен қуып, өздерін кемсіткен саясатының кеңес өкіметінің орнығуы тұсында жалғасуын көрген ұлттық саяси элита өкілдері бұл үрдіске қарсы әр түрлі әдістермен күресті.

Қазақстанға сырттан келімсектердің келуі күшейген сайын, қазақ ұлтының дербестігіне, ұлттығына және мемлекеттігіне нұқсан келетінін, қазақтың бұрынғы езілген халын жақсарта алмайтынын түсінген басшылар қолдарындағы мүмкіндіктеріне орай сырттан көші - қоншыларды келтіруге қарсылығын әртүрлі деңгейде білдіріп отырды.

Ұлттық мүдде үшін, туған халықтың игілігі үшін күрескен ұлттық саяси элита өкілдерінің «бұратана» халықтардың жер бетінен құрып кетпеуі үшін жүргізген күрестерін таптық мүддені бүркеніп, билікке таласқан орыс шовинизмі қабылдай алмайтын еді. Сондықтан, Кеңес үкіметін орнықтыру барысындағы күресте жергілікті халықтың ұлттық болмысын сақтау арқылы декреттерде кепіл берілген ұлттар теңдігін орнату жолында ұлттық шектеулерге қарсы күрескен ұлттық саяси

Қазақстан халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың алғашқы жылдарында «интернационалдық» көмек көрсетуге келгендер еді. Көмектерін бағалай отырып, олардың барлығын өз істерінің мамандары деп айту қиын. Мысалы, Қазақ АКСР-інің Бүкілодақтық Атқару Комитетіндегі өкілі 1927 ж. 11 мамырында Ресей Федерациясы халық комиссарлар Кеңесіне Қазақстанға мамандарды жібергенде берілетін жеңілдіктерді өзгерту туралы жіберілген ұсынысында былай деп мәлімдеген: «...Қазақстанға қызметке келетін мамандардың көпшілігінің не біліктілігі нашар, не олар Қазақстанға өз еріктерімен келмейді немесе жалған мамандар болып табылады» [10].

Республикалардың шекерасын анықтау кезінде де көші - конның жағымсыз салдарынан қазақ жерлерін бөлшектеп кету қаупі болды. Қоныстандыру процесінің нәтижесінде Қазақстанның әсіресе солтүстігі мен шығысында қазақтар үлесі төмендеп, европалық ұлт өкілдерінің саны мен үлесінің өсуін қазақ жерлерін Ресейге қосуға негіз ретінде пайдалану әрекеттері жасалды. Мысалы, 1919 жылы 27 тамызда Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті сол уақытқа дейін әкімшілік жағынан Торғай облысы құрамында болып келген байырғы қазақ жері – Қостанай уезін Қазревкоммен келіспестен Челябинскі губерниясына қосу туралы қаулы қабылдайды. Сөйтіп, орталық Сібір ревкомының негізсіз тілегінің жетегінде кетіп, уездің тұрғындарының ұлттық құрамындағы арасалмақтың орыс, украиндардың пайдасына шешілуінің патша өкіметі тұсында қолдан жасалғанын есепке алмады.

Бұл шешім қазақ елі үшін қауіпті еді, себебі Сібір ревкомы бір мезгілде Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін өз құрамына қосып алу туралы мәселесін көтереді. Сөйтіп, шұрайлы қазақ жерлерінің біразы шекара анықтау барысында көрші республикалардың құрамына еніп кету қаупі төнді. Алайда, Қазревком 1920 жылы 29 наурызда «1. Қазақ өлкесінің барлық солтүстік бөлігі шұрайлы жайылым ғана емес, әрі тамаша егістік алқап, мал шаруашылығына да, жер шаруашылығына да қолайлы, ал оның оңтүстік жағы құмдауыт, тұзды, тастақ болып қураған шөптермен ғана көмкерілген, ол жерлер мал шаруашылығын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан солтүстік пен оңтүстік өңір экономикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, оңтүстіктегі мал шаруашылығы солтүстіктегі жайылымсыз, егістік алқабынсыз өркендей алмайды. 2. Өлкенің және жергілікті қазақ халқының тұрмысы мен өмір жағдайының ерекшеліктерін ескерместен оның жерінің бір бөлігін кесіп алуға жол беруге болмайды… Патша өкіметінің отаршылдық саясаты нәтижесінде өлке халқы табиғи жолмен емес, жасанды жолмен, шұрайлы жерлерді қоныс аударушыларға кесіп әперу есебінен артты. …сондықтан шекараны өзгерту ауыр зардап әкелуі ықтимал. ... Қазақ өлкесінің ең шұрайлы бөлігін – Қостанай уезі мен Ақмола облысының солтүстік уездерін (Петропавловск, Омбы, Көкшетау) бөліп алу жөніндегі Сібір ревкомының талабы негізсіз», - деп республика шекарасын анықтау ісінде ғылыми түсінік қалыптастырған А.Байтұрсынов пен М.Сералиннің баяндамасының негізінде бұл территориялардың Қазақ республикасы құрамында болуы керектігі жөнінде қаулы кабылдап, орталыққа жібереді [11]. Бұдан кейінгі көптеген айтыссөздер мен келіссөздер нәтижесінде аталған территориялар Қазақ республикасының құрамында қалдырылады.

Сонымен, ұлттың санасын көтеріп, қоғамды демократияландыру, ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, қазақстандық қоғамды өркениетті жолмен дамыту әлі күнге





дейінгі өзекті мәселе болып отырғандығын айта кету керек. Сонау XX ғасырдың басынан бері қазақтың ұлттық саяси - ойшыл, зиялыларының көтерген мәселесінің әлі күнге дейін өзекті түрде қалып қоюының басты себептерінің бірі – көші-қон процесінің нәтижесіне байланысты. Себебі, көші - қон негізінде қазақ жеріне қоныстандырылған өзге ұлт өкілдерінің, ерекше отарлық кезеңнен астамшылық пікір санасына сіңген орыс ұлтының дамуына тән өзгешеліктер көп ұлттана бастаған Қазақстан халқының өзара қарым - қатынасында доминанттық мәнге ие болды және ол ерекшеліктер қазақтар мен патшалы Ресей кезінде отарланған басқа да шығыс халықтарына әр түрлі әдістермен күшпен таңылғандықтан ұлттық дәстүрлі таным мен болмыстың дамуын бірқатар деформациялады.

«Елу жылда ел жаңа» - демекші, замана ағымымен өзгеріске ұшырап, жаңа түсініктер мен әдеттердің енуі ата салтының түсінілуі мен қолданылу деңгейіне де озық түрлерімен оңтайлы түрде әсер етті де. Бірақ, отарлық жағдайға түскен қазақ даласына патша өкіметінің қоныстандыру саясатының негізінде көшіп келген казактар мен мұжықтардың, жалпы алғанда европалық ұлттардың сандық және үлестік мөлшерінің өсуі кеңес үкіметінің тұсында жүргізген көші-қондар арқасында жалғасып, XX ғ. 50-жылдарының соңында қазақтарды өз жеріндегі азшылық топқа айналдырды. Қазақтың діни салт-санамен астасып жататын ұлттық әдет-ғұрпы пен қазақ тілінің қолдануы, дәстүрлі шаруашылығы мен мәдени дамуы елеусіз мәнге түсіріліп, ұлттық ерекшелікті сақтаймыз дегендер жазалануларға ұшырап, «ұлтшыл» деген айдарға ие болып қудалануында да көші-қондық ағындардың мәнін көтеруге бағытталған саяси бағдардың ызғары жатыр.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Саматов М. Потаниннің докладынан // Қазақ. – 1914. – 30 март.
2. Туркестан в начале XX века. - Ташкент, 2000. - С. 274.
3. Жүгенбаева Г.С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). Алматы, ҚазККА, 2000, 228 б. (43 б,)
4. ҚРОМА 9-қор, 1-т., 30-іс., 30 п., 1-4 қайтарма пп., Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, Санат, 1995, 368 б. (275-276-бб).
5. Жүгенбаева Г.С. Аталған еңбек, 136-б.
6.Ордалы Қоңыратбаев. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі.Қазақстан, 1994, - 448 б. (27 б.)
7. Ордалы Қоңыратбаев. Аталған еңбек, 30, 36, 38 бб.
8. Ордалы Қоңыратбаев. Аталған еңбек, 96 б.
9. Т.Омарбеков, М.Қ.Қойгелдиев. Қазақстан: тоғыз жолдың торабында. Егемен Қазақстан, 28 қазан 1992 жыл.
10. ҚРОММ., 196-қор, 1-т., 663-іс,, 52-п.
11. ҚРОММ. 14-қ., 3-т., 17-іс. 26-п.

# Қазақстан қалалар тарихының мәселелері: зерттелуі мен болашағы

**Алтынай ЖУРАСОВА,**
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан бері жаңа көзқарасты қажет еткен тарих ғылымындағы зерттеуден шет қалмайтын маңызды тақырыптардың бірі - қалалар тарихы. Қалалар тарихының маңыздылығы туралы ғалым - философ Ғарифолла Есімнің «Дүниеде бар нәрсе жоғалып кетпейді, сондықтанда мемлекеттің негізгі ұлттық байлығының бір бөлігін жасақтауға септігін тигіуші қалалардың жүйесін сақтап қалу керек. Онсыз қалаларды жоғалтуымыз мүмкін, яғни қалалардағы рухани - материалдық құндылықтардан айырылып қалуымыз мүмкін. Сондай-ақ қалаларда өнім өндіріп отырған мекеме - кәсіпорындармен қатар белгілі бір саяси-қоғамдық ұйымдар жұмыс жасайды. Мұның өзі саясаттың қалада жасалатынын көрсетеді. Қалалар мемлекеттің байлығы» деген пікірімен толық келісуге болады [1]. Сондықтанда зерттеу тақырыбының өзектілігі тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам мен мемлекет өмірінде қалалардың алатын орны мен ролін анықтаудан келіп шығады. Өйткені қалалар халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің орталығы ретінде көрініс ала отырып, қоғам дамуында жетекші роль атқарады. Себебі бүкіл өзгерістер мен жаңалықтардың басталар жері мен үкімет саясатының алғаш жүзеге асар орны болып табылатын қалалар - қоғам тарихының бөлінбес бөлшегі болып табылады. Қалалардың даму тәжірибесін терең зерттеу қоғамның, әлеуметтік - экономикалық және саяси дамуында болып жатқан өзгерістердің себептері мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі тарих ғылымында ХХ ғасырдың 50 жылдардан бастау алған Қазақстан қалаларының тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта караудың өзі маңызды болып отыр. Өйткені қоғам дамуын түсіну елдің әртүрлі қиырларындағы шаруашылық жағдайлары алуан түрлі аудандарды, оның орталығы - қалаларды жекелей алып карастыру қажеттігін сөзсіз талап етеді.

Қалалар - көп салалы әлеуметтік организм және экономикалық -жағрафиялық контекст деп алсақ, олар әлеуметтік - саяси тұрмыс орталығы, онда үкімет билігінің ұйымдары мен әртүрлі саяси және қоғамдық бірлестіктер топтасқан. Сондықтан қалалар тарихын зерттеу аймактың жергілікті ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осыған орай тақырыптың қазіргі таңдағы өзектілігі Қазақстанның қазіргі кезеңдегі тарихын зерттеумен, қоғам тұрмысы мен мемлекет өміріндегі қаланың алатын орны мен ролін анықтауда маңызы зор. Себебі қазіргі Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени келбетінің





қалыптасуының өзі Қазақстандағы қалалардың, оның саяси, мәдени-әлеуметтік өмірінің дамуымен тікелей байланысты. Өйткені Кеңес Одағында ұзақ жылдар бойғы әлеуметтік саясаттың жалпыға бірдей заңдылығымен өсіп - жетіліп өмір сүрген қалалар саны 2 мыңнан асқан. Сондай қалалардың қатарында Орал қаласын да атап өтуге болады.

Соңғы жылдардағы қалалар мен қала өмірінің тарихын зерттеуге ерекше қызығушылық туындап, халықтың өз ортасын, ондағы оқиғаларды білуге ұмтылысының орын алуы бай тарихы бар Орал қаласына да қатысты мәселе. Оның үстіне тарих ғылымының саясатпен аралас қабаттасқан беттерінің бірі ретінде қазіргі қалалардың тарихына терең талдау жасап, өзіндік бағада зерделеу мен тың көзқарастан баға берудің сұранысы да ерекше болып отыр. Жалпы қалалардың ерекшелігін түсіну оның пайда болуы мен қалыптасуын, әртүрлі кезеңдердегі даму тарихын ғылыми тұрғыдан талдап, қорытындыламайынша мүмкін емес. Мұны өзінің творчестволық қызметінде қала тарихымен айналысушы М.В.Ломоносов атындағы Москва университетінің профессоры Е.Н.Перциктің өзі «қала –ғылыми зерттеудегі тамаша обьект» деген пікірімен де толық қуаттайды [2;8]. Өйткені қалалар саяси, экономикалық, әлеуметтік процестердің басты аренасы. Онда көптеген мәселелер орын алады, атап айтсақ экономикалық-әлеуметтік, урбанизация, экологиялық мәселелермен қатар мәдениеттің, ғылым мен өнердің дамуы да жүзеге асады.

Тақырыптың ғылыми - теориялық маңыздылығының өзі Қазақстан территориясындағы қалалардың пайда болуы мен даму тарихына байланысты бірқатар арнаулы зерттеулердің шығуымен байланысты. Бұл Қазақстандағы қалалар тарихын зерттеуді алға бастырған қадам болса, қалалардың роліне, оның даму стратегиясына 1980- ші жылдардан бастап үкімет тарапынан ерекше көңіл бөліне бастады. Осы кезеңнен бастап Үкіметтің қаулы - қарарларында ірі қалаларда бұдан былай ірі өнеркәсіп орындарын салуды шектеу керектігі, оның есесіне кіші және орташа қалаларды дамытып, солардың шаруашылық мүмкіндіктерін толық пайдалану керектігі баса көрсетілді.

Тәуелсіздік алғанға дейін қалалардың даму процесінің бір жақты зерттелуі, саясаттың шеңберінен шықпай көпшілік жағдайда шындықтың бүркемеленіп қалуы қазіргі кезде осы мәселелерді жан-жақты зерттеуге деген ғылыми қызығушылықты туғызып, тақырыпты өзекті мәселеге айналдырып отыр. Қазақстанның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастарының дамуында маңызды орын алған бірқатар қалалар тарихы жазылғанмен Орал қаласының қазан төңкерісіне дейінгі тарихы өте қысқаша түрде жазылса, қазіргі кезеңдегі тарихы зерттелмеген. Сондықтан да экономикалық, саяси мәселелерімен қатар урбанизация, экологиялық-демографиялық мәселелері де қордаланған, ірі өнеркәсіп орталығы болып есептелетін Орал қаласының тарихын зерттеу Қазақстан Республикасы тарихы үшін өте актуалды, ғылыми - практикалық маңызы зор мәселе. Себебі көпғасырлық тарихы бар, 1932 жылы 10 наурызда Батыс Қазақстан облысы құрылған кезден оның орталығы болып келе жатқан Орал қаласының Евразия кеңістігіндегі Европа мен Азияны жалғастырушы канал ретінде саяси - экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңызы жоғары. Неліктен қаланың 1946-2000 жылдар арасындағы даму тарихын бөліп алып қарастырып отырмыз деген мәселеге келсек. Жалпы Қазақстан қалаларының тарихын жазу 1950 жылдардан бастау алғанын атап кеттік. Дегенмен бұл қалалар тарихында Орал қаласы өзіндік орнын толық иеленбеген, бірқатар зерттеулерде қаланың ролі

айқын көрсетілмеген. Оның үстіне академик М.Қ.Қозыбаевтың «Қазақстанның Батыс аймағы ғылыми ізденіс үшін қызықты обьект...Көптеген мәселелер, әсіресе археологиясы, тарихы мен этнографиясы, мәдениеті мен өнері, қоғамдық қатынастар мен әлеуметттік құрылымы тағы басқалары фундаментальды зерттеуді қажет етеді.» деген пікірінің осы мәселелердің орталығы ретіндегі Орал қаласына да қатысы бар десек қателеспейтін болармыз деп есептейміз [3;231]. Сондықтан Европа мен Азияны жалғастырушы ірі орталық ретіндегі Орал қаласының республиканың халық шаруашылығы мен мәдени дамуында қаншалықты орын алғанын көрсету біз зерттеп отырған тақырыптың өзектілігін одан әрі айқындай түсетіндігі сөзсіз. Оның үстіне республикада жүргізіліп отырған ономастикалық саясаттың өзі, Орал қаласына қатысты «кімнің қаласы ?» деген мәселенің көтерілуі Орал қаласының тарихын жазудың қажеттілігін сөзсіз талап етеді.

Әрине Орал қаласының пайда болуы мен дамуының біртұтас тарихын жазу бір зерттеу жұмысы үшін өте ауқымды. Себебі «қала кімнің қаласы ?» деген мәселенің талас туғызуы кеңестік дәуірде жүргізілген саясатпен тығыз байланысты. Тек соғыстан кейінгі кезеңнен тәуелсіздік алғанға дейінгі аралықтағы жүзеге асқан саясат негізіндегі өндіріс орындарында өзге ұлттың басым болуы, барлық істің орыс тілінде жүруі қаланың қандай бағытта дамығанын көрсетеді. Сондықтанда жоғалтқанымыздың орнын толтырып біртіндеп қаланы ұлттық бейнеге көшіру біз үшін күн тәртібіндегі өте ділгір мәселе болып саналады.

Қоғамда өзіндік ролі мен маңызы бар Орал қаласының тарихын тарихи деректер мен нақты құжаттарға сүйене отырып зерттеу жүргізу бүгінгі күн талабына сай келетіні сөзсіз. Өйткені қазіргі Қазақстанның өнеркәсіптік -әлеуметтік келбетінің қалыптасуының өзі осындай қалалардың өмірімен тығыз байланысты.

Орал қаласының тарихы тақырыбын кімдер зерттеген; қала тарихын қай жағынан алып қарастыруға болады деген ой тұрғысында тақырыптың тарихнамасына, зерттелу жағдайына әріден, яғни ең алдымен жалпы қалалардың тарихнамасын зерделеуден бастасақ, онда отандық зерттеушілердің ғылыми - зерттеулерін саралай отырып, жалпы қалалардың тарихын 1917 жылға дейінгі және кеңестік кезеңдегі даму тарихының тарихнамасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстан территориясындағы 1917 жылға дейінгі қалалар тарихының тарихнамасында Орал қаласының географиялық - экономикалық жағдайын сипаттайтын зерттеулер бар, ал кеңестік кезеңдегі қаланың даму тарихына қатысты арнаулы тарихи еңбектер жоқ.

Орал қаласының тарихына тікелей қатысты зерттеулерді жинақтай отырып, оларды былайша топтауға болады:

– қаланың пайда болу тарихы туралы еңбектер;

– қала туралы анықтамалық жинақтар;

– қарастырылып отырған кезеңдегі республиканың дамуының жекелеген салалары, яғни экономикалық, мәдени, әлеуметтік, демографиялық мәселелер бойынша зерттелген Орал қаласының тарихына қатысты тарихи еңбектер.

Орал қаласының пайда болуы туралы алдымен тарихи бағытта жазылған зерттеулер басшылыққа алынды. Сонымен қатар археологиялық зерттеулерге де баса көңіл бөлінді [4]. Кеңестік кезеңдегі көптеген тарихи ізденістерде қаланың негізі 1613 жылдан бастап қаланды деп жазылып келген болатын. Алайда батыс өлкенің тарихын жете зерттеп жүрген ғалым Т.З.Рысбеков өз еңбегінде қаланың пайда болу тарихына, қазақ халқының арғы тектерінен, ата-бабалары өмір сүрген





дәуір сонау I мың жылдықтан басталатындығын, қола дәуірі кезінде скифтердің, готтардың, ғұндар мен қыпшақтардың мекені болғандығын дәлелдеген [5;33-37]. Сондай-ақ ғалым Т.З.Рысбековтың пікірінше XX ғасырдың 60-70 жылдары мен қазіргі таңда жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп қаланың пайда болу тарихын орта ғасырлық Саксин қаласымен, «Курения» тұрағымен байланыстырды. Ал археологиялық зерттеулер Орал қаласының тарихы сонау неолит заманынан басталатынын дәлелдеуде. Шын мәнінде қалалардың пайда болуының тарихи методологиялық негіздеріне сүйенсек қаланың бос жерде пайда болмайтыны шындық. Сондықтан Орал қаласының орны да XVII ғасырдан бұрын, Жайық казақтары келіп қоныстанған уақыттан ерте пайда болғаны сөзсіз. Сондай-ақ XVI ғасырдың өзінде боярин Благов, Астрахань әскер басы князы Лобанов – Ростовскийлердің патшаға жазған мәлімдемелерінен казактардың Ресейден бос жерге келмегенін, оларға тұяқ тірер орын болғанын публицист Н.Чесноковтың еңбегіндегі мәліметтерден көруге болады [6;3]. Бірақ Н.Чесноковтың еңбектері публицистикалық сипаттағы еңбектер болғандықтан кейбір мәліметтер нақтылай дәлелдеуді қажет етеді. Сөйтіп қалыптасу тарихы сонау ерте кезден басталған Орал қаласы осы батыс өңірде болған ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи дүрбелеңнің барлығын да азды-көпті бастан кешіріп, тарих толқынында дағдарыс пен қиындықты, жетістік пен өрлеуді бастан кешіре отырып, дамып, жетіліп, ірі экономикалық – әкімшілік, мәдени орталыққа айналды. Әсіресе соғыстан кейінгі шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді шешуде облыстың орталығы ретінде маңызды роль атқарды.

XX ғасырдың 30 жылдары отандық тарихнамада қалалар тарихына арналған алғашқы арнайы зерттеулер анықтамалар түрінде жарық көрген. Бұл зерттеулер қатарында Г.Н.Дроздовтың, К.Данилевскийдің, Е.Рудницкийдің еңбектерін де батыс аймақтың қалалары туралы анықтамалар деп өтуге болады [7]. Г.Н.Дроздовтың еңбегінде Орал қаласы мен оның аймақтарына жалпы географиялық - экономикалық жағдайына шолу түрінде сипаттама берілген.

Қалалар тарихы мәселесінің ғылыми - теориялық маңыздылығына орай Қазақстан территориясындағы қалалардың пайда болуы мен даму тарихына 1950-жылдарда бастап ерекше көңіл бөлініп, қалаларды арнайы зерттеу жұмыстары жандана бастайды. Осы кезден бастап Қазақстандық қалалардың пайда болуы мен даму тарихына көңіл бөлініп, жеке қалалар тарихына байланысты кітаптар, мақалалар жазылып, ғылыми зерттеулер жүргізіле бастады. Олар А.А.Горячева, К.Туманшин, Э.И. Герасимова, Б.Чемирбаева, Г.Алпысбаева, Б.О.Медетов, Н.В.Алексеенко тағы басқаларының еңбектері болды. Бірақ бұл зерттеулердің көпшілігі қалалар тарихының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңін қамтыды [8]. Ғылыми - публицистикалық сипаттағы еңбектердің ішінен Орал қаласы тарихына қатысты географ Г.Е. Москалевтің [9] еңбегін бөліп алуға болады. Оның еңбегінде Орал қаласындағы сауда капиталының өнеркәсіпке енуі және қала халқының әлеуметтік - кәсіптік құрамына ықпалы туралы мәселе көтеріледі. Темір жолдың салынуы бұл аймақтағы капиталистік қатынастардың таралуына және жалпы экомикалық дамудың өзгерістерге ұшырауына тиімді ықпал еткені туралы ой өрбітеді.

Жалпы осы жылдардан бастап қалалар тарихына арнайы көңіл аудару Қазақстан тарихнамасының кеңеюіне, қалалар тарихын зерттеудің тереңдей таралуына және жаңа сипатта дамуына ықпал етеді. Оның нәтижесінде 1960-1980

жылдарда қалалар тарихын зерттеу одан әрі жалғасын табады. Әсіресе отандық зерттеушілердің басым бөлігі Верный, Орал, Риддер, Жамбыл, Семей тағы басқа қалалардың қалыптасуы мен дамуы, шаруашылығы, саудасы мен мәдени өмірі, патша үкіметінің саяси-әкімшілік шаралары туралы мәселелерге ерекше көңіл аударылады. Қалалар туралы жинақ еңбектермен қатар диссертациялық жұмыстарда жазылды. Олардың қатарында К.С.Нұрғалымова, Б.К.Кузутбаева,Э. О.Қырықбаевалардың диссертацияларын атап өтуге болады [10].

Орал қаласының пайда болу және даму тарихын ғылыми айналымға алғаш рет енгізген тарихшы-ғалым Э.Н Герасимованың еңбегін ерекше атауға болады [11]. Зерттеуші Орал қаласының пайда болуынан бастап 1917 жылға дейінгі тарихын қарастырған. Ол қала халқының санының өсуі туралы жаза отырып, олардың әлеуметтік жіктелуін қала экономикасына ақша – тауар қатынастарының енуінен және капиталистік қатынастардың дамуымен байланыстыра түсіндіреді. Сондай-ақ ғалым батыс аймақтағы сауда капиталы мен өңдеу өнеркәсібінің тезірек дамуына Қазақстанның басқа қалаларына қарағанда Ресейдің өнеркәсіпті орталықтарының жақындығы ықпал етті деп санайды.

Қазақстан қалаларының тарихын зерттеудегі ғылыми бағыттың қалыптасуында Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ерекше орын алды. Мұнда жұмыс жасаған ғалымдар, өлке танушылар А.Е. Елагиннің басшылығымен Қазақстанның біркатар қалаларының тарихы бойынша еңбектер даярлады [12]. Бірақта бұл еңбектерде Орал қаласының тарихы жайлы еш мәліметтер келтірілмеген.

Қалалар тарихын зерттеуде қалалардағы өзекті мәселелерді жан-жақты зерттеп ғылымға саналы үлес қосқан атақты ғалым Ж.Қ. Қасымбаевтың қалалар тарихына қатысты зерттеулерінің көтерген мәселелері мен оларда жасалынған тұжырымдардың маңызы өте зор. Оның еңбектеріндегі әскери қорғаныс орындары ретінде негізделген қалалар тарихы Қазақстан аймағының экономикалық дамуында маңызды роль атқарғанын көрсетілген. Мұның сондай қалалардың бірі ретіндегі Орал қаласына да қатысы бар. Автор мұндай қалалар арқылы қазақ аулына капиталистік элементтер еніп, патриархалды-феодалдық қатынастардың ыдырауын жылдамдатты деп көрсетеді.

Қалалар тарихының экономикалық- әлеуметтік дәрежесі, демографиялық сандық көрсеткіштері, тұрғындардың тұрмыс дәрежесі М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғали, А.Н. Алексеенко еңбектерінде берілген [13].

Ал жалпы Қазақстан өнеркәсібіндегі жұмысшы табының қалыптасуы мен өсу мәселелері А.Н. Нүсіпбеков, А.Ш.Алтаев, М.Х.Асылбеков, С.Б. Нұрмұхамедов еңбектерінде карастырылған [14]. Бірақ Орал қаласындағы жұмысшыларға қатысты нақты мәліметтер келтірілмеген.

Отандық зерттеушілер қалалардың экономикалық, мәдени және білім беру, денсаулық сақтау ісі саласының даму барысын жекелей мәселе ретінде қарастырған. Мысалы, республикамыздың қалаларындағы білім беру мен мектеп ісінің даму мәселелерін қарастыруда А.И.Сембаев, Г.Задорожный еңбектерінің, педагогикалық кадрларды даярлау ісі мен жоғарғы мектептің даму тарихы туралы Л.З.Рустемов пен К.Жуламанов еңбектері мен С.Т.Рысбекованың, Г.К.Балахметованың диссертациялық жұмыстарындағы мәліметтердің маңыздылығын атап өтуге болады [15].

Сондай-ақ Н.Джандильдин мен А.Канапин, Х.М.Әбжанов, Х.Б. Табылдиевтың еңбектері мен О.Т.Ельчибаеваның диссертациялық жұмысында мәдени-ағарту





жұмыстарының формалары, кітапхана ісінің, мәдениет пен ғылымның дамуы туралы мәселелер кеңінен қозғалған [16]. Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің тарихы Р.И.Самарин еңбегі мен С.Х. Душманов докторлық диссертациясында қаралған. Соның ішінде С.Х.Душмановтың диссертациясында 1971-1985 жылдардағы Батыс Қазақстанның денсаулық ісінің даму мәселесіне үлкен мән берілген [17].

Бірақ қоғамды қыспағында ұстаған кеңестік қатаң идеологиялық талап ғылыми талдаулардың обьективті қалыптасуына және қалалардың пайда болуы мен даму мәселелеріне кең талдау жасауға мүмкіндік бермеді. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қалалар тарихын зерттеу ісі жанданып, жаңа бағытқа түсе бастады. 1980 жылдардың II жартысы мен 1990-жылдарда қоғам өмірінің барлық саласында демократиялық өзгерістер басталған кезде тарих ғылымы да жаңару жолына түсіп, тарихи мәселелерді кеңінен қарауды қолға алды. Осыған орай Қазақстан қалаларының 1917 жылға дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихына арналған бірқатар жаңа зерттеулер жарық көре бастады [18]. Бұл еңбектер жаңа көзқарастар негізінде жазылып, қалалардағы орысшыл отаршылдықтың зардаптарына мән берген.

Орал қаласының тарихына қатысты жекелеген мәселелер жергілікті тарихшы - ғалымдар мен өлкетанушылар еңбектерінде де орын алды. Мысалы, ғалымдар Т.З.Рысбековтың, Б.Қ.Бірімжаровтың, С.Б.Курманалиннің, Ж.Ж.Жақсығалиевтің еңбектерінде қала мен облыс аудандарының арасындағы байланыс, қаланың ауылға көмегі, ауыл шаруашылығының дамуына қаланың өндіріс орындарының қандай дәрежеде ықпал еткені жан-жақты ашып көрсетіліп, қаланың тарихи атауына қатысты мәселелер көтерілген [19]. Ал ғалымдар М.Н.Сдықов еңбектері мен А.И.Қаржаубаева диссертациясында қаладағы демографиялық мәліметтер келтірілген [20]. Жергілікті өлкетанушы, филолог Жайсаң Ақбайдың еңбектері мен мақалаларында Орал қаласының тарихының кейбір мәселелері қамтылған [21].

Сонымен экономикалық, саяси мәселелерімен қатар урбанизация, экологиялық-демографиялық мәселелері де қордаланған, қысқа уақыт ішінде ірі өнеркәсіп орталығына айналған Орал қаласының тарихын зерттеу Қазақстан Республикасы тарихы үшін өте актуалды, ғылыми-практикалық мыңызы зор мәселе. Себебі көпғасырлық тарихы бар 1932 жылы 10 наурызда Батыс Қазақстан облысы құрылған кезден оның орталығы болып келе жатқан Орал қаласының Еврazия кеңістігіндегі Европа мен Азияны жалғастырушы канал ретінде саяси- экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңызы жоғары. Қоғамды осындай өзіндік ролі мен маңызы бар Орал қаласының тарихын тарихи деректер мен нақты құжаттарға сүйене отырып зерттеу жүргізу бүгінгі күн талабына толық сай келеді.

Өйткені қалыптасу тарихы сонау ерте кезден басталған Орал қаласы осы Батыс өңірде болған ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи дүрбелеңнің барлығын да азды-көпті бастан кешіріп, тарих толқынында дағдарыс пен қиындықты, жетістік пен өрлеуді бастан кешіре отырып, дамып, жетіліп, ірі экономикалық – саяси мәдени орталыққа айналды.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ғарифолла Есім. Қазақстанның болашағы қалаларға байланысты. // Жас Алаш, 2001. 20 қазан.
2. Перцик Е.Н. Города мира. М.,1999. – 380 с.
3. Қозыбаев М.Қ. История и современность. Алма-Ата: Ғылым,1991.-254с.
4. Кушаев Г.А..Этюды древней истории Степного Приуралья. Уральск. Диалог 1993.-171с.

5. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997 – 179 б.; Менің Қазақстаным. Орал, 2001.-205 б.

6. Чесноков Н. Уральску -350 лет. Алматы,1963; На куполе –столетний отблеск: Уральск сто лет назад. Уральск, 2003.-134 с.

7. Данилевский К., Рудницкий Е. Урало-Каспийский край (Уральская губерния и бывшие земля Уральского казачьего войска и Уральская область). Уральск,1925.; Дроздов Г.Н. Уральский округ и его районы. Уральск, 1930; Карманный справочник на 1937 г. Алма-Ата, 1937.

8. Горячева А.А. Город Верный в конце XIX века. В кн.: Вопросы истории Казахстана /уч. Записки КазГУ. т. 43. Вып. 9. – Алматы.- 1962; Туманшин К.М. Основание и развитие Петропавловска и уезда во второй половине XVIII-первой половине XIX вв. // Учен. Записки Кустанайского гос. Пединститута. Т. VI. История. 1961.; Чемирбаева Б.И. История возникновения и развития Риддера (1786-1917). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-ата, 1969.-36 с. Алпысбаева Г. Проблемы социально-экономического развития г. Акмолы (1832-1917гг). Автореферат диссертации на соиск. учен. степ. канд. ист.наук. – Алматы, 1997.-38 с.

9. Москалев Г.Е. Особенности географического положения Яицко- Уральска // Уральск,1956.-80 с.; Хозяйственний облик дореволюционного Яйцка-Уральска. Уральск, 1956. -82 с.

10. Нұрғалымова К.С. Ақтөбе қаласының тарихы(1946-1991жж.)тарих ғыл.кандидаттық дәреже Алу үшін даярл. Диссертация, Алматы, 1994.-138б.; Кузутбаева Б.К. Социально-экономические развитие г.Актау(1959-2001гг). Дис. На соис.степ. док.ист.наук. Алматы,2001-149с.;Қырықбаева Э.О. Семей қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектісі(1946-1990жж.) Тарих ғыл.док. атағын алу үшін даярл. диссертация. Алматы, 2000.-230б.

11. Герасимова Э.И. Уральск. Исторический очерк (1613-1917гг) Алматы. Наука, 1969.-214 с.

12. Елагин А.С. Города Казахстана в период строительство социализма// Актуальные проблемы истории советского Казахстана.-Алматы: Наука,1980.-344 с.; История городов Казахстана (Отв. Ред.Елагин А.С.) Алматы: Ғылым, 1984. - 224 с.

13. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально – демографические роцессы в Казахстане ( 1917 – 1980 г.г. ) Алматы: Ғылым, 1991 – 192 с.; Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1920 – 1900 г.г. Алматы: Ғылым, 1993 – 125 с.

14. Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. Алматы. Наука, 1966 - 242 с.; Нусупбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). Алматы. Наука, 1989. - 344 с.; Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих Казахстана (1970-1990гг.) Алматы: Ғалым, 1996.-250 с.; Асылбеков М.Х., Нурмухамедов С.Б., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. – Алматы, 1976. - 249 с;

15. Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. Алматы. Казучпедгиз, 1958. – 315 с.; Задорожный Г. Школы Казахстана (1846-1970гг.) Алма-Ата,1975.-236 с.;Рустемов Л.З. Подготовка педагогических кадров в условиях развитого социализма. Алматы. Наука, 1985. – 132 с.; Жуламанов К. Совершенствование высшего образования в Казахстане (1966-1975гг.) Алматы, 1976. – 189 с.; Рысбекова С.Т. История социального развития интеллигенции Западного Казахстана (1965-85 гг). Дис.на соиć.учен. степ.кандидата ист.наук. Алматы, 1999.; Балахметова Г.К. Подготовка педагогических кадров в Казахстане (1970-85 годы). Дис.на соис.учен. степ.доктора ист.наук. Алматы,1999.-113 с.

16. Канапин А. Новые формы культурно-просветительной работы.-Алма-Ата, 1963.-112 с.; Джандильдин Н. Расцвет культуры и науки в Советском Казахстане. Алматы,1956.; Табылдиев Х.Б. XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі.// Ізденіс,1997.№3.; Атырау облысының құрылу және даму тарихы // Материалы научной конференции. Атырау, 1998.; Назарбаева Г., Әбжанов Х.М., Қазақстан: тарих, тұлға, теория. Алматы, 2004. – 344 бет.; НазарбаеваГ., Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2004. – 296 бет.; Ельчибаева О.Т. Развитие областных библиотек Казахстана в 1946-1970годах. - Автореферат диссер. На соиск. учен. степ. кан.ист.наук. Алма-Ата, 1975.

17. Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана. Алма-Ата,1958.-150 с.; Душманов С.Х. История здравохранения Западного Казахстана: автореферат диссерт. доктора пед. наук. – М., 1992 – 29 с.

Виноградская С. Белый город – Атырау. Алматы, 1995.-135 с.; Абуев К.К Кокшетау: исторический очерк. Кокшетау, 1997. - 293 с.; Нурбаев К.Ж. История г.Павлодара (1917-1940гг.) Дис. на соис.степ.кан.ист.наук.- Алматы,1998.-171 с.

18. Рысбеков Т.З. Советы Казахстана (1938-1986гг.) Алматы. Наука, 1988.-151с.; Рысбеков Т.З., Мухлисова З.К., Иночкин В.А. История Западно-Казахстанской области. Уральск, 2003. - 236 с.; Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда. Орал, 2005. - 244 бет.;

19. Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Батыс Қазақстан облысының тарихы. Орал, 2001.-174 б.; Ж.Жаңабайұлы Жақсығалиев Орал һәм Уральск орыс отаршылары таңған атау тұра береме? .. әлде Қарт Жайықтың қысқаша тарихы // Жайық үні. 2005, 3 ақпан, №6.

20. Сдыков М.Н. История население Западного Казахстана (1897-1989гг.). Алматы, 2004. – 408 с.; Россия-Казахстан: Фронтьерские миграции (сборник научных трудов под общей редакцией Ж.Зайончиковской, М.Сдыкова.), Москва-Уральск, 2002.; Қаржаубаева А.И. Роль миграционных процессов в формирование современного населения Западного Казахстана (конец XIX-XXвв.) Автореф.дис. на соиск. учен. степ.канд.ист.наук. Уральск, - 2004.- 24 с.

21. Жайсаң Ақбай Нарын – казахия. –Уральск-Полиграфсервис, 2000; Жайсаң Ақбай Ритмы АқЖайық. Уральск, 2002.





# XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында ресейлік саяси ойдағы заңның жоғары тұру қағидасы

**Балташ ҚАРІПОВ,**
«Фемида» Қарағанды заң академиясы Көкшетау филиалының директоры, доцент

Ресейлік мемлекеттанушылар құқықтық мемлекеттің құрылуында заңның жоғары тұру қағидасы анықтауыш рөлдердің бір болғандығына сүйенді. Бұл қағидада барлық әлеуметтік субъектілердің заңға бағынуы қажеттілік ретінде танылады, бірде-бір мемлекеттік орган, жауапты тұлға, қоғамдық мекеме, бірде-бір адам бұл міндеттен босатылмайды. Осындай түсініктемеге сәйкесті олар заңның жоғары тұруы туралы толыққанды көрініс жасады, ол мына жағдайлардан тұрады: а) құқық нормаларының өктемдігі ретіндегі заң; ә) бұл түсініктің материалдық және формальды мағынасындағы заң; б) заң шығарушылар, үкіметтік және соттық актілер, олардың ара қатынасы; в) негізгі және кәдімгі заңдар; г) төтенше жарлық; д) заңның жоғарылығын іске асыру жолдары.

Ресейде құқық нормаларының өктемдігі ретіндегі құқықтық тәртіп туралы ілім заңның жоғары тұруы және азаматтық тепе-теңдік туралы Руссо ілімінің ықпалымен дамығаны сөзсіз. Заң мемлекеттік өмірдің жоғары нормасы ретінде жеке өз қалауы, күш көрсету ұстанымы бойынша билік жүргізуші тұлғалардың немесе құқық бойынша емес, тұлғаның дара билігі озбырлығының орнына келеді. Ол көптеген адамдардың кейбір жалпы тәртіп ережелерін көрсетеді, соңғыларының нақты сапаларына тәуелді болмайды. Руссоизмнің бұл ұстанымын дамыта отырып, А.С. Алексеев бұл идеяның заманауи мемлекеттік құқықтың ғылымында бағаланбағанына және қолданылмағанына өкініш білдіреді. Ол Ресейдің құрметті құрылысқа өткенінен кейін құқықтың дербестік беделін тану керектігін және өктемділікті оған алдын ала таңып қою көзқарасын жою керектігін атап көрсетті. Мемлекет ол абсолютті құқықтықтан жоғары күшке бағынумен байланысты құқықсыз азаматтардың саны емес, ал заңның тілімен немесе мекемелер атынан тілдесетін, заң түрлерінде және мөлшерінде көптің ықыласын танытатын заңмен тілдесетін тәуелсіз азаматтардың одағы. Мемлекет адамдардың дербес және саяси бостандығын қорғайды, сөйтіп оны заңның қорғауына қояды. Заңды қорғау заң тәртіпке айналған, жоғары беделі бар, Адам өктемдігіне жібермейтін мемлекетте ғана шынайы; басқа сөзбен айтқанда, заңды қорғау биліктегілердің жеке еркімен белгіленбеген, ал халық бірлігін ұйымдастырушы ретіндегі мемлекет қалауымен белгіленетін мемлекетте шынайы, онда заң жоғары норма ретінде өзіне басқа билік актілерін бағындырады. Мемлекет үшін жоғары негізгі билік жататын органның

қажеттілігін сақтауды көздейтін неміс доктринасынан өзгеше орыс мемлекеттанушысы заманауи құқықтық мемлекет егеменді билікті білмейтін тұрғыда сипатталады деп санайды. Ол билік тұлғалардың бір тобында жинақталған. Құқықтық мемлекетте егеменді орган да, егеменді билік те жоқ, ал тек егеменді заң ғана бар. Ол заң күрделі заңды үдерістер нәтижесінде пайда болады, онда конституция белгілеген формалардағы бірнеше органдар қатысады

Осы қағидасының келесі аспектісі болып заңды материалдық және формалды аспектілер тұрғысында түсіну саналады.

Полицейлік мемлекеттің өктемдігі уақытында заңды тек материалдық тұрғыда түсіну белгілі болды: заң жалпы норма, ол жоғарғы биліктен туындайды; керісінше, сол биліктен туындайтын накты жарлық заңмен мойындалмайды. XIX ғасырдың аяғында-20 ғасырдың басында заң үкіметтік өкімнен сыртқы формалды белгілерімен айырықшаланатын ұстаным басыңқы жағдай танытты.

Немістің заң әдебиеттерінде кең таратылған бұл көзқарас Ресейде де белсенді дамыды. Мысалы, Ф.В. Тарановский мемлекетті биліктің басқару заңдылығының басы заң шығарушылыққа қатысы бойынша екі негізгі талапты алға тартады: біреуі-формалды, екіншісі-материалды. Біріншісі заңның компетентті мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіпте, екіншісі заңдар мазмұны бойынша құқықтық мөлшерден шығып кетпеуі тұрғысынан жасалуы керек деген тұжырымдамаға сәйкеседі. Құқықтық мөлшерден шығу мемлекеттік биліктің адамдарды және қоғамдық өміріне араласу жолына әкеледі. Бұл талаптар негізгі заңдардың ерекше категориясын белгілеу арқылы және мемлекетте міндетті әрекеттің күшімен оларды көбірек ету арқылы қанағаттандырылады.

Заңның материалды және формалды аспектілері туралы мәселесін орыс мемлекеттанушылары жаратылыс және заң шығарушылық әрі үкіметтік актілердің ара салмағы туралы мәселемен байланысты қарастырады. Н.М. Коркунов заңды формалды танудың алдын ала, заң шығарушылар мен үкімет арасында конституциялық мемлекетте материалдық сипатпен айырмашылық емес, ал формалды айырмаштылық бар деп ойлады; заң шығарушы және үкіметтік актілер мазмұны бойынша емес, формасы бойынша ажыратылады. Халық өкілдері қатысатын барлық үкімет қабылдаулары заң шығаратын акт, ал үкімет билігінің бір жақты қабылдаулары – үкіметтік акт балып саналады. Заң шығаратын актісі түсінігі мемлекеттің қандай да бір анықталған нақты формасымен белгіленбейді, билік актілері ерекше тобыныз жоғары басқарудың жалпы аясындакорісіп беруін ғана болжайды, ол бір формманы ғана иемденеді, оларға жоғары сөзсіз билікті береді, оларды мемлекеттік биліктің соңы көрінісі және мемлекеттік билік жүргізудің басқа барлық актілерінің өлшеуіші етеді.

Орыс мемлекеттаушысының пікірі бойынша заңдар мен жарлықтардың формалды өзгешеліктері күштің де сәйкесті өзгешелігі оған неліп қосылғанда ғана практикалық мағынаға не болады. Заң шығаратын акті мемлекеттік актінің кезкелгенін жоя алады, ал заң шығаратын акті тек заңды жолмен жойылады. Жарлықтың заңға қарсы келмеген жағдайда ғана міндıтті күші болады. Жарлықтардың заңдарға осынай бағынышты болғанында жарлық заң әрекетін тоқтата да, жоя да, ешкімді заңға бағынудан босата да алмайды.

Егер конституцияда белгілі бір нәрсе бойынша заңдық нормалар заңмет бекітілі керек болса, ол нәрселердің жарлықтары тиісе алмайды. Жарлықтардың заңдарға бағыныштылығының бастауларында заңның міндетті түсіндірілуі жарлықпен





бекітіле алмайды. Н.М. Коркуповтың анықтамасы бойынша жарлық «басқару тәртібінде бекітілетін жалпы ереже». Жарлық заңнан заң шығарушылың формасымен озгешеленеді ал басқа басқару актілерінен жеке үкім емес жалпы ереже арқылы өзгешеленеді.

Жарлықтар мемлекет басқару қызметтеріне жататын нәрселердің бәріне қатыса алады. Бірақ заңдық мағынасы олардың міндетті күшіндегі өзгешелікпен шартты келетін жарлықтардың мазмұнында айырмашылық бар. Заңды нормаларды, әкімшілік жарлықтарды немесе техникалық жарлықтарды бекітетін жарлықтардың өзгешелігі осындай.

Заңды түсінуге материалды және формалды келу туралы мәселемен заңдардың негізгі және қарапайым болып өрбуімен де байланысты. Халық өкілдері органдарының қатысуымен қабылданатын кезкелген шешім жиі-жиі формалды заң болып саналатын, дегенмен шынайы өзіндік мазмұны мен мағынасы бойынша елеулі ажыратылатын. Осыдан келіп заңдарды шектеудің мазмұнды, функционалды қажеттілігі келіп туады. Барлық заңдар арасынан Конституцияның жетекші рөліне заңгерлердің көпшілігі басты орын береді. Мысалы, Ф.В. Тараковский былай деп жазды: «Негізгі заңдар, бір жағынан, компотенттігіне заң шығарушылық қызмет және заңдарды шығарудың тәртібі енетін жоғары мемлекеттік органдардың құрылысын, екінші жағынан, азаматтардың субъективті бұқаралық құқықтары анықтайды». Сөйтіп, негізгі заңдарда құқықтық формалар да, заңшығарушылықтың құқықтық мөлшері де белгіленеді. Негізгі заңдар мемлекеттегі міндетті әрекеттердің көбірек күшіне ие болады, бұл тұрғыда басқа барлық заңдардан өзгешелігі, оларды қарапайым кәдімгі деп атайды. Қарапайым заңдар негізгі заңдарды бұза алмайды, шынтуайтқа келгенде қарапайым заңдар негізгі заңдарға қарама-қайшы келмеген жағдайда ғана дұрыс. Қарапайым заңдардың іс жүзінде негізгі заңдарға бағынуының басында ерекше қиыншылықсыз және жеткілікті анық болса, негізгі заңдар қарапайым заңдардан кейбір формалды белгілермен өзгешеленеді. Формалды өзгешелік негізгі заңдарға жеңіл танылатындығын, қарапайым заңдармен салыстырғанда көп тұрақтылығын хабарлауға бағытталған. Негізгі заңдардың ерекшеленетін формалды белгісі болып олардың шығарыуылының ерекше тәртібі саналады. Негізгі заң мен қарапайым заңды бөліп тұратын шекараны белгілеу үшін заңдар мен жарлықтарды шектеудің сол қағидасы қолданылады. Орыс мемлекеттанушысы негізгі заңдардың басылымының шығарылуының ерекше тәртібі туралы сөз болғанда, олардың алғашқы басылымы емес, тек қана кейінгі өзгерісі айтылып отырғанына сілтеу жасайды. Негізгі заңдарды өзгерту үшін тәртіп пен мақсатты негізгі заңдарға кейбір қозғалмаушылық және мүмкін үлкен тұрақтылық беруді көздейді.

Орыс мемлекеттанушылары мен саясаткерлерінің теориялық зерттеулерінде заңның жағары тұру принципін іске асыру жолдары туралы мәселе тыңғылықты зерттелді. Мысалы, Ф.В. Тараковский заңшығарушылықта заңға сәйкестікті дұрыс бекіту үшін ерекше кепілдіктер белгілеу керек, яғни негізгі заңдарды заңсыз өзгертулерден қорғайтын арнайы өлшем болуы қажет. Сәйкесті өлшемдер не заңдардың басылым үрдісінде, оладың жариялану кезінде, не заңдарды қолдану тәртібінде қабылданыла алады. Оның пікірінше, қазіргі замандағы мемлекеттік құрылыс заңшығарушылықтағы заңдылықты қамтамасыз ету үшін сенімді заңды кепілдіктер әзірлеген жоқ. Олардың орнына заң шығаруға әр түрлі элементтердің – халық өкілдерінің, екі заң палаталарының, үкіметтің қатысуының арқасында жасалған саяси кепілдіктер әрекет етуде.

Барлық осы элементтер өзара біріне-бірі шыдамдылық көрсетеді, осылай заң шығарушылықты негізгі заңдардың бұзылуынан қорғайды. Жоғарғы билік функцияларына қатысатын тұлғалардың ішкі адами тәртіптері туралы ұмытуға болмайды. Ішкі моралдық тәртібі жоқ мемлекеттік органдардың қызметі кейбір өктемдікке әкеліп соғуы мүмкін.

Орыс мемлекеттанушыларының заңның жоғары болуы принципіне көзқарастарының сараптамасы – олар үшін құқықтық мемлекеттің маңызды конструктивті элементі болғанын бекітуге көмек және адамның жеке әрі әлеуметтік бостандығын іске асыруда қажетті жағдай. Олар заң туралы негізгі теориялық қағидаларын қалыптастырады. Әлеуметтік институт ретіндегі заңның саяси және заңды сипаттамасын таныстыра отырып, бұл ілім заңның өзінің жоғары биліктілігіне ие болу логикасын және әрі қарай мемлекет өмірінде құрылуын әрі қызмет етуін түсіндіреді. Н.В. Сильченко «орыс мемлекеттанушылары заңның жоғары болу тұжырымдамасында сондай шешуші тұтқа нүктесін тапты, олар, бір жағынан, осы өзекті мәселе бойынша алдында жинақталған білімдердің қажеттілігін жоғалтпауды тежеп отырды, ал, екінші жағынан, пайда болып отырған құқықтық реальдарға жауап берді», - деп дәл ескертеді.

Екінші келіс заңның жоғары болуын заң шығарушылық қондырулардың әр актісінде мойындауға көндірді, ол құжаттың материалдық мазмұнына тәуелсіз.

Бұл ұстанымдар, құқықтық көзқарас тұрғысынан, тепе-тең емес. Сөздің материалдық мағынасында заң тұжырымдамасы конституциялық басталудың маңызын елеулі кемітеді, ол бойынша бірде-бір заң халық өкілділігінің қатысуынсыз қабылданбайды. Бұл тұжырымдама парламенттің әкімшілік актілерін үкіметтік өкімдер деңгейіне түсіреді. Керісінше, заңның жоғары болу тұжырымдамасы формалды мағынада басталуын таратты, соған сәйкесті «бірде-бір заң халық өкілінсіз басыла алмайды». Халық өкілінің қатысуымен жарық көрген әр акт- бұл тұжырымдаманы басқару актілері үшін асқақ биіктерге көтереді. Заңды жарлықтан ажырататын формалды өлшемнің болмауынсыз заңның үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес, тіпті мемлекеттік актілердің иерархиясы, олардың маңыздылығының әр түрлілігі мүмкін емес. Құқықтық мемлекетте тек қана заң үстемдік жағдайда болуы керек; сол себептен орыс мемлекеттанушыларының төтенше жарлықтың құқық институты туралы қорытындылары жүйелі болып көрсетіледі, ол – құқықтық мемлекет талаптарына қарама қайшылықта болған құрылым. Саяси көзқарас жағынан, бұл – үкіметтік билік үшін жайлы құрал, өйткені заң шығарушылық аясына өз қалаулары бойынша өктемдік түзетулер енгізуі мүмкін.


**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Руссо Ж.Ж. Трактаты. – М., 1969.
2. См.: Алексеев А.С. Начала верховенства права в современном государстве. // Вопросы права – М., 1910, Кн. 11.
3. См.: Алексеев А.С. Начала современного правового государства и русский административный строй накануне 6 августа 1905 года. – М., 1905.
4. См.: Тарановский Ф.В. Учебник энциклопедии права. – Юрьев, 1917.
5. См.: Коркунов Н.М. Русское государственное право. – 4-е изд. – СПб., 1903. Т. II.
6. Коркунов Н.М. Указ и закон. – СПб., 1894.
7. См.: Тарановский Ф.В. Учебник энциклопедии права. – Юрьев, 1917.
8. Сильченко Н.В. Закон. Проблемы этимологии, социологии и логики. – Мн., 1993.






# Ежелгі тайпалардың орналасуы тарихнамасынан


**Досбол БАЙҒОНАҚОВ,**
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты


Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасында ерте темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың орналасуы, қоныстануы және тіршілік еткен аумағын анықтау аса күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Ілкі замандардағы батыс және шығыс дерек көздеріне сүйеніп бұл мәселелер туралы ғалымдардың жасаған сан алуан пайымдаулары әлі күнге дейін зерттеушілер арасында пікір - таластар туғызып келеді. Сол себепті кейбір ғалымдардың айтқан пайымдауларына тарихнамалық талдау жасаудың қажеттілігі бүгінгі күні артып отыр. Отандық тарихнамада көне тайпалар мен халықтардың орналасуына қатысты өз тұжырымдарын ұсынған бірқатар ғалымдардың еңбектері ілгеріде біршама жүйеленгенімен [1], қазіргі таңда жинақталған материалдар мұны қайта бір ізге түсіруді талап етуде. Көлемі шағын мақалада тарихнамадағы қордаланған мәселелерді толыққанды анықтау мүмкіндігі де шектеулі екендігі белгілі. Соған байланысты мақалада әзірге тек концептуальдық ой айтқан бірқатар зерттеушілерге ғана тоқталдық.

Ерте темір дәуірі әлемдік тарихнамада шартты түрде б.з.б. YII – б.з. Y ғасырлар аралығын қамтиды. Шығыс Европа мен Солтүстік Азияда ол екі археологиялық кезеңдерге бөлінеді: біріншісі, б.з.б. YII-III ғасырлардағы скиф, екіншісі - б.з.б. II ғасыр мен б.з. Y ғасыры аралығындағы ғұн - сармат. Алғашқы кезеңнің бас кезінде Қазақстан аумағындағы сақ және савромат тайпалары өмір сүргендігі белгілі. Осы халықтардан бастасақ, ең алдымен сақтар жайында көлемді еңбек жазған ғалымдардың бірі В.В. Григорьевқа (1816-1881) тоқталып кетуге тиіспіз. Өйткені ол алғашқылардың бірі болып сақтардың тарихын көне жазба дерек көздері бойынша өзінің «О скифском народе саках» атты 1871 жылы шыққан монографиясында түзген еді [2]. Онда автор сақтарға қатысты барлық ежелгі жазба деректемелерді, олардың аударма нұсқаларын, ғалымдардың (Ролинсон, Шпигель, Боллензен, Бенфей, Лассен, Опперт, Юсти, Керн, Мордтман, Гициг, т.б.) көзқарастары мен пікірлерін талдап шықты. Ол лингвистикалық, географиялық және тарихи жайттар бойынша кейбір ғалымдардың (Тернер, Тод, т.б.) сақтарды герман тайпаларына, осман түріктеріне (Мордтман, т.б.) жатқызуына қарсы келді де, өзі сақтарды славяндарға жатқызып, қате тұжырымдама жасады. Осыған байланысты В.В. Григорьевтың еңбегіне ғалымдар тарапынан үстірт қарау қалыптасқан. Мұндай ұстаным тарихи шындыққа қол жеткізуге мүмкіндік бермейтіндігі белгілі. Шындығына келгенде, В.В. Григорьев XIX ғасырда-ақ сақтардың өткеніне тарихнамалық талдау жасаған зерттеушілердің бірі. Сол себепті оның қалыптастырған сара жолы одан ары бүгінгі жаңа көзқарастар аясында өрбуі тиіс. Ал, біз көтеріп отырған тақырыпқа қатысты ол былай деген

және солтүстік-шығыс беткейлерін мекендеген деп есептейді [9, 7]. Шындығына келгенде, отандық тарихнамада археологиялық мәдениеттердің осы тайпалармен байланысы өте әлсіз көрсетіледі. Археологтар көбіне археологиялық нысандардың сипаттамасына бой ұрып, ескерткіштердің кімдер қалдырғандығын жалпылама түрде (сақ дәуірі, сақ - усунь, сақ - савромат, ғұн - сармат, т.б.) көрсете салады. XX ғасырда бұлай жасау осы дәуір ескерткіштерін анықтау мақсатынан туындаса, қазіргі уақытта осылайша бөліп тастау көптеген байырғы тайпалар бірлестігінің орналасуын нақты анықтауға бағыт бола қоймайды. Әлбетте, мұндай атаулар кезінде туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде қолданылғанымен, оның жергілікті нұсқаларын анықтайтын кез келіп тұрғандығы жасырын емес. Сол себепті қарат немесе абий сынды тайпалардың орналасқан аудандарындағы ескерткіштер классификациясын жасау археологтар мойындарында тұрған міндеттердің бірі деуге болады.

Белгілі ғалым М.И.Артамонов (1898-1972) сақтардың үш тобының (парадарайа, тиграхауда, хаумаварка) орналасуын анықтау пікір - сайыс туғызып келеді деп, өзі көп жағдайда В.В. Струвенің пайымдауларын қолдап отырды [10]. М.И.Артамонов хаумаварга - сақтар Бактрия маңында өмір сүрді дейді немесе тіпті осы ел халқының құрамында да болуы мүмкіндігін айтты да, олардың Мұрғаб өзенімен байланысты амюргейлермен салғастырылатындығын жазды. Зерттеуші көне тайпалардың орналасуына емес, ғылыми ізденісінде олардың заттай мәдениетіне көбірек көңіл аударғандықтан, оның кейбір көзқарастары әлі де нақтылауды қажет ететін секілді.

Сондай-ақ шығыстанушы - ғалым Н.В.Кюнер [11, 10] көне қытайлық дерек көздерінде сақ (сэ) халқы б.з.б. II ғасырдан бастап белгілі болғандығын, «Шицзи», «Цяньханьшу» сынды деректемелерге қарағанда сақтардың Батыс Түркістанды мекен еткендігін жазады. Зерттеушілердің көпшілігі бұған дейін Орта Азия мен Қазақстанда ерте темір дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың қытайлықтарға белгісіз болып келгендігін айтады.

Сақтардың және басқа тайпалардың орналасуын арнайы зерттеген қазақ ғалымдарының ішінен М.Қ. Қадырбаев пен К.А. Ақышевты ерекше атап кетуге болады. Саналы ғұмырының басым бөлігін сақ мәдениетін анықтауға арнаған бұл археологтар б.з.б. YII-IY ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды былайша орналастырады: «оңтүстікте бұлар тиграхауда - сақтар, грек деректемелеріндегі массагеттер солар және дахтар (дайлар); батыста савроматтар (ежелгі аорстар), орталық аудандарда – исседондар, солтүстік-шығыста – аримаспылар» [1, 164]. Зерттеушілердің айтуынша бұлардың бәрі ру - тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс және мәдениеті жағынан жақын сақ және сармат тайпаларының этникалық - мәдени бірлігіне кірген.

Әзірге М.Қ. Қадырбаев, К.А.Ақышевтың осы тұжырымдамалық ұстанымы отандық тарихнамада үстемдік құрып келеді. Көптеген оқулықтарда осы археологтардың YII-IY ғасырлардағы тайпалар мен одақтарды орналастыруы негізге алынады. Мұны бұл авторлардың өз пайымдауларын «Қазақ ССР тарихы» (1-т., 1980), «Қазақстан тарихы» (Қазақстан тарихы, 1-т. 1996) сынды іргелі басылымдарға енгізуімен түсіндіруге болады. Бірақ мұның өзі әлі нақты шешіле қоймағандығы белгілі. Бұл жайында Н.Масанов былай дейді: «Точная локализация этих племен и их этническая атрибуция, как и сама терминология, проблематичны, поскольку информация источников противоречива и оставляет





много места для разного рода разночтений. Так, исследователи помещают туров обычно в междуречье Амударьи и Сырдарьи, савроматов, аланов, аорсов – на западе степной зоны, дахов, каспиев – на западе и юго-востоке от Каспия, аримаспов – на северо-востоке региона, аргиппеев – на северо-западе, массагетов и ортокарибантиев – в Центральном Казахстане и Приаралье, саков - тиграхауда – на юго-востоке и т.д. Но все эти интерпретации сомнительны и далеки от исторических реалий» [12, 23]. Расын айтқанда, Н.Е.Масановтың сөзінде шындық бар. Өйткені, кей жағдайларда жоғарыда аталған археологтардың пікірін бірқатар мамандар қолдай бермейді. Себебі, кейбір мамандар тиграхауд - сақтар мен массагеттерді бөлек көрсетеді. Сонымен қатар бірқатар проблемалар әлі нақты шешімін таба қойған жоқ. Айталық, отандық және шетелдік тарихнамада әлі күнге дейін парсы патшасының кімдерге (сақтардың қай тобына) қарсы жорық жасағандығы жайында пікір - талас ашық орын алып отыр [13].

Осы жерде сақтардың қай аймақтарда тіршілік еткендігі жайлы ой-пікірлерін айтқан ғалымдардың көпшілігі бұрынғы кеңестік аймаққа, яғни негізінен Орта Азия мен Қазақстанға ғана сақтарды орналастыратындығы тән екендігін айта кету керек. Мұның өзі кеңестік тарихнаманың олқылығын білдіретін сияқты. Өйткені, Қытай деректемелерінде сақтар Батыс Түркістанды мекендегендігі жайлы айтылатындығын жоғарыда айттық. Бұдан шығар қорытынды сақтардың орналасу ареалына Шыңжаң өлкесін де жиірек кіргізуіміз қажет. С.А.Яценко сынды ғалым сақтардың бір бөлігін хотан - сақтар деп атайды да, оларды Наньшань, Куньлунь мен Памир тау алды өңірлеріне орналастырады. Оның пікірінше, хотан - сақтардың негізгі саяси орталықтары Хотан мен одан солтүстік - батысқа қарай орналасқан Яркенд, сондай-ақ Қашғар өңірлері болған [14, 201]. Шындығына келгенде, Шыңжаң секілді өңірлердегі сақ - усунь заманындағы археологиялық ескерткіштерді бір жүйеге келтірмей, Орталық Азиядағы ерте темір дәуірінің көптеген проблемаларын шешу сол түйіткілді мәселелердің бірі болып қала бермек. Мұндай кемшін тұстарды қолға алу сәл де болса соңғы жылдары ілгерілей бастағандығын да айта кетуге тиіспіз [15].

Сақтармен замандас болған савроматтардың орналасқан аймағы отандық тарихнамада батыс өңірлер деп көрсетіледі. Мұны Батыс Қазақстан өңіріндегі өзендер бойындағы қорымдардың (Целинный-1, Бесоба, Нагорный, т.б.) материалдары да нақты айғақтап отыр [16, 201-203]. Кезінде антикалық дерек көздеріне сүйенген ғалымдар савроматтардың орналасуына қатысты түрлі пайымдаулар жасады. М.А.Очир - Горяеваның айтуынша, ғалымдардың бір тобы (Н.Надеждин, Б.А. Рыбаков, М.И. Артамонов, т.б.) савроматтарды Донның төменгі ағысы мен Солтүстік Донецтен оңтүстікке Маныч аңғарындағы Саль далаларына дейін, келесілері (И.Потоцкий, Л.Н.Кречетов, Ф.К.Браун, И.Е.Забелин, М.И.Ростовцев, т.б.) Азов маңына орналастырды. Бұдан кейін археологиялық мағлұматтарға сүйенген П.Д.Рау Еділдің төменгі ағысындағы ескерткіштер савроматтарға тиесілі деп шешкен болатын [17]. М.А.Очир - Горяеваның өзі еңбегінде Қазақстанның батыс өңірлерін савроматтар мекені деп қарастыра қоймауын, автордың қазақстандық археологиялық мәліметтермен таныс еместігімен түсіндіруге болады. Жалпы алғанда, Қазақстанның батыс өңірінде археологиялық ескерткіштер өткен ғасырдың орта тұсынан зерттеле бастағаннан кейін-ақ ғалымдардың біразы республиканың бұл аймағын ерте темір дәуірінің алғашқы ғасырларында савроматтар мекендегендігін айта бастады. Батыс Қазақстан облысының ескерткіштері

өз сипаттамалары бойынша Төменгі Еділдің сол жағалауының кешендеріне жақындайды [16, 201]. Соған қарап ғалымдар мұндағы кешендерді савроматтарға жатқызады да, мұны археологиялық дерек көздерімен нақтылап өтеді.

Уақытында К.Ф.Смирнов та савроматтар мен сарматтардың орналасуы туралы археологиялық және жазба деректерін өзара ұштастырып, савроматтар Азовтың шығыс жағы мен Дон - Танаистан шығысқа қарай жатқан жерлерді мекендегендігін айтып, М.И.Ростовцевтың савроматтар азовтық аймақта қалыптасқан деген автохтондық көзқарасын қолдады. Мұнымен бірге археологиялық мәдениеттердің картасын жасап, Геродот савроматтарын Еділ (Волга) өзенінің алабындағы кең байтақ аймаққа, сирмат тайпаларын олармен шекаралас жатқан Дон маңына, орталығы Жайықтың (Орал) орта тұсы болған ертедегі дахтар немесе дах - массагет тайпаларының шоғырын Жайық пен Ембі өзендері аралығына және Жайықтың сыртқы жағына орналастырды. Ал, авесталық сайримдарды Еділ мен Жайық аралығын мекендеген деп шешті. Зерттеуші савромат археологиялық мәдениетінің ескерткіштерін дон - еділ, самар - жайық, шығыс - жайық деп үш ірі топқа бөлді [18]. Бұл ғалым осы ескерткіштердің құрылысы мен олжаларына қарап, әрі жазбаша деректемелерге сүйеніп, исседон тайпаларын дахтардан солтүстікке қарай, Жайықтың бойына орналастырды. К.Ф.Смирновтың байырғы тайпалардың қоныстануына қатысты көзқарастарында кавказдық - батыстық бағыт үстем болды, өйткені ол скифологиямен айналысқан мамандардың еңбектеріне көбірек арқа сүйеген еді.

Қорыта айтқанда, ерте темір дәуірінің алғашқы жартысында өмір сүрген біркатар тайпалық бірлестіктердің қоныстануын, мекен еткен аймағын анықтау зерттеушілер арасынан әлі оң шешімін таппай келеді. Көтерілген мәселеге қатысты ғалымдарды көзқарастары бойынша батыстық - кавказдық және орта-азиялық – шығыстық деп екіге бөлуге болады. Алғашқылары ерте темір дәуірінде өмір сүрген этностарды Кавказға қарай және ішінара Қазақстанның батыс аймақтарына, соңғылары Орта Азия мен Қазақстан аумағына жиірек орналастырады.

Осы шағын мақалада азды - кемді қарастырылған тек қана сақтар мен савроматтар өмір сүрген уақыттағы этностардың өткеніне үңілу барысында белгілі болып отырған жайт - отандық тарихнамада байырғы тайпалардың орналасуына қатысты ғалымдардың көзқарастары арасында көптеген алшақтық байқалады. Мұны ең алдымен проблемаға қатысты деректемелік қордың мардымсыздығымен түсіндіруге болады. Әлі күнге дейін сақ -савромат уақытындағы тарих беттерінің тарихнамасы толыққанды жасала қойған жоқ. Антикалық дәуірдегі деректемелерді зерделеу ісі қазақстандық тарихнамада кенжелеп, кемшін тартып келеді.

Археолог - мамандар көп жағдайда археологиялық нысандарды сипаттау жетегінде кетіп, өздері ойлап тапқан «жаңа терминдер» арқылы аршыған ескерткішінің тарихнамадағы рөлін әспеттеумен ғана айналысады. Осы ретте айта кететін нәрсе, республикада ерте темір дәуірімен айналысып жүрген кәсіби археологтардың (бірлі - жарымдарынан басқа) болмауы салдарынан байырғы тайпалар мен халықтардың орналасу аймағын анықтау әлі де ұзақ жылдар бойы олқы тартып қала беретіндігі белгілі.

Негізінен алғанда, археологиялық мағлұматтар мен жазба дерек көздерін ұштастырып, белгілі бір ескерткіштер тобын немесе түрін деректемелердегі анықталған халықтар мен тайпалық одақтарға тән екендігін көрсетіп беретін





мамандар жоқтың қасы. Мұндай жұмыстармен кезінде С.П.Толстов айналысып, нәтижесінде біркатар археологиялық мәдениеттердің ашылуына себепкер болған еді. Ал, отандық ғалымдар сақ, усунь, т.б. халықтар қазақ ұлтының арғы ата-бабасы ма жоқ па деген сауалдар төңірегінен ары аса алмай отыр.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Б.з.б. YII-IY ғасырлардағы тайпалар және олардың қоныстануы туралы жазба деректер / Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. I том. А., 1996. -544 бет. 158-165-бб.

2.Григорьев В.В. О скифском народе саках. СПб., 1871

3.Струве В.В. Поход Дария I на саков-массагетов / ИАН, СИФ, 1946. №3. С. 231-250

4.Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая / МИА, 1952. №26. -346 с.

5.Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948; Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М., 1948; Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.

6.Приаралье в древности и средневековье. М.. 1998; Байгунаков Д.С. С.П. Толстов және ХАЭЭ / Қадырбаев оқулары-2007. Ақт., 2007

7.Толстов С.П. Среднеазиатские скифы в свете новейших археологических открытий / ВДИ, 1963. №2. С. 23-45

8.Сенигова Т.Н. К вопросу о генезисе культуры Семиречья (YI в. до н. э. – XII в. н. э.) / Вестник АН КазССР, 1967. №4 (264). С. 69-76

9.Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.Y. Археология. С.3-215

10.Артамонов М.И. Сокровища саков. М., 1973

11.Кюнер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961. -391 с.

12.История Казахстана: народы и культуры: Учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. А., 2001. -608 с.

13.Пьянков И.В. К вопросу о маршруте похода Кира II на массагетов /ВДИ, 1964. №3. С. 115-130

14.Яценко С.А. Костюм древней Евразии: ираноязычные народы. М.,2006

15.Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том. Сұңғатай С., 16. Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. А., 2005. 80-б. +132 бет жапсырма.

16.Қазақстан тарихы. 1-т. А., 1996. -544 б.

17.Очир-Горяева М.А. О расселении савроматов / Вестник ЛГУ. Сер. 2. 1988. Вып.3 (№16). С.95-99

18.Смирнов К.Ф. Савроматы и сарматы / Проблемы археологии Евразии и Северной Америки. М., Изд. «Наука», 1977. С.129-139

# Таяу шығыс шиеленісі тарихындағы 1967 жылғы «Алты күндік» маусым соғысы

**Бақыт АҚТАУЛОВА,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті
Арабтану кафедрасының аға оқытушысы

XX ғасырдағы дүниежүзілік тарихтың ең өзекті мәселелерінің бірі – Таяу Шығыста орын алған араб-израиль соғыстары. Таяу Шығыс шиеленісінің пайда болуы, тууы, дамуы сияқты мәселелері әлемдік тарихта кеңінен зерттеліп жүргенімен, қазақстандық зерттеулерден шеттетіліп қалған тың дүние. Бірақ, еліміз тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанның сыртқы саясатында араб елдері-мен байланыстың күннен - күнге артып келе жатқан тұсында Таяу Шығыстағы елдердің тарихы мен саясатын жетік зерттеудің маңыздылығы да артып отыр.

Таяу Шығыс шиеленісі тарихындағы араб - израиль соғыстарының ішінде-гі ең күрделі, осы күнге дейін соғыс салдарларынан зардап шегуші тараптар талаптарының жүзеге асырылмай отырғандығымен ерекшеленіп отырған маусым соғысы тарихын зерттеудің маңыздылығы әлі күнге зерттеушілердің назарынан түскен жоқ.

Араб - израиль қақтығыстарының осы уақытқа дейін толастамауы, Таяу Шығыс жанжалының реттестірілмеуі бұл шиеленістің халықаралық бейбіт-шілікті дағдарыстық деңгейге жеткізіп, мұсылман елдеріндегі ахуал мен әлемдік экономикалық жүйеге әсер етуі, Таяу Шығыстың саяси картасын өзгерткен алты күндік соғыс тарихын қайта қарастырудың маңыздылығын айқындай түседі. Соғыстың басталуы мен барысына, одан кейінгі аймақтағы халықаралық жағдайдың қалыптасуына басты ықпал еткен факторлар екі алып империяның, олардың аймақтағы одақтастарының ұстанған саясаты мен мүдделері болды.

XX ғ. 50-ші жылдары ортасынан қалыптасқан әлемдегі биполярлық жүйе АҚШ пен КСРО үстемдік еткен екі әскери саяси топқа (НАТО және Варшава шарты) бөлінуімен, қырғи-қабақ соғыс рухындағы қақтығыстар мен әлемдік саясаттағы дағдарыстарды әскери саяси тәсілмен шешу басымдылығымен сипатталады.

1956 - 1965 жж. аралығын салыстырмалы түрде араб - израиль қақтығысындағы тыныштық кезеңдері деп саналғанымен араб әлеміндегі жағдай тұрақсыз болып қала берді. Суэц дағдарысынан кейінгі араб мемлекеттері мен Израиль арасындағы қатынастар ретсіздігі Таяу Шығыстағы барлық саяси ахуалға ықпал етті. 1960-шы жылдар ортасында араб - израиль қақтығысы дағдарыстық шегіне жетті. Қырғи - қабақ соғыстың шарттары мен толассыз кеңес - американдық қақтығыстар аймақтағы жағдайды одан әрі күрделендіре түсті.





Таяу Шығыста түпкілікті орнығуда Кеңес Одағы араб одақтастарына әскери, саяси, дипломатиялық қолдау көрсету арқылы оларды тірек етті. АҚШ та өз одақтасы – Израильге қатысты осындай саясат ұстанды. Алты күндік соғыс екі қарама - қайшылықты саяси және стратегиялық қадамдар күресі ғана емес, екі ұлы державаның қырғи - қабақ қатынасының «сенімді» жақтастары арқылы қақтығысы тұрғысында қарастырылады. Бірақ, «сенімді жақтастарының» өздерінің жеке мүдделері мен мақсаттары да болғаны анық. Таяу Шығыстағы Кеңес саясатының қалыптасуына кеңестік идеологияның халықаралық қатынастарға таптық тұрғыдағы қатынасы да зор ықпал етті. Осы тұрғыда Таяу Шығыс қайшылығы им-периализм мен араб ұлт - азаттық қозғалысы арасындағы қақтығыс көрінісі ретінде бағаланып, Израиль империализм қолындағы қару деп танылды [5. 163].

Израиль американдық мүддемен санасқанымен, өз мақсат - мүдделеріне қарай әрекет етті. Дегенмен олар толық тәуелсіз күш бола алмады. Өзінің өмір сүруінің алғашқы жылдарында-ақ Израиль билеушілерінің «батыстық бағытқа» сүйенуі оларды араб елдерінің тәуелсіздігі жолындағы күрестеріне қарсы тұрар Таяу Шығыстағы батыстық аванпостыға айналдыруға мүмкіндік берді. Соны-мен қатар, Израиль экономикасы ірі сионистік ұйымдардың қаржылай көмегіне тәуелді болды. Израиль Сирия мен Египетке жасалар агрессия Батыс тарапынан моральдық, саяси және экономикалық қолдау табатынына сенімді болды және олар қателеспеді. Ақ Үй және Пентагон американдық мүддеге қайшы келер араб тәртіптеріне өздерінің жеке себептеріне байланысты қарсы шығушы елдерді бағалай білді [2.395-400].

Араб жетекшілерінің империализмге қарсы бағыт ұстанулары, олардың «империализмнің тіміскі әрекеттерімен» ашық күрес жариялауына Кеңес Одағының АҚШ-қа қарсы күресі мен Таяу Шығыс аймағында өзіне одақтастарды іріктеп таңдау бағытында жүргізген саясаты әсер етті. Бұл ретте сол кездегі партиялық және мемлекеттік басшылар жоспарында әсіресе, барлық Таяу Шығыс аймағына социализм идеясын таратуы мүмкін насырлық Египетке үлкен үміт артылды [4.46-48].

Екі жүйе күресі шеңберіндегі өзінің сыртқы саясатында Кеңес Одағы басты қарсыласы АҚШ-қа саяси соққылар беру үшін барлық күш - жігерін жұмсады. Сонымен қатар, кеңес басшылығының АҚШ-ты Вьетнам соғысы сияқты тағы бір қақтығысқа қатыстыратындай Таяу Шығыста соғыс өртінің тұтануына мүдделі болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Араб жетекшілері мен Кеңес басшыларына осы кездегі АҚШ-тың Вьетнам соғысында тұйыққа тірелуі мен халықаралық жағдайлар да қолайлы болып көрінді. Халықаралық саяси жағдайды бұлай қабылдау қателікке ұрындырды. Біріншіден, Кеңес басшылары Израильді АҚШ-тың қолшоқпары деп біліп, оны дербес ойыншы ретінде санамады. Екіншіден, болуы мүмкін соғыстың барлық ауыртпалығын Израильге жүктеді. Сонымен қатар КСРО соғыстың болуына аса мүдделі болмағанымен де оны әскери қарымта қайтаруды аңсаған араб одақтастары итермеледі. Араб одақтастарына дипломатиялық көмек көрсете отырып, Кеңес Одағы араб елдерінің Израильмен қақтығысын қолдады [1.213].

Египет басшылығының соғысты бірінші болып бастауына Кеңес Одағы қарсылық білдірді. Нәтижесінде Израильдің тұтқиылдан жасалған шабуы-лы арабтарды осы соғыста жеңіліске әкелді. Израиль Қарулы Күштерінің мүмкіншіліктеріне шек келтірген КСРО Қорғаныс министрлігі Египет Израильді

талқандамаған күнде де өзінің және Кеңестік қарудың күшін көрсетеді, ал бұл Кеңес Одағының Таяу Шығыстағы беделі мен ықпалын нығайтады деп есептеді.

Соғыстың басталуына екі алып державаның қырғи - қабақ қатынасындағы Таяу шығыстық саясаты, Израильдің араб мемлекеттерінің жер көлемі есебінен өз тіршілік кеңістігін кеңейтуді көксеген арандатушы әрекеттері, сонымен қатар Египет президенті Гамал Абд Насырдың Синайдан БҰҰ әскерін шығару, Тиран бұғазын жабу әрекеттері де себеп болды.

Таяу Шығыстағы үшінші араб - израиль соғысы 1967 ж. 5 маусымда Израильдің Египет әскери әуежайларын тұтқиылдан шабуылдауымен басталды. Египет әскери әуе күштері қатардан шыққаннан кейін Израиль әскері Синай шөліне қарай жылжыды. Египеттің танктері мен жаяу әскері әуеден қорғалмағандықтан Израильдің әуе күштеріне оңай нысанаға айналды.

Израильдіктердің әскери күшінің соғыстың алғашқы күндерінде-ақ басымдылыққа жетуі Египет әскери әуе күштерінің дұрыс басқарылмауынан болды. Арабтардың әскері шаруалардан, яғни заманға сай техниканы толық пайдалана білмейтін жауынгерлерден тұрды. Таза әскери тұрғыда Израиль мен БАР-ды салыстырғанда Египет әскері күрделі техникамен жұмыс істеу, тылдағы нақты жұмыстар сапасы сияқты салаларда да кешендеу қалды.

Египет әуе күштерінің талқандалуына қарамастан арабтық майдан шебінде Египет әскерлерінің жеңісі туралы жалған ақпарат таратылды. Бұл хабарлар Сирия, Иордания, Ирак әскерлерінің соғысқа араласып, көп қателіктерге ұрынуларына себеп болды.

Соғыс нәтижесінде Израиль Египеттің Синай түбегін ( аумағы 60000 шаршы км), Газа аумағын (1200 шаршы км), Иордан өзенінің Батыс жағалауын (6000 шаршы км) Суэц каналының шығыс жағалауын, Сирияның Голан қыраттары мен Шығыс Иерусалимді жаулап алды. Нәтижесінде Израиль көршілес араб мемлекеттерінің есебінен жалпы аумағы 68,7 мың шаршы шақырым жерді басып алды. Егер 1948-1949 жылдардағы Палестина соғысының нәтижесінде Израиль күшпен Палестина араб мемлекетіне бөлінген жерді бөліске салған болса, 1967 ж. соғыста Израиль барлық ежелгі Палестинаға тиесілі жерлерді басып алды. 1967 ж. 28 маусымда Иерусалим Израильдің біртұтас астанасы болып жарияланды [7.11].

Маусым соғысынан кейінгі БҰҰ-ның 242-ші қарарының мазмұны Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі ресми қадамы үш заңды талаптан құралып, неғұрлым теңдестіруге негізделді. Біріншіден, 1967 ж. маусым соғысы барысында Израиль әскерлерінің жаулап алған жерлерінен кетуін талап етті. Екіншіден, Палестина араб халқының өзін-өзі анықтау т.б. ұлттық құқықтарын орнату туралы талаптарын қоюы болды. Үшіншіден, болашақ Палестина мемлекеті мен Израиль мемлекетін қоса барлық Таяу Шығыс мемлекеттерінің тәуелсіз өмір сүруі мен дамуын қолдауы болды. Ол үшін Израиль мен араб мемлекеттері арасындағы соғыс жағдайын тоқтату, олардың арасында өзара құрмет, теңдік, қауіпсіздік, тату көршілестік принципінде бейбіт қарым-қатынастар орнату мақсатында батыл қадамдар жасау талап етілді.

Алты күндік соғыстың басты салдары болып Таяу Шығыста геосаяси баланстың түбегейлі өзгеруі болды. Соғыс салдарларының Таяу Шығыстағы кейінгі бейбіт үдерістер ағымына тигізген әсері үлкен болды. Таяу Шығыс





шиеленісінің жиынтығына жаңадан жаулап алынған жерлер мен Иерусалимнің статусы секілді күрделі мәселелер қосылды. Маусым соғысы палестиналық босқындардың ахуалын Палестина халқының ұлттық құқықтары деңгейіне дейін жеткізіп, оны әлемдік саясаттың өзекті мәселелерінің бірегейіне айналдырды.

Алты күндік соғыстың тағы бір қорытындысы палестиндік ұлтшылдықтың өсуі, ПАЕҰ беделінің артуы болды, соғыстан кейін Палестина халқының бірден-бір заңды өкілі болып танылған ПАЕҰ Таяу шығыстық аренада дербес ойыншыға айналды. Сонымен бір мезгілде Израильде діни және саяси пайымдаулармен алға шыққан 1967 ж. жаулап алынған жерлерден кетуге қарсы күштер өздерінің ықпалын күшейтті. Израильдің әскери жеңісі оған аймақта жедел түрдегі саяси басымдылықты әкелмеді. Израильдіктер әскери жеңісті саяси жеңіске айналдыру мүмкіндігіне және жаулап алған жерлер орнына бейбітшілік алуға жете алмады.

Алты күндік соғыс араб - израиль қатынастарының жаңа кезеңінің басталуымен ғана айқындалмайды, бұл соғыс таяу шығыстық реттестіру күресінің ұзақ та қиын кезеңінің басталғанын көрсетті. Бұл кезеңде араб-израиль қақтығысына әр деңгейде тартылған елдер жеңіске жетті немесе жеңіліске ұшырады. Бұл соғыс Таяу Шығыста бақталас саясат жүргізіп отырған екі алып державаның ұстанымдары мен басты мүдделерін айшықтап, басымдылыққа қол жеткізген тарапты да айқындап өтті.

Маусым соғысы араб қоғамдық пікірінде Мәскеу берген ресми пікірлерге сәйкес «империалистік басқыншылық» мағынасында қабылданды. Күйрей жеңілген «алты күндік» соғыстан кейін де араб елдерінің жетекшілері мен Кеңес басшылары өздерінің қателіктерін мойындауға асықпады. Соғыс алдындағы араб елдері мен олардың басты одақтасы өздерінің сыртқы саяси бағыттарындағы дұрыс, бұрыс жолдарын қарастырудың орнына араб әскерінің әлсіздігін Израильдің тұтқиылдан шабуыл жасауынан, Израильге АҚШ-тың көрсеткен көмегінен, «әлемдік империализмнен» іздеді [6.511].

Кеңес басшылығы Таяу Шығыстағы одақтастарына бұл аймақта Мәскеумен достық қатынастардағы тәртіптердің құлауына жол бермейтінін және бұл жолда барлық күштерді қолданатынын көрсетті. Бұған мұның соңынан жүргізілген іс жүзіндегі әрекеттері дәлел болды. Кеңес Одағы Египет пен Сирияға соғыстан кейінгі жағдайын қалпына келтіру ғана емес, әскери күшті арттыру мақсатында да кең көлемде әскери көмегін күшейтті. Бұл үрдістің екінші жағы аймақта қаруландыруды арттырған АҚШ-тың Израильді қаруландыруы болды. Кеңес – араб өзара қарым-қатынастарында әскери ынтымақтастықтан басқа экономика, саясат, мәдениет саласында да байланыстар дамыды. Кеңес Одағының қатысуымен Евфраттағы су бөгеті, Асуан су бөгеті, Хелуан металлургиялық комбинаты сияқты ірі құрылыстар салынды, көптеген египеттіктер, сириялықтар, ирактықтар Кеңес Одағында білім алды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Израиль басшыларының басты талабы араб елдерінің Израильді тануын қамтамасыз ететін және басқа да екі жақты келісімдерге қол жеткізетін арабтармен тікелей келіссөздер жүргізу болды. Кеңес басшыларының пайымдауынша мұндай келіссөздер болған жағдайда Израиль АҚШ-ты Таяу Шығыста жеңіске жеткізер күш деп есептегендіктен, бұл келіссөздерден АҚШ пайда көретін болды. Ал, бұған Кеңес басшылығы жол бере алмады, сондықтан да ол Израиль мен араб елдері арасындағы тікелей, оңаша келіссөздерге қарсы

болды. Мұндай қадамды аймақта Израиль ықпалының күшеюінен қауіптенген кейбір араб басшылары да қолдады [3.137].

Араб мемлекеттерінің 1967 ж. Хартум келісімінен кейінгі «үш жоққа» негізделген ұстанымдары да шиеленісті реттестіру үдерісін тұйыққа тіреді. Ал Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде жетекші орынға ие болып отырған бәсекелес екі тарап - КСРО мен АҚШ бейбіт үдерісті ұйымдастыруда келісімді саясат жүргізуге дайын болмады. Қалыптасқан жағдайда Израиль басшылығы уақыт өте қаталдық пен ырыққа көнбестік көрсетіп, жаулап алған жерлерін сақтап қалуға тырысты.

1967 ж. соғыстан кейінгі айлар қақтығысушы тараптардың ешқайсысының да реттестіруге дайын емес екендігін көрсетті. Араб елдері Израильді танудан бас тартса, Израиль өз кезегінде осы талапқа қол жеткізуге тырысты. 1967 ж. маусым соғысына дейінгі жерлердің статусын анықтаудағы жекелеген араб елдері мен Израиль арасындағы өзара келіспеушіліктер Таяу Шығыстағы шиеленістің реттестірілуіне қазіргі күнге дейін кедергі келтіріп отыр.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Черчилль Р. и У. Шестидневная война. М., 1989.
2. Eban A. An Autobiography. New York: Random House, 1978.
3. Советская внешняя политика в ретроспективе. 1917-1991. М.,1993
4. Леонид Млечин. Красная Палестина. // Азия и Африка сегодня. 2007 №10 с.46-48
5. Примаков Е.М. Конфиденциально: Ближний Восток на сцене и за кулисами. М.: ИИК "Российская газета", 2006
6. Тарик Али. Столкновение цивилизации. М., 2003 с.121
7. Алекс Эпштейн и Михаил Урицкий. Шестидневная война и современная политическая динамика на Ближнем Востоке // Восток 2003 №2






# Қазақ жерін зерттеген Ф.А. Щербина (1896-1903 жж.) экспедициясындағы Ә.Н. Бөкейханның қызметі

**Назия ТАСИЛОВА,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Деректану және тарихнама кафедрасының аспиранты

XIX ғ. соңы- XX ғ. басында патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатының аясында Қазақстанда бірнеше ірі - ірі статистикалық зерттеулер жүргізілді. Олардың ішінде Ф.А.Щербинаның экспедициясын ерекше атап өтуге тұрады.

Қазақтың біртуар азаматтарының бірі - Әлихан Бөкейханның бұл зерттеудегі қызметі ерекше әрі аса күрделі болды. Қазақ зиялыларының өкілі, ормантанушы, экономист әрі статист маман Ә.Н.Бөкейхан 1894 жылы Санкт-Петербор қаласында императорлық орман шаруашылығы институтын бітіріп, Омбыға оралады [1]. Сөйтіп 1896 жылы орталық билік орындарының шешімімен Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы жергілікті халықтың мал шаруашылығын, оның жер қорын пайдалану жүйесі мен жердің құнарлығын зерттеуді мақсат тұтқан Ф.А.Щербина экспедициясына шақырылады [2].

Жалпы алғанда М.Қ.Қойгелдиев [2], Т.П.Волкова [3], М.Базарбаев, С.Аққұлыұлы [4], М.С.Амрина [5], Л.И.Серекбаева [6], Г.А.Мейірманова [7] және т.б. зерттеушілер Ә.Бөкейханның Щербина экспедициясындағы қызметінің әртүрлі қырларын қарастырған болатын.

Біз бұл мақаламызда Ә.Бөкейханның қызметін накты экспедицияның нәтижесінде пайда болған «Материалы по киргизскому землепользованию...» (әрі қарай «ҚЖПМ» - Н.Т.)* дерек көзі бойынша талдап көрсетуді жөн деп таптық.

1896 ж мамырда Омбы уезінде Ф.А.Щербина экспедициясының алғашқы алдын - ала бақылап көру (пробные - Н.Т.) зерттеу жұмыстары басталады. Бұл кезеңде Ә. Бөкейхан Омбыдағы Орман мектебінде мұғалім болып жұмыс істейтін. Осы кезде Омбыда зерттеу жұмыстарын жүргізген Щербина Әлиханмен танысады. Федор Андреевич Ә.Бөкейханды қазақ тілін жетік білетіндіктен – әрі статист әрі аудармашы деп бағалаған болатын.

1897 ж экпедиция жұмысын жүргізу барысында Ф.Щербина Мемлекеттік жер мүлкі департаментінің директоры И.И.Тихеевке зерттеу жұмысына тәжірибелі адамдар алатындығын мәлімдейді. Бұл адамдардың тізімінің ішінде ең алғашқылардың бірі болып Ә.Н.Бөкейхан тұрды. Осылайша Әлихан Бөкейхан экспедицияға ресми түрде шақырылады.

Әлихан Бөкейхан алғашында статист ретінде шақырылып, кейіннен экспедицияның жеке бір партиясының меңгерушісі болып істеді. Жұмыс мер-

зімі 1896-1903 жылдар аралығында өткен бұл экспедицияға қатынасу бары- сында Ә.Бөкейхан қазақ даласына байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және оның таяу арада ірі стратегиялық шараларды іске асыруға даярлық үстінде тұрғанын байқады. Тұжырымдап айтқанда, ол Батыс Сібір және қазақ даласын ішкі ресейлік гу- берниялардан қоныс аударған шаруаларды орналастыру аймағына айналдыру, сол арқылы метрополиядағы жерге байланысты қалыптасқан әлеуметтік шие- леністі бәсеңсіту еді. Ол экспедицияға қатынасу арқылы бір жағынан Ресейдің отарлау саясатының куәгері болды. Ал екінші жағынан қазақтың әлеуметтік - экономикалық ахуалымен танысып, болашаққа нақты жоспарлар жасауға мүмкіндіктер алды.

Әлихан Омбы, Павлодар, Қарқаралы, Семей уездерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. «ҚЖПМ» дерегінің 2, 4, 6, 10-томдарында оның атқарған қызметі мен істері туралы көптеген мәліметтер баршылық [8]. Мәселен, Әлихан Бөкейханов Павлодар уезінің Алтыбай, Қызылтау болыстарына ғылыми сараптама жасап, деректе сипаттап жазған. Сондай-ақ, уездегі рулар кестесі мен ондағы қазақ халқының қашаннан бері осы өңірді тұрақтайтынын анықтап, ауызша аңыз - әңгімелердің негізінде XVII-XIX ғғ. сол аймақтың төл тарихын қайта қалпына келтіруге атсалысқан.

Ә.Бөкейханов бұл өңірлерді зерттеуде ел аузынан жинап алынған аңыз - әңгімелер мен шежірені негізге алған. Оның пайымдауынша Павлодар уезіне қазақтар XVII ғ. соңынан бастап қоныстанған. «Негізінен бұл өңірдің тұрақты тұрғындары Орта жүзден шыққан Арғын рулары және шашыранды түрде Қыпшақтар мен Наймандар мекендейді [8, 4 б.]», - деп көрсеткен болатын. Зерт- теу экспедициясының жасаған ру-тайпалардың орналасу картасында қыпшақтар уездің солтүстігінде Ертіс өзенінің оң және сол жақ жағалауындағы жерлер- де орналасқан. Ал наймандар басқа рулардың арасында шашыранды түрде орналасқан, бірақ уездің барлық жерінде азды-көпті кездеседі деп топшылаған Ә.Бөкейхан.

Сонымен қатар Ә.Бөкейхан: «Павлодар уезінің басқа барлық территория- сында негізінен Арғындар мекендейді. Арғындардың ішінде - Мейрам, Басепті, Қанжығалы рулары және Уақ - Керейлер біркелкі территорияда бір - біріне жақын қоныстанған. Павлодар уезінің Ақбеттау және Далбын болыстары Сүйіндік Айдаболдың (Ташкентте өмір сүріп, сонда дүниеден өткен арғын тайпасы- нан шыққан) 7 ұлынан тараған ұрпақтарының қонысы», - деп, оны жергілікті халықтың аузынан жазып алған аңызға негіздейді. Аңыз бойынша Айдаболдың ең кенже ұлының немересі, күллі қазаққа танымалы Абылай ханға қызмет еткен (ша- мамен 1730 ж) Олжабай батыр болатын. Ол Баянауыл тауларында қалмақтармен соғысып, оларды жеңеді. Осы ерлігі мен батырлығы үшін хан Олжабайдың руына өңірдің ең шұрайлы Баян - ауыл және Далбын тауларын, Жасыбай көлін сыйға тартқан екен. Содан бері Олжабайдың руы осында көшіп - қонып жүреді екен [8, 4 б.] деп көрсеткен еді.

Ә.Бөкейхан сонымен бірге ру - тайпалардың қоныстануы жайлы Далбын болысының жазбаларын пайдаланып, ол бойынша мынадай мәліметтерді алады: «XVIII ғ. соңында Ереймен тауларындағы жайлауда Құлболды және Қанжығалы руларының арасында жайылым үшін қақтығыс орын алып, нәтижесінде Қанжығалы руынан 4 адам қаза табады. Айдабол руынан шыққан атақты Шон





би қаза болғандардың құнын өтеу үшін Ереймен тауларын Қанжығалы руына берілсін деген билік айтады. Осы уақыттан бастап бұл өңір Қанжығалылардың қонысына айналды. Қанжығалы руы бірнеше атаға бөлінеді: Абыз, Шомах, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары, Қарабұжыр, Қаратілес. Оларды Сары - Ажыбай немесе Ажыбай деп атайды. Аққөл және Шақшан болыстарын Қанжығалылар мекендейді [8, 135 б.].

**1). Шақшан болысы:**




**2). Аққөл болысында:**




Ә.Бөкейханның «ҚЖПМ» Павлодардағы ру-тайпалардың орналасуына қатысты мәліметтері өте жүйелі жазылған. Мәселен, ол жерсіз қалған Құлболдының шөберелері – Телембет, Наурыз, Ақыл, Сексен, Данияралар Түркістаннан Қызылтау тауларына орналасты. Мұнда Уақ, Керей, Қарауыл руларының бірлі - жарымы мекендейтін. Құлболдылар Айдабол руымен бірге Баянауыл, Далбын, Қызылтау өңірінде қыстап, жазда солтүстікте Көкшетау уезіне жақын маңда тұрақтайды, деп көшіп кеткен рулардың қайда орналасқандығын, қанша ағайынды екенін, қандай рулармен жақындығы бар екенін тәкпіштеп жазған.

Әлихан Нұрмұхаммедұлы зерттеген уезін әрбір болысы бойынша да рулардың орналасуын көрсетіп отырған. Мысалы, Атақозы болысы Орманшы руынан құралады. Олар Шу өзенінен 100-170 жыл бұрын XVIII ғ. I-жартысында Павлодар уезінің оңтүстігіне келіп қоныстанған. Бегендік руы да осы уақытта Қарамола болысына келіп тұрақтайды. Бегендік пен Сүйіндік рулары уездің оңтүстігіне

шоғырланған, деп болыстарда мекендеген рулардың қай өңірден, қанша жыл бұрын келгендігін анықтап жазған.

«ҚЖПМ»-да Ә.Н.Бөкейхан Ақсу болысын мекендеген Сырым руы туралы ешбір мәлімет жоқ [8, 8 б.], - делінген. Ал Бәсентиін руы Түркістаннан Ертіс жағалауы мен Маралды болысында қоныстанды. Басентиіннан тараған Самек, Баймбет, Күшік Ертіске 1800 ж келді. Маралды болысының қазақтары XIX ғ. басында жаз айларында емін - еркін Обь өзеніне дейін көшіп - қонып жүретін [8, 7 б.], - деп көрсеткен автор.

Автор одан әрі XVII ғ. соңында Павлодар уезінің Алтыбай және Алқакөл болыстарының жеріне Бәсентиіннің тармағы Апай рулары келіп қоныстанған. Бұл мәліметтердің негізінде Павлодар уезіне ең алғаш Сүйіндіктерден бұрын Бәсентиін рулары келіп қоныстанған. Сонымен бірге Алқакөл болысына Найманның Айдаболым мен Бозқозы рулары Басентиіндіктермен бір уақытта көшіп келген. Ал Ұрық болысында Бәсентиіндіктермен бірге Қыпшақтың Қосайдар руы қоныстанған, деп Павлодар уезіне ең алғашқылардың бірі болып қоныстанған руларды анықтайды. Бұл Ә.Бөкейханның қазақ руларының тарихын терең білгендігін көрсетеді.

Мәселен, автор Қызылағаш болысында Қыпшақтың Жолаба, Елетен рулары қоныстанған, деп ол рулардың тармақтары қайдан пайда болғандығын аңызға негіздеп ашып көрсетуге тырысады: «Ел аузында сақталған аңыз бойынша, Қыпшақтық Бұлтынған руы бір жорыққа бара жатып, жолда бір оралған нәрсені тауып алады. Ашып қараса кішкентай ұл бала екен. Олар балаға Жолаба деп ат қояды. Ал Елетен бір жорықта Қыпшақтарға көмектескен жігіт екен. Осылайша Жолаба мен Елетен руын Бұралқы - Қыпшақ деп атаған екен. Ол қисық қыпшақ деген мағынаны береді. Ел аузында «Елетен ел болмайды – ешкі қой болмайды» деген мақал бар екен дейді Ә.Бөкейханов «ҚЖПМ». Ал Павлодар уезінің Тереккөл болысына XVIII ғ. басында Уақтан – Абрай мен Әжікей рулары, одан 50 ж өткеннен кейін (1768 ж) осы өңірге Ақмола уезіндегі руластарымен араздасып Керей руынан Құдайберділер көшіп келіп қоныс тебеді, деп көрсетеді автор.

Қорыта келетін болсақ, Ә.Н.Бөкейханның топшылауы бойынша Павлодар уезінің жеріне XVII-XIX ғғ. аралығында оңтүстік пен батыстан қазақ рулары келіп қоныстанған. Олар:

1. Бәсентиін руы Түркістаннан келіп, Алтыбай, Ақсу, Алқакөл, Маралды болысын мекендеген, кейіннен Ертіске қарай ығысқан. Сүйіндік пен Бегендік рулары Павлодар уезінің оңтүстігіндегі таулы аймақтарға, атап айтсақ Аққелін, Ақбеттау, Баянауыл, Қызылтау, Атакөз, Қарамола болыстарының жерінде орналасты. Ал бұл рулармен бір уақтта Аққөл мен Шақшан болыстарына Қанжығалы руы келіп орналасты;

2. Батыстан Ертіс өзенінің жағалауына Қыпшақтар келіп қоныстанды. Олар Қызылағаш пен Ұрық болыстарында тұрақтады;

3. Керей руы Қызылағаш пен Теренкөл болыстарына орналасқан;

4. Уақ руы да Теренкөл болысында қоныстанған [8, 9 б.].

Сонымен қатар, Ә.Бөкейханов жер мәселесін реттеудегі экспедиция материалдарының маңыздылығын атап көрсеткенімен, оның қорытындыларымен толықтай келісе қоймаған. Ол патшалы Ресейдің көздеген мал шаруашылығы мен егіншіліктің бірден қатар дамуын емес, көшпелілердің отырықшылыққа бірте - бірте, ерікті түрде көшуін жақтады. Өйткені, ол жаңа жағдайға дағдыланбаған қазақ шаруашылықтарының күйзеліске ұшыратуға, «орыстандыру» саясатына, халықтың қасиетті саналатын құндылықтарын жаншып-таптауға қарсы болады.





Ф.Щербина зерттеуінен кейін жүргізілген қайта зерттеулерге қатысты Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде «Бұрынғы қазаққа Щербина нормасымен қалған жерді мінеп, неше қайтара кішірейтіп, шұнтитып, көшпелі қазаққа деп жаңа норма шығарды...»[9, 54 б.], - деп патша үкіметіне нала болған пікірін білдіреді.

Белгілі статист А.А.Кауфман Ә.Н.Бөкейхановтың экспедициядағы еңбегін ерекше жоғары атап өткен болатын [10, 57 б.]. Экспедициядағы Ә.Бөкейханның қызметін көптеген статистер жоғары бағалады. Мәселен, мұрағатта сақталған бір құжатта Әлихан Нұрмұхамедұлы 1903 ж Ф.Щербина экспедициясы аяқталғаннан кейін, осы қызметте тағы да 3 айға қалдырылғаны туралы мағлұмат сақталған. Онда 1905 ж 5 қаңтардағы Мемлекеттік мүлік департаментінен жолданған ресми хатта далалы облыстарды зерттеген экспедицияның 1904 ж 1 қаңтардан бастап жұмыс жасамайтындығы туралы айтылған. Хатта осы зерттеулердің тоқтауына байланысты оның мүшелері Ә.Бөкейханов пен П.Васильевтің арнайы тапсырмаға байланысты белгісіз мерзімге дейін қалдырылатындығы мәлімденген. Онда: «...то Департамент полагает справедливымъ оставить ихъ на работахъ на прежних условияхъ, т.е. за прежнее вознагражденіе, еще на два месяца, т.е. до 1-го Марта 1904 года», - деп, осы зерттеушілерге әлі де болса толығымен жарық көрмеген «ҚЖПМ» құрастыру жұмысын табыстауға бел байлады [11].

Әлихан Бөкейхан сонымен қатар қазақ қоғамының рулық - тайпалық құрамын зерттеп, шежіресін жазып, терең әрі обьективті қорытындылар жасап, рулардың қоныстанған елді-мекендерін картаға түсіреді. Осы мағлұматтар «ҚЖПМ» дерек көзінде жүйеленіп, жарияланған болатын. Бұл деректердің қазақ қоғамының ру - тайпалық құрылымын зерттеудегі құндылығы мен маңызы жоғары деп бағалауға негіз бар.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы. Бас ред. Р.Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 10-12 бб.
2. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Құрастырған т.ғ.к. М.Қойгелдиев. –Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. - 368.
3. Волкова Т.П. Материалы кбиографии Алихана Букейханова: (Казахский лидер – исследователь своей родословной). // Отан тарихы. – 1998. №1. 95-102 срт.
4. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы. Бас ред. Р.Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 10-12 бб.
5. Амрина М.С. Ә.Н.Бөкейхан еңбектеріндегі патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауы мәселесі.// ҚарМУ Хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы. – 2007. №3. – 36-42 стр.
6. Серекбаева Л.И. Деятельность А.Букейханова в экспедиций Ф.А.Щербины (1896-1903).// ҚарМУ Хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы. – 2007. №4. – 174-177 стр.
7. Мейірманова Г.А. Әлихан Бөкейханның Ф.А.Щербина экспедициясына қатысуы және уақытша үкімет тұсындағы жер мәселесіндегі қызметі.//ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2004. №2(33). – 60-62 бб.
8. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Под. ред. Ф.Щербина. Т.IV. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – Воронеж., 1903. – 662 с.; Т.VI. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. СПб., 1905. – 961 с.; Т.X. Семипалатинская область. Семипалатинский уезд. - СПб, 1909. – 795 с; Т.XI. Акмолинская область. Омский уезд. - Омск, 1902. – 270 с.;
9. Бөкейхан Ә.Жауап хат.//Қазақ 1913. № 24.// «Қазақ» газеті. – Алматы., 1998. – 560 б.
10. Кауфман А.А. Материалы по вопросу об организации работ по образованию переселенческих участков в степных областях. С.Петербург, 1897. (С. 149.) С. 3.
11. ҚР ОММ. №501 қор. 2 тізбе. 33а-іс. 12-парақ.

# Мәңгүрттік: тарих және бүгінгі күн

**Құралай БОЛЫСОВА,**
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аспиранты

«Адам боп оңай туғанмен, Адам боп қалу көп қиын»,- деп Қадыр Мырзалиев айтқандай, шынымен де «Адам» болып қалыптасу қиыннан-қиын құбылыс.

Адам мәселесінің ғаламат күші оның əруақытта өткен мен бүгіннің, шектілік пен шексіздіктің, даралық пен біртұтастықтың, бір сəттілік пен мəңгіліктің, өзгермелілік пен тұрақтылықтың, өткеніне сабақ бере отырып жаңа көзқарастар мен тың идеялардың ерекше синкретті бірлігі болып отыруында.

Ал, «мәңгүртте» бәрі керісінше. Мәңгүрт өзінің адамдық тегін еркін таны-майды, өткенін білмейді, өткенінің сабақтарын келешегінің игілігіне қолдана алмайды, сайып келгенде оның бойында кісілік нышанның қалмауы.

Негізінен «мәңгүрт» сөзі қарапайым қазақ халқының аузынан шыққан, көне заманнан келе жатқан сөз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде "мәңгүрт" ұғымына ақылы кем, есуас, жынды, меңіреу, мәңгіру деп синонимдер арқылы түсініктеме береді [1]. Ал ауыз әдебиет нұсқаларында өткенін ұмыту, мылқау, тегін білмейтін тұл, ақымақ мағынасында қолданылады.

"Мәңгүрт" ұғымының түбірі мәңгі (теряться, лишаться самообладания), мәңгіп қал-растеряться, мәңгі-сумасшедший немесе ол мәңгіп кетті - он стал сумасшедшим, мәңгіру-беспамятство, забытье, мәңгүрт (полоумный, безумный, ненормальный), мәңгу, мәңгиді, мәңгірту, мәңгірт деген сөздермен салалас [2].

«Мәңгүрт» ұғымы аңыздарға сүйенсек, ертеде қазақ пен қалмақ, қазақ пен түрікмен, қазақ пен шүршіт арасындағы жаугершілік заманнан бізге мәлім.

Жалпы, «мәңгүрт» ұғымын әлемдік руханиятқа, әдебиетке, қоғамдық ой-санаға енгізіп, адамзаттың түбіне жетпей қоймас рухани кеселдің атын бірінші болып атаған, адам осалдығының осы қатерлі кеселінің түбі жақсыға соқтырмасын көркем оймен алғаш кестелеген Әбіш Кекілбаев.

